

**ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР
ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ХАБАРШЫСЫ**

**ВЕСТНИК КАЗАХСКОГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
ЖЕНСКОГО ПЕДАГОГИЧЕСКОГО УНИВЕРСИТЕТА**

**BULLETIN OF THE KAZAKH STATE WOMEN'S
TEACHER TRAINING UNIVERSITY**

№3 (45) 2013

ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗДАР ПЕДАГОГИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ХАБАРШЫ
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

КАЗАХСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ ЖЕНСКИЙ ПЕДАГОГИЧЕСКИЙ
УНИВЕРСИТЕТ
ВЕСТНИК
НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ

KAZAKH STATE WOMEN'S TEACHER TRAINING UNIVERSITY
BULLETIN
SCIENTIFIC JOURNAL

№3 (45)

2006 жылдан бастап шығады, шығару жиілігі – жылына 6 рет

Қазақстан Республикасының Мәдениет және Ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінің мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) Ақпарат агенттіктерін есепке алу туралы №13965-Ж куәлігі бойынша тіркелген

Бас редактор

Нөкетаева Д.Ж. - п.ғ.к.

Бас редактордың орынбасары

Алиев Б.Ә. – ф.-м.ғ.д., профессор

Редакциялық алқа

Бакибаев А. - х.ғ.д., профессор (Ресей)

Абилев С. К. - б.ғ.д., профессор (Ресей)

Щепеткин И.А. - б.ғ.к., профессор (АҚШ Монтана университеті)

Бутин Б.М. - х.ғ.д., профессор

Сәтімбеков Р.С. - профессор

Құрманбаева М.С. - б.ғ.д., профессор м.а.

Дейв Чан – PhD Geotechnical Engineering, профессор (Канада, Альберта университеті).

Лазерев В.А. – п .ғ.д, профессор (Ресей, Центр современного образования и НМС по математике МО и Н РФ).

Обозов А.Дж. – техн.ғ.д., профессор (Қырғызстан, И.Раззаков атындағы Қырғыз мемлекеттік техникалық университеті).

Жамалов А. – техн.ғ.д., профессор

Құлбек М.Қ. – ф.-м.ғ.д., профессор (Абай атындағы ҚазҰПУ).

Баймахан Р.Б. – техн.ғ.д., профессор

Есқалиев М.Е.– техн.ғ.д., профессор

Роже Бастриос – PhD., профессор, гуманитарлық ғылымдар докторы (Франция)

Фарух Чолах – PhD., профессор (Түркия)

Семенов П.А. – ф.ғ.д. (Ресей)

Сүлейменова Ж.Н.– п.ғ.д., профессор

Қансейітова Ұ.Р. – п.ғ.к.

Әбді Уақап Қара – профессор, PhD (Түркия)

Ахмет Ташағыл – профессор, PhD (Түркия)

Махмудов Б. Л. – PhD (Абай атындағы ҚазҰПУ)

Сүлейменова Ж.Д. – PhD (Астана қаласы)

Смағұлова С.Ә. – т.ғ.д., профессор (Ш.Уәлиханов атындағы тарих және этнология институты)

Гогоберидзе А.Г. – п.ғ.д., профессор (Ресей)

Джуринский А.Н. – п.ғ.д., профессор (Ресей)

Артамонова Е.И. – п.ғ.д., профессор (Ресей)
Аймағамбетова Қ.А.–п.ғ.д., профессор
Бапаева М.К. – пс.ғ.к., доцент
Сұлтанова Р. – Азияттық музыка орталығының директоры (Кембридж университеті)
Бағдат Естемесұлы – музыка институтының профессоры (Қытай Халық Республикасы Шыңжаң педагогикалық университеті)
Құлманова Ш.Б. – п.ғ.д., профессор
Халитова И.Р. – п.ғ.д., (Абай атындағы ҚазҰПУ).

Редакциялық кеңес

Кішібаев Қ.О. - х.ғ.к.
Мырзахметова Н.О. - х.ғ.к., қауымдастырылған профессор м.а.
Мамырова К. Н. - п.ғ.к., доцент
Мухамединова Н. А. - п.ғ.к., доцент
Жексембиев Р.Қ. - б.ғ.к., доцент
Мырзалиев Ж. – ф.-м.ғ.д., профессор
Тұңғатарова Ә.Б.– ф.-м.ғ.д, профессор (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ).
Исаев С.Ә. – ф. - м.ғ.к, профессор
Мұқашов Қ.М. – ф.-м. ғ.д., профессор (Абай атындағы ҚазҰПУ).
Заурбеков Н.С. – техн.ғ.д., профессор (Алматы технологиялық Университеті).
Файзуллаев А.А. – п .ғ.д, қауым.профессор
Ершина А.Қ. – ф.-м.ғ.д., профессор
Салғараева Г.И. – техн.ғ.к., профессор
Сатбекова А.А. – п.ғ.д., профессор
Ержанова С.Б. – ф.ғ.д., профессор м.а.
Ермекова Т.Н. – ф.ғ.д., доцент
Базылова Б.Қ. – ф.ғ.к., доцент
Рысбаева Г.Қ. – ф.ғ.к., доцент
Нұрланбекова Е.Қ. – п.ғ.к.
Аширбекова Ж.Б. – т.ғ.к., доцент
Қожакеева Л.Т. – т.ғ.д., профессор
Иманбекова Б.И. – саяси ғ.д., доцент
Заманбеков Ш.З. – э.ғ.к., доцент
Баданов А.И. – э.ғ.к., доцент
Қайпбаева А.Т. – т.ғ.к.
Жиенбаева С.Н.–п.ғ.д., профессор
Шаталина В.В.-пс.ғ.к., доктор PhD, (Ресей)
Шерьязданова Х.Т. – п.ғ.д., профессор
Мұратбаева Г.А. – п.ғ.д., доцент
Абаева Г.А. – п.ғ.к., доцент
Бейсенова Ж.Ж.– пс.ғ.к., аға оқытушы
Өмірбаева Г.Ш. – п.ғ.к., доцент
Қоңыратбай Т.Ә. – ф.ғ.д., профессор
Бисембаева Б.Ә. – п.ғ.к., доцент (Астана қаласы)
Какимова Л.Ш. – п.ғ.к., доцент

Жауапты редактор-Сәндібаева Н.Ә. - п.ғ.к.

Редакторлар Ж.Қ. Қуанышева, С.Авдарсолқызы, Қ.Ж.Тұрсынбаева, Р.Т.Айтбаева, А.Текесбаева, М.А.Оразалиева.

Корректор Маханбетова С.Е. - магистр

© Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті
050000, Алматы қ., Әйтеке би көшесі, 99. Тел. 279-30-10, факс 233-18-35.

МАЗМҰНЫ – СОДЕРЖАНИЕ – TABLE OF CONTENTS

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ – ЕСТЕСТВОЗНАНИЕ – NATURAL SCIENCES

Карменова Н.Н., Сиқымбаева А.Б. Маңғыстау облысы өнеркәсіп салаларының даму кезеңдері	5
Тлеубергена К.А. Топонимы азиатских пустынь	8
Абильмажинова Д.З., Шыныбекова Г.С. Мыстың zea mays өсімдігінің Қазақстан 587 гибридінің өсуі мен биомасса жинақтауына әсері	12

ФИЗИКА, МАТЕМАТИКА, ИНФОРМАТИКА – PHYSICS, MATHEMATICS, COMPUTER SCIENCE

Спабек Ұ.Т., Сәндібаева Н.А. Сыныптан тыс жұмыстарын жандандыру арқылы мектеп оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру	17
Әлдібаева Т.Ә. Математика бойынша қолданбалы курсты оқытудан күтілетін нәтижелерді анықтау мәселелері	20
Сыдықов А.А., Бекназарова С.С. Екінші ретгі сызықты біртекті дифференциалдық тендеулерді коэффициенттерін зерттеу арқылы шешудің бір әдісі	24
Тауык А.Т., Жақашбаев Б.Ж. Задача коши для уравнения теплопроводности	24

ФИЛОЛОГИЯ– PHILOLOGY

Байнеш Ш.Б. Личностно-гуманичный подход при обучении иноязычному общению	28
Шамеева Ш.К. Жоғары оқу орындарында ағылшын тілін оқытуда ақпараттық-қатысымдық технологияны қолданудың шарттары	32
Тұрсынбаева Қ.Ж. Тіл – білімділіктің негізі	39
Турдалиева Э.Д. Использование инновационных технологии в обучении иностранному языку	42
Сарбасова Г.С. Психолого – педагогического сопровождения детей с особыми образовательными потребностями	47

ТАРИХ, ЭКОНОМИКА, ҚҰҚЫҚ– ИСТОРИЯ, ЭКОНОМИКА И ПРАВО HISTORY, ECONOMY AND LAW

Жылқышыбаева Қ.Қ. Абылай хан: өмірі, ішкі және сыртқы дипломатиялық саясаты және қолбасшы ретінде қалыптасуы	51
Қасымбекова М.А., Қоңырова А.М. Қыпшақтардың этногенезі мен этникалық тарихы	57
Абжаппарова Б.Ж. Шығыс елдерінің әлем тарихындағы алатын орны	61
Чаргынова Г.О. Қазақстанның мұрағат тарихына шолу	66

ПЕДАГОГИКА – ПСИХОЛОГИЯ, PEDAGOGY – PSYCHOLOGY

Жиенбаева С.Н. Жоғары оқу орындарында мектепке дейінгі ұйымға маман дайындаудың инновациялық бағыттары	71
Метербаева К.М. Нәзипа Құлжанова – мектепке дейінгі тәрбиенің негізін салушы қаламгер	75
Қатшыбекова Ж.Б. Сұлтанова Ұ. Зияты зақымдалған балалардың көру арқылы есте сақтауын салыстырмалы түрде зерттеу	79
Беккожаева Ж.Н. Информатика сабағында ақпараттық технологияны қолдану	83
Қиясова Б.А. Тарихи педагогикалық зерттеу әдістері	87
Мұратбаева Г.А., Қоңырбаева С.С., Бейсембаева К.Д. Болашақ педагог-психолог мамандардың эмпатиясының кәсіби сапа ретінде қарастырылуы	90

ӨНЕР ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ – ИСКУССТВО И КУЛЬТУРА-ART AND CULTURE

Бакирова Б.А. Қазақстан Республикасында инновациялық қызметті дамыту ерекшеліктері	96
Жақсыбекова Д.К. Қазақстандағы туризмнің тұрақты дамуы	101
Саурбаева Р. С. Жастар патриотизмін жаңа талаптарға сай қалыптастыру	105
Рамазанов С.Ж., Шешенханова Г.М. Қазақ фольклорындағы дәстүрлі әдет-ғұрыптар және дүниетаным мәселелері	109

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ – ЕСТЕСТВОЗНАНИЕ – NATURAL SCIENCES

ӘОЖ 373.167.1

**МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ ӨНЕРКӘСІП САЛАЛАРЫНЫҢ
ДАМУ КЕЗЕҢДЕРІ**

**Н.Н.Карменова, г.ғ.к., профессор,
А.Б.Сиқымбаева, 2 курс магистранты
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті)**

Аңдатпа: Мақалада Маңғыстау облысы өнеркәсіп салаларының даму кезеңдері, геологиялық құрылымы, геофизикалық, гидрогеологиялық және мұнай-газ өнімдерін пайдалану жолдары қарастырылды. Облыста өнеркәсіп саласының негізі ХІХ ғ-дың 50-жылдарынан бастап қалыптаса бастады. Ол кезде балық, маусымдық итбалық аулау кәсіпшілігі және олардың негізінде бірнеше шағын балық өңдеу, тұз өндіру цехтары болды. Балық аулауды жолға қою үшін Каспий теңізі жағалауында 10-нан астам елді мекендер салынды. Ал өнеркәсіптің нағыз дамуы, осы аймақтың жер қойнауынан мұнай, газ кен орындарының табылуынан (Оңтүстік-Маңғыстау мұнай-газ кен орны) және оны игеруден басталды.

Түйін сөздер: Өнеркәсіп, геология, геофизика, гидрогеология, мұнай, газ.

Маңғыстау жер қойнауын зерттеп, мұнай-газ байлықтарын ашуда жүргізілген қыруар жұмыстарды негізінен төрт кезеңге бөлуге болады [1].

1-кезең 1887-1949 ж. аралығындағы жалпы геологиялық зерттеулерді қамтиды. 1887ж. басшылығымен алғаш рет Маңғыстаудың геологиялық картасы жасалды. Кейінгі жылдары өлкенің стратиграфиялық сұлбасы мен тектоникалық құрылымдары анықталды. 1911ж. және 1926-1927ж. М.В.Бярунас Маңғыстау жерінің стратиграфиясы мен тектоникасын зерттеп, бұрынғы Андрусовтың ұсынған болжамдарын, сондай-ақ Қарасаз Тасбас және Қошақ антиклинальді құрылымдарын анықтады. Қарасаз-Тасбас алаңдарының мұнай белгілерінің барлығын байқады. 1926ж. В.Соколов Маңғыстауда мұнай көздерін іздестіру жұмыстарын жүргізу керектігі жөнінде пікір айтты. 1932 – 1933ж. С.И.Аликсейчик Қанға, Түбіжік, Мыңсуалмас (Маңсуалмас) алаңдарында зерттеу жүргізіп, олардың геологиялық картасын жасап, бұл жерлерде мұнай қорларының болу мүмкіндіктерінің жоғары екендігі туралы тоқтамға келді. 1933-1937 ж. Маңғыстау, Үстірт аймақтарына геофизикалық жұмыстары жүргізілді. Осы жасалған зерттеу жұмыстарының нәтижесінде Орталық Маңғыстауда ірі жер асты құрылымдардың барлығы анықталды. 1937-1940 ж. түбекті зерттеу ісін Бүкілодақтық ғылыми-зерттеу геологиялы барлау институты (БҒЗГБИ) қолға алды, зерттеу жұмыстарын Алексейчик, А.В. Фурсенко, Е.И.Соколова, Е.В.Мятлюк, т.б. ғылыми қызметкерлер жүргізді. Бұлар бұрынғы жасалған геологиялық зерттеу жұмыстарына тыңғылықты шолу жасап, түбектің стратиграфиялық түзілімдерін, тектоникасын, палеогеографиясын анықтап, түзілімдердің мұнайлылығы жөнінде ғылыми болжамдар айтты. Соғыстан кейінгі жылдары да Маңғыстау геологиясын зерттеу жұмыстары жедел жүргізіле бастады. 1946 ж. В.В.Мокринскийдің басшылығымен БҒЗГБИ-дің геологиялық экспедициясы соғыс кезінде уақытша тоқтатылған ізденіс жұмыстарын қайта жалғастырды. Сөйтіп, ол өзінің көп жылғы зерттеу еңбектерін қорытындылады. Қаратаудың геологиялық құрылымын, көмірлілігін, пермь, триас, юра, бор, т.б. жас шөгінділердің стратиграфиялық түзілімдерін, құрамдарын, тектоник, палеогеографиялық ерекшеліктері мен қасиеттерін талдады. 1947-1950 ж. БҒЗГБИ геологтары А.А. Савельев, Н.Ф. Кузнецова Солтүстік Ақтау жотасына геологиялық түсіру мен Бозащы түбегіне шолу жұмыстарын жасап, нәтижесінде Солтүстік Ақтауда бірнеше шағын құрылымдар бар екені анықталды [1].

2-кезең 1950-1957ж. қамтылып, арнайы геологиялық-геофизикалық зерттеу жұмыстарының кең көлемде жүргізілгенін көрсетеді. БҒЗГБИ экспедициясы Маңғыстауға орнығып, түбектің мұнай, газ іздестіру сияқты жұмыстардың ғылыми негізін (Б.Ф.Дьяков, Н.Н.Черепанов, Н.К.Трифонов, Д.С.Несвит, В.Г.Юров, А.И.Димаков, А.Б.Кочан т.б.) құрды. Зерттеу жұмыстарының барысында стратиграфия, литология, белгілі горизонттар, юра, бор және палеоген-неоген дәуіріндегі тау жыныстарының коллекторлық сипаттамалары анықталды. Маңғыстаудың геологиялық құрылысы, гидрогеологиясы, мұнай мен газдың геохимиясы, әр түрлі карталар тұрғызылды; геологиялық, тектоник, мұнай мен газдың перспективалық, т.б. арнаулы зерттеулері жүргізілді. Осы БҒЗГБИ-дің жүргізген ғылыми-зерттеулерінің қорытындысында Маңғыстаудың әрбір аймақтарына, аудандарына, құрылымдарына жеке-жеке геология-тектоникалық тұрғыдан баға берілді, белгілі құрылымдарға өндірістік тұрғыдан барлауға дайындау үшін іздестіру жұмыстарының нақтылы бағыттары анықталып, оны іс жүзінде асыру жұмыстары қаралды. Солтүстік Маңғыстау тектоникалық аймағында Қызан құрылымы табылып, барлау жұмыстарына дайындалды. Орталық Маңғыстауда барлау жұмыстарына Түбіжік және Құсайын құрылымдары ұсынылды, ал Оңтүстік Маңғыстауда Жетібай, Еспелісай құрылымдары белгіленді.

1951 жылдан бастап кең көлемде геологиялық барлау жұмысын «Қазақстанмұнай» бірлестігі (Н.А. Калининнің басшылығымен) жүргізе бастады. Маңғыстаудағы барлау жұмыстарының жоспары анықталды, бірлестіктің түбекте «Геологиялық іздестіру конторы» (ГК) құрылып Түбіжік, Бекі-Басқұдық алаңдарында геологиялық іздестіру жұмыстары, ал 1952 – 1956 ж. БҒЗГБИ сейсмикалық зерттеу жұмыстарын кең көлемде жүргізе бастады. Солтүстік Бозашының шығыс бөлігін Бекі-Басқұдық дөңінің батысында, Түбіжік, Құсайын, Қызан алаңдарында жүргізілген жұмыстар бұрыннан белгілі құрылымдарын растағаннан басқа тағы да жаңадан Жоласқан, Еспелісай, Жетібай, Жазбай сияқты құрылымдарды анықтауға мүмкіндік берді. Бұдан кейінгі жылдары (1956 – 58) сейсмикалық зерттеулердің барысында Оңтүстік Маңғыстаудың геологиялық жағынан нақтыланып (Песчаный мүйісінде) Қараудан, Қауынды, Өзен, Токпақ құрылымдары анықталды, сонымен қатар ірі Қарақия, Қауынды, Жазыгүрлі сияқты ойыстарының барлығы белгілі болды. Осы жылдары Маңғыстауда басқа да ғылыми мекемелер жұмыс істеді. КСРО ҒА-ның музей ғалымдары Қаратаудағы пермь, триас қабаттарын зерттесе, Бүкілодақтық аэрогеологиялық тресі (БАГТ) Маңғыстауда геологиялық түсіру жұмыстарын аяқтады. Ал «Қазақстанмұнайбарлау» тресінің геологиялық іздену конторы Қарасаз – Тасбас және Бекі – Басқұдық маңында геологиялық жұмыстарын жүргізді. БҒЗГБИ-дің ғалымдары Дьяков пен Черепановтар осы өлкеде өткізген көп жылғы ізденіс жұмыстарын жинақтап Маңғыстаудың тектоникасы мен мұнайлылығын және газдылығы туралы ғылыми қорытынды жасаудың нәтижесінде Оңтүстік Маңғыстау мен Бозашы түбегінің болашағы зор екенін дәлелдеді. Осы қорытындылар Маңғыстау геологиялық ізденістерінің және мұнайлылығы мен газдылығының ғылыми негізі болды да, болашақ мұнай мен газ барлау жұмыстарына жалпы бағыт көрсетті [2].

3-кезең 1957 – 1961 жылдарды қамтиды да, Маңғыстаудың мұнай мен газдылығын айқындағанын сипаттайды. Сол себептен БҒЗГБИ үш бағытта барлау жұмыстарын жүргізу керектігін ұсынды: Солтүстік Маңғыстау тектоникалық зонасында Қызан құрылымы, Орталық Маңғыстау тектоникалық зонасында Түбіжік пен Құсайын алаңдары және Оңтүстік Маңғыстау тектоникалық зонасы. 1957 ж. Форт-Шевченко қаласында «Маңғыстаумұнайгазбарлау» (ММГБ) тресі құрылып, ол БҒЗГБИ ғалымдарының ғылыми ұсыныстарын іс жүзінде байқау үшін Маңғыстауда терең бұрғылау жұмыстарын бастады. Осы жылы «ММГБ» тресі Жетібай алаңына таяз (структуралық) бұрғылау, ізденіс жұмысын қолданып сол жерде көтеріңкі құрылым барлығы дәлелденді. Дәл сондай жұмыс Өзен алаңында да жүргізіліп, жоғарғы бор қабаттарында құрылымның барлығын жете тексеріп және оларда өндірістік газ горизонттарының белгілері анықталды. Жасалған

жұмыстардың нәтижесінде 1959 ж. Жетібай мен Өзен құрылымдары терең бұрғылау арқылы мұнай-газ кен орындарын іздеу жұмыстарына толықтай дайындалды. 1959 ж. Жетібай алаңында терең бұрғылау жұмыстары басталды, ал 1961ж. 5 шілдеде №6 ұңғымадан 2400 м тереңдіктен мұнай фонтаны атқылады. Осы жылдың желтоқсан айында Өзен алаңында юра қабатынан мұнай көзі ашылды. Бұл осы аймақтың республикалық маңызы бар ірі мұнай-газ қоймасы екендігін әйгіледі. 4-кезең 1961 жылдан, яғни Оңтүстік Маңғыстауда жаңа мұнай көздерін барлау жұмыстарының кең көлемде жүргізілген кезінен басталады. 1964 жылға дейін барлау жұмыстары көбіне Жетібай, Өзен алаңдарында жүргізіліп, бұл кен орындарын өндірістік игеруге дайындады. Кейінгі жылдары терең бұрғылау, барлау жұмыстарының нәтижесінде Оңтүстік Маңғыстаудан Теңге (1964), Тасболат (1965), Қарамандыбас (1965), Шығыс Жетібай (1965), Доңға – Еспелісай (1969) мұнай-газ кен орындары, Қансу (1970), Ақсу – Кендірлі (1972), Оңтүстік Аламұрын газ кен орындары ашылды. 1973 жылдан бастап «ММГБ» тресі бұрғылау жұмыстарының басым көпшілігін Бозашы түбегіне бағыттады да Қаражанбас (1974), Солтүстік Бозашы (1975), Қаламқас (1976), Жалғызтөбе (1976), Арман (1979), Шығыс Қаратұрын (1979), Теңіздегі Қаратұрын (1980), т.б. кен орындары ашылып, өндірістік игеруге берілді. Соңғы жылдары «ММГБ» тресі Солтүстік Маңғыстаудан, Үстірттен және Оңтүстік Каспий маңы аймақтарынан мұнай-газ кендерін ашып, аудандарды барлау жұмыстары терең бұрғылау әдісімен жүргізілуде. Маңғыстау «қара алтынын» ашуға тікелей ат салысқан бір топ ғалымдар мен өндірістік қызметкерлер кезінде одақтық – Лениндік сыйлықтың лауреаты атағына ие болды. Олар: Ж.Досмұханбетов, Б.Дьяков, Ш.Есенов, Е.Иванов, Н.Имашев, Н.Калинин, Х.Махамбетов, В.Матвеев, В.Токарев, Н.Черепанов, Х.Өзбекғалиев. 1964 ж. Маңғыстаудың мұнай-газ қорын халық игілігіне пайдалану үшін Шевченко (қазіргі Ақтау) қаласында «Маңғышлақмұнай» бірлестігі құрылды (қазіргі «Маңғыстаумұнайгаз» өндірістік бірлестігі). Сол жылдардан бастап бірлестік Өзен – Жетібай тектоникалық сатысының алқабын терең барлау жұмыстарын, «Маңғыстаумұнай» бірлестігіне берілген Өзен барлау экспедициясымен (басшылары Д.Үсенов, С.Саркисов, Х.Махамбетов), 1966 жылдан жаңадан құрылған Жетібай бұрғылау конторының күштерімен жалғастырды. 1979 ж. Бозашыдағы мұнай кен орындарын өндірістік игеруге байланысты Жетібай бұрғылау басқармасы екі басқармаға бөлінді: Жетібай бұрғылау жұмыстары басқармасы және Маңғыстау барлау бұрғылау басқармасы. Осылардың біріншісіне Жетібай, Қаламқас, Қаражанбас мұнай кен орындарында пайдалану ұңғымаларын қазу міндеттелінсе, екіншісіне барлау ұңғымаларын қазу белгіленді. Терең бұрғылау жұмыстары алғашқы жылдары юра қабатына жүргізілсе, ал 70-жылдардың басынан бастап тереңде жатқан триас шөгінділерінде ізденіс жұмыстары басталды. Сол жылдары ашылған мұнай-газ кен орындары: Асар, Түрікменой, Оңтүстік Жетібай, Бектұрлы, Ақтас, Бұрмашы, Батыс Теңге, Ракуш, Тамды, Оймаша, Шынжыр, Солтүстік Қарақия, Солтүстік-батыс Жетібай, Каменистое, Сәрсенбай, Пионер, Шығыс Нармаул, Алатөбе, Солтүстік Придорожный, Солтүстік Қарамандыбас, Жарты, Махат, Шығыс Өзен, Оңтүстік-шығыс Бектұрлы, Сарытөбе, Айрантақыр, Батыс Ақтас, Ащыағар және Придорожное [3].

Пайдаланылған әдебиеттер

1. <http://kk.wikipedia.org>
2. Қондыбай С. Маңғыстау географиясы. Маңғыстау мен Үстірттің киелі орындары. Толық шығармалар жинағы, 3 том. – Алматы: Арыс. – 2008.
3. Қазақстанның мұнай энциклопедиясы. 2 томдық. – Алматы: Мұнайшы. Қоғамдық қоры. 2005.

Резюме

Промышленное производство Мангыстауской области

Н.Н.Карменова, к.г.н., профессор, А.Б.Сикымбаева, магистрант 2 курса

(г. Алматы, *Казахский государственный женский педагогический университет*)

В этой статье рассматриваются промышленное производство Мангыстауской области. Индустрии была основана в девятнадцатом веке, этот регион начал формироваться после 50 лет. В то время, рыб, тюленей и их пушины на основе нескольких небольших переработки рыбы, производства соли растений. Рыбалка для достижения более чем 10 населенных пунктов были построены на берегу Каспийского моря. И из глубины реального развития нефтяной промышленности, нефтяных и газовых месторождений региона обнаружения (Южно-Мангистауская месторождений нефти и газа) и начал развивать его.

Ключевые слова: промышленность, геология, геофизика, гидрогеология, нефть и газ.

Summary

Industrial production Mangistawskoy region

N.N.Karmenova, k.g.n., Professor, A.B.Sikimbaeva, 2nd year undergraduate

(*Almaty, the Kazakh state female pedagogical university*)

The article deals with the industrial productions of Mangystau area. Industry scene in devyatnadcatom century This region conception in formirovatsya after 50 years. Some time, fish tyuleny and their pwtini on bases more nebolşix refining ribi Spider proizvodstva plants. Ribalka Achievements for more than 10 naseleñnix point something epic postroeni beregw Kaspïyskogo altitude. And from glwbini Development realnogo petroleum industry, neftyaniх and gazovix mestorojdeniy region obnarwjeniya (South Western mestorojdeniy Oil and Gas) and conception in razvivat His.

Key words: Industry, geology, geophysics, hydrogeology, oil and gas.

УДК .91:373:372.8.

ТОПОНИМЫ АЗИАТСКИХ ПУСТЫНЬ

К.А.Тлеубергенова, к.п.н., доцент

(г. Алматы, *КазГосЖенПУ*)

Аннотация: В статье характеризуется значение топонимики и макротопонимов. Рассматриваются географические названия, на примере Азиатских пустынь, возникшие в конкретных исторических условиях, тесно связанное с общественной жизнью, климатом, природой и языками народов, которые населяли те местности.

Ключевые слова: географические названия, топонимы, лингвистика, макротопонимы, этимология, пустыни, полупустыни, песчано-галечные пустыни, такыры, солончаквая пустыня, глинистые такыры, корковые солончаки и др.

Изучением географических названий, выявлением их своеобразия, историей возникновения и анализом изначального значения слов, от которых они образованы занимается топонимика. Топонимика — одна из отраслей языкознания, или лингвистики. Однако сама специфика имен собственных подразумевает ряд ограничений в применении методов общего языкознания и некоторое их видоизменение, продиктованное характером ономастических исследований.

В трудах Э.М.Мурзаева осуществляется исключительно лингвистическое исследование географических названий. Они рассматриваются как слова, независимо от того, приняты ли они теперь или подверглись изменениям, поскольку они представляют интерес как определенные топонимические единицы, соотносящиеся с известными типами имен, а не только как слова, существующие сегодня.

Существует макротопонимы и микротопонимы. Названия мелких географических объектов, известность которых не выходит за пределы узкого круга живущих в одном месте людей, принято называть микротопонимами. Макротопонимы включают названия крупных физико-географических и политико-административных объектов. В него входят названия, систематизирующие особенности рельефа, группирующие то, что имеется в отдельных топонимических системах. Они связывают топонимические системы с геолого-географическими и физико-географическими состояниями местности, как Восточно-Европейская равнина, Западно-Сибирская равнина, Средне-Сибирское плоскогорье, Восточный Сибирь, горы Азии, Азиатские пустыни и др. Макротопонимы-это индивидуальные названия географических систем или специально выделяемых территорий.

Географические имена возникли в глубокой древности, создавая их, человек исходил из необходимости отличить одно место от другого, будь то река, озеро, гора, пустынь. Этимология географических названий, в том числе Азиатских пустынь говорят о характере заселения человеком территории, возникшие в конкретных исторических условиях, тесно связанное с климатом, природой, имеющие свои особенности. Азиатским пустыням относятся пустыни Западной и Центральной Азии.

Этимология пустынь Западной Азии. Западная часть Азии также известна под названием Передняя Азия. Она включает полуострова Малая Азия и Аравия, Армянское нагорье, Закавказье и Большой Кавказ, Месопотамскую низменность и Иранское нагорье. В пределах Западной Азии рассматривается Пустыни Гоби, Пустыни Арабского Халифата, Деште-Кевир, Деште-Лут, Регистан, Нефуд, Руб-эль-Хали [4].

Деште-Кевир (Большая Соляная пустыня) с персидского языка означает-солончаковая пустыня на Ближнем Востоке, в северной части Иранского нагорья в центре Ирана. Длина около 800км, ширина до 350км, площадь около 55 000 км². Пустыня тянется от южного склона Эльбурса на северо-запад, до солончака Дерьячейе-Немек, на западе к пустыне Деште-Лут. Состоит из ряда бессточных впадин (высота 600-800 м), занятых глинистыми такырами, корковыми солончаками, а на периферии-пересыхающими солёными болотами, озёрами и массивами песков [3].

Деште-Лут-песчано-солончаковая пустыня на Ближнем Востоке, в центральной части Иранского нагорья, на востоке Ирана. Длина около 550км, ширина от 100 до 200км. Значительные участки пустыни заняты такырами, а также солончаками, на юге пустыниобширные массивы песков. На юге, у восточного подножия хребта Кухбенан в пределах пустыни располагается бессточная солончаковая впадина Немекзар, в пониженной части которой во время разлива рек весной образуется мелководное озеро. Физическое выветривание создало многочисленные «столбы», «грибы» и т. п. формы рельефа.

Регистан-песчаная пустыня на Ближнем Востоке, в южной части Афганистана. Ограничена рекой Гильменд на севере и западе, горами Чагаи-на юге, Кветто-Пишинским плоскогорьем-на востоке. Представляет собой пологонаклонную равнину с широким развитием закрепленных песчаных гряд, подвижных барханов (высотой до 60 м) и др. Площадь около 40 000 км². Высота местности колеблется от 1500 метров на востоке, до 800 метров на западе. Климат субтропический, континентальный, сухой. Осадков около 100 мм в год (максимум-зимой и весной). Растительность редкая: полыни, эфемеры и эфемероиды. Пастбищное скотоводство: овцы, козы и верблюды. Население преимущественно кочевое (скотоводы). По долинам рек и у подножий гор встречаются редкие оазисы; русла наиболее крупных рек сопровождаются тугайной растительностью. По юго-западному краю пустыни проходит афгано-пакистанская граница.

Нефуд-общее название ряда песчаных пустынь на Аравийском полуострове. На языке арабов Аравийского полуострова нефуд-песчаная пустыня.

Руб-эль-Хали—пустыня на юго-востоке Аравийского полуострова, в Саудовской Аравии. Название на арабском языке означает «пустынная четверть» (руб-четыре, четверть) и отражает географическое положение этой пустыни: относительно довольно хорошо заселенного центра Аравийского полуострова эта пустыня находится в юго-восточной части.

Эль-Хаса—песчаная пустыня в Восточной провинции Саудовской Аравии, в северо-восточной части Аравийского полуострова. Расположена в низменности вдоль Персидского залива до полуострова Катар и пустыни Джафура.

Этимология пустынь Центральной Азии. К пустыням Центральной Азии относятся Гоби, Алашань, Дзосотын-Элисун, Курбантонгут, Такла-Макан, Бейшань.

Гоби – великая пустыня Центральной Азии. Как имя всей пустыни от Джунгарии и Алтая на западе до южных отрогов Хингана на востоке—образования книжное и сравнительное позднее. Этимология прозрачна. В основе топонима лежит монгольский термин говь, определяющий тип ландшафта. Гоби—«равнинная или увалистая пересеченная местность, покрытая редкой полупустынной или пустынной растительностью, с каменистой и засоленной почвой; характеризуется недостатком воды, имеющейся только в колодцах и редких ключах, отсутствием поверхностных вод, если не считать временных селевых потоков или уиров (монг. слово)». Может быть много гоби, так как местных жители называют при помощи этого термина отдельные участки пустынь: Бордзон – Гоби, Дабасун – Гоби, Номин – Гоби и др.

Термин *гоби* хорошо известен в Бурятии, где гоби, или губи, - «сухая степь со скудной травянистой растительностью на щебнистых, солончаковых почвах; холмистая степь. Урочище Алкучанский Говин и Восточном Забайкалье; урочище Сагаан–Гоби, т.е. Белая Гоби» (2). А в Западном Китае гоби тоже ландшафтный термин, обозначающий бесплодную, каменистую пустыню—хамаду. Пример с наименованием пустыни Гоби иллюстрирует закономерность переноса географического термина на собственное имя обширной ландшафтной области.

Цайдам – обширная солончаковая пустыня с песчанными массивами в Центральной Азии, в гигантской впадине между Куньлунем на юге и Алтынтагом и Наньшанем на севере. Название не одиноко: с Цайдам на берегу Гусинного озера в Бурятии; с Цайдаму в бассейне Сиялохэ во Внутренней Монголии; оз Бага –Цайдам – Малый Цайдам и Цайдамын – Нур – «озеро Цайдама» в Цайдамской пустыне; соленое оз. Цайдам в Монголии и Цайдамин – Барун – Ундур – потухший вулкан в Дариганге в Восточной Монголии. Это последнее название можно перевести: «Западная (правая) высота (гора) Цайдама». По топонимическую ареалу видно, что все названия с цайдам приурочены к монголоязычным областям Центральной Азии. И действительно, в монгольских языках цайдам – «солончак, мелкое соленое озеро, засоленная впадина». Это монгольское слово, возможно, заимствовано из тибетского языка, где слова цай + дам соответствуют «соль + грязь», т.е. соленая грязь, или, выражаясь географический, «топкий солончак». На этом примере видно, как нарицательный географический термин вошел в географическую номенклатуру в виде собственного названия, точно отражающего особенности устыни.[1].

Алашань— пустыня в Центральной Азии (Китай), составной регион пустыни Гоби («Алашанская Гоби»). Ограничена горами Наньшань на юго-западе, рекой Хуанхэ на юго-востоке; на севере, в районе монголо-китайской границы, переходит в Монгольскую Гоби. В её составе различают песчаные массивы Бадын-Джаран, Холалис, Тэнгэр и Уланпухо. *Дзосотын-Элисун*, также *Курбантонгут* или *Гурбантунгют* — вторая по величине пустыня Китайской Народной Республики. Занимает центральную часть Джунгарии. Площадь этой песчаной пустыни около 45 000 км². Приблизительно 38 000 км² занято полужакрепленными грядовыми и барханными песками, а остальная территория — песчано-галечными равнинами и такырами. Гряды в основном меридионального направления, высотой до 30 м (в северной части пустыни местами достигает до 100 м), с

крутыми восточными склонами и более пологими – западными. Эти склоны часто заросши полынью и саксаулом. Круглогодично используется как пастбища для овец и верблюдов [3].

Такла-Макан (заимствование из арабского языка: *такла* от *тарк* «оставлять, покидать» и уйгур. *макан* «обиталище», то есть «заброшенное, покинутое место») – пустыня на западе Китая в Синьцзян-Уйгурском автономном районе. Является одной из крупнейших песчаных пустынь мира. Длина с запада на восток – свыше 1000 км, ширина – до 400 км, площадь песков – свыше 300 тысяч км². Приводимый в популярной литературе оказывается произвольным переносом известного тюркского топонима Барсакельмес на пустыню Такла-Макан только потому, что она действительно труднодоступна и необитаема в центральной ее части.

Второе слово раскрывается просто: арабское *макан*, *мекан* – «место, местожительство, местообитание, дом» известно и во многих языках Южной и Средней Азии, в том числе в хинди, урду, пушту, персидском, таджикском и даже тюркских языках. В Таримской впадине есть село Арамакан – «среднее поселение», в Туркмении – село Мекан. В этой форме в Иране топоним повторяется много раз: Абмекан, Чермекан, Назмекан, Хореммекан, Дехмекан, Зехмекан и т.д.

Пришлось слышать полный перевод Такла-Макан – «местообитание мертвых», но так и не удалось найти доказательств такого объяснения. Сложно было с этимологией слова *такла*. Название Тохаристан (по этнониму *тохар*), что в китайской транскрипции дается Ту-хо-ло, с Такла. Близ Хотана есть небольшое село Токла. Древний город, посвященный этим путешественником, расположенный среди песков, местные жители называли также Такла-Маканом. Его развалины сохранились в виде тополевых столбов и бревен.

Бэйшань – нагорье в Центральной Азии, которой ландшафты преобладают каменистых пустынь. Находится в Китае, между впадиной озера Лобнор на западе и рекой Жошуй (Эдзин-Гол) на востоке. Состоит из ряда преимущественно низкогорных, сильно разрушенных выветриванием глыбовых массивов и хребтов. Площадь 175 тыс. кв. км. Климат умеренный, чрезвычайно сухой. Осадков 40—80 мм в год. Часты пыльные бури. Поверхностные воды практически отсутствуют.

Тар – пустынная и полупустынная равнина на Индостанском полуострове в междуречье Инда и Ганга, где преобладают песчаные гряды, солончаки такыры, соленые озерки. Происхождение имени этой пустыни связано, видимо, с характером плоского рельефа. В языке хинди есть несколько терминов для обозначения равнин: 1) *сам-тал прадеш* – дословно «гладкая, плоская, ровная провинция, округ, штат»; 2) *маэдан*, *мадан*, *майдан* – «равнина, долина, площадь», что перекликается с широко распространенным термином *майдан*, известном практически во всех странах Ближнего и Среднего Востока, в Северной Африке, в Юго-Восточной Европе, в Средней Азии, на Кавказе, Украине, в Поволжье и других районах СНГ; 3) *пата*, *патаган* – «равнина»; 4) наконец, в «Инструкции по передаче на картах географических названий с хинди» есть также термин *тар* – «равнина» нарицательное слово, как это обычно бывает, превратилось в собственное название пустыни в междуречье Инда и Ганга. Интересно вспомнить и производное *тараи* – «равнина, долина, береговая полоса, предгорье». Конечно, с этим термином легко можно сопоставить индийское *тераи* – «заболоченные равнины на север от Ганга, у подножия Гималаев, покрытые влажными тропическими лесами или болотным высокотравьем» [5].

Каракум, Каракумы – самая песчаная пустыня в Средней Азии и СНГ. Как будто в этом названии все ясно: *каракум*, туркменское *гарагум* – «черный песок». Однако об этом топониме уже существует противоречивая литература. Туркмены так называют песок, закрепленный разнообразной растительностью, в отличие от барханных подвижных песков *аккум* – «белых, чистых песков», лишенных растительности. В топониме пустыни,

так же как в названии Гоби, лежит ландшафтный термин *каракум* – «неподвижный, закрепленный растительностью песок». Поэтому не следует это тюркское имя переводить «черные или мрачные, злые пески [1].

Список литературы

1. Мурзаев Э. География в названиях. – М., 1982.
2. Мельхеев М.Н. Географические имена. – М. – 1996..
3. Поспелов Е.М. Топонимика в школьной географии. – М. – 1983.
4. Власова Т.В. Физическая география частей света. – М. – 1966.

Түйіндеме

Азия шөлдерінің қалыптасу жолдары

К.А.Тлеубергенова, к.п.н., доцент

(Алматы қ., ҚазМемҚызПУ)

Бұл мақалада Азия шөлдерінің қалыптасу жолдары қарастырылады. Біз географиялық атаулар, Азия шөл мысалында, нақты тарихи жағдайларға байланысты туындайтын, әлеуметтік өмірде, климат, табиғат және сол аумақтарды мекендеген халықтарының тілдерінде тығыз байланысты деп санайды.

Түйін сөздер: орын атаулары, орны атаулары, лингвистика, этимология, шөл, шөлейт, шөл құм және малтатас, тақыр, тұзды шөл, саз, сортаңға және басқа да қыртыстық тақыры.

Summary

How the formation of the Asian deserts

The article deals with the ways of formation of Asian deserts. We geographic names, for example, the Asian desert, arising from the specific historical circumstances and social life, climate, nature and the people living in those areas considered to be closely related languages.

Keywords: place names, place names, linguistics, etymology, desert and semi-desert, desert sand and pebbles from scratch, and the desert of salt, clay, salt marshes and other cortical takyrs.

ӘОЖ 502.1(574);581.524

МЫСТЫҢ ZEA MAYS ӨСІМДІГІНІҢ ҚАЗАҚСТАН 587 ГИБРИДІНІҢ ӨСУІ МЕН БИОМАССА ЖИНАҚТАУЫНА ӘСЕРІ

Д.З.Абильмажинова, магистр, оқытушы,

Г.С.Шыныбекова, магистр, оқытушы

(Алматы қ., Қазмемқызпу)

Аңдатпа: Мақалада мыстың Zea Mays өсімдігінің Қазақстан 587 гибридінің өсуі мен биомасса жинақтауына әсері жайлы айтылған. Қоршаған ортаға таралған барлық зиянды қалдықтар түптің түбінде топырақты ластаушы болып табылады. Мұндай зиянды заттарға күнделікті тұрмыстық қалдықтардан бастап үлкен өндіріс орындарынан шығарылатын барлық қалдық түрлері кіреді. Өндіріс орындарынан шығарылатын газды және аэрозольды қалдықтар атмосферадағы су буымен қосылып және оттегімен тотыға отырып қышқыл жауын ретінде топыраққа түседі. Ондай газдардың ең үлкен үлесі күкірт пен азот оксидтері болып табылады.

Түйін сөздер: пестицид, концентрация, ауыр металдар, гибрид, биомасса, антропоген.

XXI ғасырдың басында ғылым мен техниканың дамуы өндіріс орындарының жедел өсуіне ықпал етті. Осыған орай алғаш рет қоршаған ортаға химиялық элементтердің түсуі мен таралуы және олардың тірі ағзаларға әсерін жүйелі түрде зерттеу өзекті мәселелер қатарынан орын алды [1].

Шаң мен қатты қалдық ретінде шығарылатын заттарды кейде көзбен көру де қиын емес. Мысалы, қыстың күндері өндіріс орындарының маңында ақ қардың бетінен қара түйіршіктермен ластануы жиі байқалады және сонымен қатар, үлкен жолдың маңында да дәл осындай көріністерді аңғаруға болады. Әсіресе, жазда өсімдік жамылғысының жапырағында шаң мен қатты аэрозоль түрінде қонған лас заттар усьтица арқылы өсімдіктерге сіңіріледі. Ал, күзде өсімдік қурағанда барлық лас заттар кері топыраққа араласады. Осындай жолдармен ластанған жердің литосфера қабаты қазіргі кезде ғалымдарды алаңдатып отыр. Себебі, әртүрлі жолдармен түскен улы заттар қоректік тізбек арқылы адам денсаулығына кері әсерін тигізеді [1.2].

Қазіргі кезде осындай техногенді ластанған аудандарда әртүрлі аурулардың пайда болуы мен қозуы жиі байқалады. Ғылыми деректерге сай, трофикалық байланыстар арқылы адам ағзасы тағам өнімдерінен 40-50%, судан 20-40%, ауадан 20-40% улы заттарды қабылдайды [3].

Ластанған қоршаған ортаны қалпына келтірудің физикалық, химиялық және биологиялық жолдары белгілі. Олардың ішінде физикалық немесе химиялық жолмен тазарту өте тиімсіз. Жоғарыда келтірілген әдістердің ішінде ең тиімдісі – биологиялық әдіс. Әсіресе, ластанған ортаны өсімдіктер көмегімен қайта қалпына келтіру жолдарын жасау соңғы жылдары аса қарқынды дамуда [5].

Ауыр металдар ағын суларда, металл өндіруші өндірістің маңайында топырақта, тастанды қазба орындарында, қалалық қоқыс тастайтын жерлерде және тұрып қалған су қоймаларында көп мөлшерде кездесіп, қоршаған ортаны ластайды. Қазақстанның егін шаруашылығы мен жайылым жерлерінің үлкен көлемі ауыр металдармен ластанған [4].

Өндіріс орындарынан бөлінген экотоксиканттар метеорологиялық фактордың әсерінен атмосферада, суда және топырақта кең таралып, тірі организмдердің тіршілік әрекетіне кері әсер етуде. Зиянды қалдық заттардың қоршаған ортаға түсуін, жиналуы мен миграциясын зерттеу олардың тірі организмдеріне әсерін дұрыс бағалауға мүмкіндік береді. Қазіргі кезде барлық табиғи орталарда бақыланып отырған ластаушы химиялық заттардың негізгілерінің бірі ауыр металдар. Бұл бір жағынан металдардың биологиялық активтілігіне байланысты. Сонымен қатар, олар органикалық қосылыстар сияқты өзгеріске ұшырамайды (трансформацияланбайды), биохимиялық айналымға түскенде ұзақ сақталады [5].

Ауыр металдардың топырақта көп мөлшерде болуы оларға сезімтал түрлерінің жойылуына және белгілі бір аймақтағы өсімдіктердің азайып кетуіне әкеледі. Ауыр өндіріс орындарының дамуына байланысты табиғатта «техногенді аймақтар» пайда болады.

Қазіргі кезде дүние жүзі ғалымдарының басты мәселелерінің бірі – пестицидтерден кейін ауыр металдардың тірі ағзаларға улы әсерін әлсірету болып табылады. Ауыр металдардың қоршаған ортаға таралуы тек табиғи жағдайда ғана емес, сонымен қатар антропогенді жолмен де қарқынды түрде жүзеге асуда. Олардың қатарына өндіріс қалдықтары, тау-кен өндірісі, транспорт, қара және түсті металл өндіру, құрамында ауыр металл кездесетін тыңайтқыштарды ретсіз пайдалану, жылу-электр орталықтарын (ЖЭО) жатқызуға болады [4].

Ауыр металдармен ауаның, судың, топырақтың ластануы Қазақстанның ірі өндіріс орталықтарында да экологиялық өзекті мәселе болып саналады. Мысалы, Семей қаласының өндірістік орындарына жақын маңындағы топырақ құрамындағы кейбір ауыр

металл концентрациялары қалыпты жағдайдағы топырақпен салыстырғанда мырыш – 7,4, қорғасын – 9,9, мыс – 3,8, кадмий – 13,3, марганец – 1,3, кобальт – 2-3,5 есеге дейін жоғарылаған [5].

Біздің зерттеуіміздің мақсаты Қазақстанда кең таралған жүгері гибридінің өсуі мен биомасса жинақтауына мыстың әсерін анықтау.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу объектісі ретінде жүгері өсімдігінің Қазақстан 587 гибридінің дәндері алынды. Ауыр металл ретінде мыстың (Cu) әртүрлі (25мг/л, 50мг/л, 100мг/л) концентрациялары алынды. Зерттеу 4 вариант бойынша ылғалды ортада жүргізілді. 1 бақылау варианты, 2 вариант - 25мг/л Cu ионы, 3 вариант – 50 мг/л Cu ионы, 4 вариант – 100 мг/л Cu ионына есептелген күкірт қышқылының тұзы алынды. Әр вариант үш қайталаумен жүргізілді.

Зерттеуге алынған өсімдік дәндерін өндіруге қоймас бұрын, толық қалыптасқан біркелкі дәндерді іріктеп алып 5-6 қайтара қара сабынмен сумен жуып, 16% сутек асқын тотық ерітіндісінде 15 минут өңдеп, одан кейін тағы да бірнеше қайтара дистильденген сумен жуып, залалсыздандырамыз. Тұқымдар 3 күнге өндіруге қойылып, өнгеннен кейін тәжірибе ауыр металсыз бақылау варианты және мыс пен кадмийдің 25мг/л, 50мг/л, 100мг/л концентрациялары бойынша варианттар алынды. Тәжірибе 7 күнге созылды. 7 күндік жүгері гибридінің тамыр және сабақ өскіндерінің ұзындықтары сызғышпен, жеке мүшелерінің биомасса жинауы электронды таразыда өлшенді.


Зерттеу нәтижелері. Көптеген зерттеушілердің мәліметтері бойынша ауыр металдардың әсерінен тамырдың өсуі сабаққа қарағанда көбірек тежеледі, тамыр түктерінің саны мен құрғақ биомасса жинауы азаяды. Ауыр металдардың әсерінен алдымен меристема аймағы, содан кейін тамыр түктерінің түзілуі жүретін созылу аймағының клеткаларында күрделі өзгерістер орын алады. Өсу корреляциясы бұзылып, апикальды өсуі мен латеральды өсу үйлесімділігі жойылады. Соның салдарынан тармақталуы, бойлай өсуі тежеліп қысқа жуан тамырлар түзіледі. Нәтижесінде өсімдік тамырының жалпы және адсорбциялағыш бетінің көлемі кішірейеді, осыдан барып өсімдік біртіндеп тіршілігін тоқтатады. Тамырдың қоректік заттарды сіңіру қабілетінің төмендеуі бара-бара өсімдіктің өсуін, дамуын тежеп тіршілігін тоқтатуға дейін әкеледі [3].

Келтірілген мәліметтерді ескере отырып ауыр металл мыстың әр түрлі концентрацияларының Zea Mays өсімдіктердің құрғақ биомасса жинақтауына әсерін қарастырайық. 7 күндік жүгері өсімдігінің жеке мүшелер зерттеу барысында 1 бақылау варианты бойынша сабақтың ұзындығы (7,05 ±0,091 см), ал тамырының ұзындығы (1,85 ±0,084 см) болды. 2 вариант (25мг/л Cu) бойынша сабақтың ұзындығы (6,25 ±0,043 см) және тамыр өскіні (1,8 ±0,055 см) бақылау вариантымен салыстырғанда біршама қысқа. 3 вариант (50мг/л Cu) бойынша тамыры (1,52 ±0,076 см), сабағының ұзындығы (6,02 ±0,043 см). 4 вариант (100мг/л Cu) бойынша байқағанымыз сабағы (5,78±0,02 см) 3 вариантпен салыстырғанда сәл қысқалау және тамыр өскіні (1,46 ±0,084 см) (1- кесте және 1- диаграммада мыстың 7 күндік жүгері өсімдігінің Қазақстан 587 гибридінің өсуі мен биомасса жинақтауына әсері айтылған).

1-кесте

Тәжірибе варианттары	Тамырдың ұзындығы		1 өсімдік тамырының құрғақ салмағы		Сабақтың ұзындығы		1 өсімдік сабағының құрғақ салмағы	
	мг/л	см	мг	%	см	%	мг	%
бақылау		1,85±0,084	2,06	100	7,05±0,091	100	9,17	100
25		1,8±0,055	2	97,1	6,25±0,035	88,7	7,6	87,9
50		1,52±0,076	1,93	93,7	6,02±0,043	85,4	6,04	65,7
100		1,46±0,013	1,8	87,4	5,78±0,02	82	5,02	54,5

1-диаграмма



Неғұрлым мыстың концентрациясын арттырған сайын, соғұрлым өсімдік тамыры көптеген өзгеріске ұшырайды. Біріншіден, өсімдік мүшелерінің өсуі мен биомасса жинақтауына кері әсерін тигізетіндігі зерттеу барысында анықталды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Добров О.П. Техногенез-мощная геохимическая сила биосферы // Природа. - №11 – С.87-92.
2. Панин М.С. Формы соединенных тяжелых металлов в почвах средней полосы Восточного Казахстана. - Семипалатинск: Государственный университет Семипалатинска. – 1999. – 329 с.
3. Рудакова Э.И., Каракас К.Д., Сидоршина Т.Н. и др. Микроэлементы: поступление, транспорт и физиологические функции в растениях. – Киев: Наукова. Думка, 1987. – С.184.
4. Ягодин Б.А., Говорина В.А., Виноградова С.В и др. Накопления кадмия и свинца некоторыми с-х культурами на дерново-подзолистых почвах разной степени окультуренности // Известия ТСХА. 1985. – №2. – С.85-86.
5. Анталова С. и др. Исследование поведения кадмия в системе «почва-растение» в полевых экспериментах // Поведение паллудантов в почвах и ландшафтах. Пушкино. – 1990. – С.90-96.

Резюме

Результаты исследования и влияния процесса накопления меди на рост растения *Zea Mays* гибрида Казахстанская 587 и их сухую биомассу

Д.З.Абильмажинова, магистр, преподаватель, Г.С.Шыныбекова, магистр, преподаватель,
(г.Алматы, КазГосЖенПУ)

В статье приведены результаты исследования и влияния процесса накопления меди на рост растения *Zea Mays* гибрида *Казахстанская 587*, а также на их сухую биомассу. Рост статьи 587 *Zea Mays* гибридную меди и относятся к эффекту завершения биомассы. В конечном счете, самым распространенным из всех опасных отходов в окружающую среду загрязняющих почву. Такие крупные бытовые отходы от производства вредных веществ производятся все виды отходов. Производство выбросов газов и аэрозолей в атмосфере с парами воды и кислородом окисляет почву в виде кислотных дождей. Наибольший удельный вес газов, таких как оксиды серы и азота.

Ключевые слова: пестициды, концентрация тяжелых металлов, гибрид, биомасса, и человеком.

Summary

The research results and the impact of the process of accumulation of copper in the growth of the plant Zea Mays 587 hybrid Kazakhstan and dry biomass

D.Z.Abilmazhinova, *master, teacher*, **G.S.Shynybekova**, *master, teacher*,

(Almaty, KazGosZhenPU)

The article deals with the research results and the influence of the accumulation of copper in the growth of the plant Zea Mays hybrid Kazakhstan 587, as well as their dry biomass. Growth of Article 587 Zea Mays Plant hybrid copper and relate to the effect of the completion of the biomass. Ultimately, the most common of all hazardous waste in the environment polluting the soil. Such large household waste from the production of harmful substances produced all kinds of waste. Production of gases and aerosols in the atmosphere with water vapor and oxygen oxidizes the soil in the form of acid rain. The greatest relative weight gases, such as sulfur and nitrogen oxides.

Keywords: pesticides, heavy metal concentration, hybrid, biomass, and man.

**ФИЗИКА, МАТЕМАТИКА, ИНФОРМАТИКА –
PHYSICS, MATHEMATICS, COMPUTER SCIENCE**

ӘОЖ 37.026.9:371.212:371.385.3

**СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫСТАРЫН ЖАНДАНДЫРУ АРҚЫЛЫ МЕКТЕП
ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Н.А.Сәндібаева, п.ғ.к., доцент м.а.
Ұ.Т.Спабек, 4 курс студенті,
(Алматы қ., Қазмемқызту)

Аңдатпа: Берілген мақалада қарастырылып отырған ғылыми-зерттеу жұмысы жалпы білім беретін мектептерде физика пәнін оқыту барысында оқушылардың пәнге қызығушылығын туғыза отырып, негізгі міндеттер арқылы дамыту мақсатында жүргізілді. Зерттеу барысындағы нәтижелер сыныптан тыс жұмыстар арқылы қарастырылды. Зерттеу жұмысының негізгі бағыттарына сәйкес қосымша ақпараттар жинақталуда.

Түйін сөздер: практика, физикалық құбылыстар мен заңдар, шығармашылық конструкторлық, демонстрация, теориялық білім.

Сыныптан тыс жұмыс қазіргі жеке тұлғаны қалыптастыру және тәрбиелеуде, білім берудің приоритетін түбегейлі өзгертуде, яғни бұрынғыша оқушыны пәндік білім, біліктердің белгілі бір жиынтығымен қаруландыруды түбегейлі өзгертуде. Оқушының жалпы және психикалық дамуының жеткілікті деңгейіне қол жеткізуде сыныптан тыс жұмыстардың орны ерекше. Сондықтан сыныптан тыс жұмыс ұйымдастыру мәселесін көптеген педагогтар кең көлемде зерттеген.

Оқушының өз бетінше ізденіп оқуын жетілдіріп отыру бағытында Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, В.В.Давыдов, Л.В.Занков, А.Байтұрсынов, Н.А.Менчинская, А.А.Люблинская, т.б. ғалымдардың еңбектері бар. Осы еңбектерге талдау жасай отырып, қысқаша түсінік берсек:

Л.В.Занков өз зерттеулерінде оқытудағы сыныптан тыс жұмыстың жетекші ролін көрсетеді. Ақыл – ой қызметінің көрсеткіші сыныптан тыс жұмысты істеуді іске асырады: байқампаздық, өз ойын еркін жеткізе білуі, практикалық іс - әрекеттер атқара білу қабілетінің артатынын көрсетеді. Ал А.Байтұрсынов бала білімді тәжірибе арқылы өздігінен алуы керек деген пікірге сүйенеді. Г.Лемберг сыныптан тыс жұмысты ұйымдастыру шарттарына тоқталған. Олар:

- нақты тапсырма беру;
- тапсырманы орындау, аяқтау уақытын белгілеу;
- мұғалім басқаруы мен оқушының дербестігінің байланысы;
- жұмысты өз еркімен, қалауымен істеуі – деп атап көрсетті.

Жалпы білім беретін мектеп оқушылары физика пәнінен меңгерген білім-білік дағдыларын танымдық іс-әрекеттері арқылы есеп шығара отырып, өздігінен білім алуға және кәсіби бейімделуін қалыптастыра отырып, олардың ақыл-ойының физикалық стилін дамытуда сыныптан тыс жұмыстарының берері мол [1, 2]. Ұсынылып отырған сыныптан тыс жұмыстары физика пәнінен білімнің мемлекеттік стандартының талаптарына сай болуын міндеттейді:

- оқушылардың жас ерекшеліктері, қабылдау және мүмкіндік өрісіне сай;
- физика пәнін қайталамайды, бірақ тақырыптары бойынша сабақтаса дамуды қамтамасыз етеді, сол арқылы білімді толықтыру және кеңейтуді көздейді;
- басқа оқу пәндерімен пәнаралық байланыстарды ескереді;
- қазіргі таңдағы жаңа технологиямен жаңа дерек көздерін қолдану

Сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастырудағы мақсатымыз - білім-білік дағдысын қалыптастыра отырып, оқытушылардың техникаға қызығушылығын арттыру, танымдық көзқарасын жан-жақты дамыта отырып, қолдан құрал-жабдықтар жасап үйрену, болашақта ғылыми жобаларды қорғауға дайындау.

Бұдан туындайтын міндеттер:

- физика пәнінің барлық кезеңде қажет және қоршаған ортаны танып білуге көмектесетін ғылым екендігі туралы түсініктерінің қалыптасуына әсер ету;

- баланың өмір тіршілігіне және ары қарай оқуын жалғастыру үшін қажетті білім-білік дағдыларын қалыптастыру;

- баланың ақыл-ойының дамуына, белсенділігінің қалыптасуына септігін тигізу.

Оқушының білім-білік дағдыларына қойылатын негізгі талаптар:

- берілген тапсырмаларды тиянақты әрі уақтылы орындау;

- топпен жұмыс істеу арқылы пікірлесіп жауап табу;

- тынымсыз іздене отырып, өз ойын еркін айту, оны дәлелдеп қорғай білу;

- ауызша тез есептеу дағдыларын қалыптастыру;

- салыстыру қорытынды жасау дағдыларын қалыптастыру.

Сабақтан тыс жұмыстарда техникалық шығармашылық үлкен орын алады. Оқушылардың техникалық үйірмелердің барлық түрлерін шартты түрде қарастыралық:

1. Жалпы техникалық дайындық «Шебер қолдар» техникалық модельдеу.

2. Шығармашылық конструкторлық.

3. Жалпы техникалық немесе ауыл шаруашылық техникасы.

4. Пәндік (ғылыми-техникалық): физикалық, физика-техникалық, химиялық, агрохимиялық, астрономиялық.

5. Өндірістік (пәндік): ағаш ұстасы, слесарлық, токарлық.

Сыныптан тыс жұмыстардың бағдарлама тақырыптары физика оқулығындағы тақырыптарға сәйкес құрастырылғанымен жүргізілген жұмыс формасы басқаша ұйымдастырылған. Бағдарлама материалдарының мазмұны сабақ өтілетін сыныптың жағдайына қарай топтастырылады. Оқушылардың физикалық білім - білік дағдыларының жетілуін, дамуын тексеру мақсатында әр тоқсан соңына қарай тест тапсырмалары мен практикалық мазмұнды есептер беріледі. Ол тапсырмалар алынған соң тексеріліп, оқушылардың даму деңгейі әр кезеңде анықталынады. Әр сабақтың сапасы, тиімділігі оның мақсаты мен мазмұнының сәйкестігі бойынша анықталады. Сабақ барысында мұғалім мен оқушының іс-әрекеттері белгілі бір нәтижеге жетуге бағытталуы тиіс. Оған әрбір ұстаздың теориялық және практикалық білім деңгейі, шеберлігі шығармашылық ізденісі, әдіс-тәсілдерді іріктеуі және қолдануы, яғни мұғалімнің сабақты дұрыс ұйымдастыруы арқылы қол жеткізуге болады.

Сонымен бірге физикадан ғылыми-көпшілік кештер сыныптан тыс жұмыстардың тартымды да пайдалы түрі. Бұл кеш оқушылардың физика мен техникаға еліктеуінің бастамасы болады.

Кештердің түрлері бұл мектеп оқушылары үшін сыныптан тыс жұмыстардың тәжірибесінен үлкен қолдау тапқан кештер - қызықты физика, физика-техникалық кештер, тақырыптық және мерекелік күндерге арналған кештер болады.

Қызықты физика кеші ерекше орын алады. Әсіресе 7-8 сынып оқушыларының қиялын баурап әкететін ғажайып құбылыстар әуестендіреді. Оқушылармен жүргізілген жұмыс түрінің әртүрлілігі физика кешінің табысты болуының қажетті шарты. Дәстүрлі қызықты тәжірибелер, аттракциондар, викториналар, сөзжұмбақтар, ойындардан өзге де жұмыс түрлері оқушылардың қызығушылығын тудырады, мысалы қысқа ғана қызықты физикалық әңгіме - жұмбақтар: физикалық қатесі бар әңгімелер; кішігірім қызықты пьесалар, сұрақтармен берілген жұмбақ суреттер және т.б.

Кештің мақсаты - физикалық құбылыстар мен заңдар кейде күтпеген жағдайдың өзінде-ақ анықталып, демонстрацияланатынын айтып, физикалық құбылыстарды бақылау

және әсерлі деген тәжірибелерді өз бетінше істеуге мүмкіндік беріп отыру, олардың ынта-ықыласын арттыру.

Белгілі бір тақырыпқа негізделген кештің жоспарын жасап алу керек:

- Жүргізушінің кіріспе сөзі.
- Қарастырылатын тақырыпқа қатысты қысқа әңгіме.
- Кеш тақырыбына байланысты тәжірибелер.
- Ұлы физиктер өмірінен әңгіме (кешке сәйкес).
- Сурет-жұмбақ, сөзжұмбақ, ребус, викторина, т.б.
- Қорытынды (оқушыларды бағалау - марапаттау).

Физика-техникалық кештерді техниканың қызықты мәселелеріне, техника тарихына, физика мен техниканың жеке салаларының даму келешегіне арнайды.

Кеш тақырыбына орай 3-4 оқушы қысқа баяндама жасайды. Техникалық құрылғылардың жұмыс істейтін моделі, колдан жасалған құралдар, фильмдер көрсетіледі. Осыған орай, жоспарлағанда теориялық білімді жетілдіруге арналған сағат саны мен практикалық мазмұнға арналған сағат саны көрсетіледі [3, 4].

Пайдаланылған әдебиеттер

1. ҚР Жалпы білімнің мемлекеттік стандарты.
2. «Физика және астрономия» журналдары.
3. Ершина А.Қ., Сәндібаева Н.А. «Оқу экспериментін ұйымдастыру және зертханалық жұмыстар». – Алматы. – 2010.
4. Сәндібаева Н.А. Мектепте оқу экспериментін жүргізу әдістемесі. – Алматы. – 2010.

Резюме

Внеклассная работа одна из важных направлений в преподавании физики

У.Т.Спабек, студент 4 курса, Н.А.Сандибаева, к.п.н., и.о.доцента
(г.Алматы, КазГосЖенПУ)

В настоящее время для разработки экспериментов на уроках будущей учитель физики должен максимально пополнять знания. Поскольку внеклассная работа одна из важных направлений в преподавании физики. В данной статье рассматриваются научно-исследовательская работа студентов в средних школах, преподающих физику, чтобы создать интерес к предмету для развития основных задач. Через курс результатов исследования, были обсуждены внеклассные мероприятия. Обретение некоторую дополнительную информацию в соответствии с основными направлениями научно-исследовательской работы.

Ключевые слова: практика, физические явления и закономерности, креативный дизайн, демонстрации, теоретические знания.

Summary

Extra-curricular work is one of the important direction in the teaching of physics

U.T.Spabek, 4th year student, N.A.Sandibaeva, Ph.D., i.o.dotsenta
(Almaty, KazGosZhenPU)

The article deals with the advantage of extracurricular work and carrying out experiments in teaching physics lessons. At the present time for the development of future experiments in class physics teacher has to fill as much as possible knowledge. Since the class work is one of the most important direction in the teaching of physics. This article focuses on the research work of students in secondary schools, teaching physics to create interest in the subject for the development of the main tasks. Through the course of the study results, extracurricular activities were discussed. Gaining some additional information in accordance with the main directions of research work.

Keywords: practice, physical phenomena and laws, creative design, demonstrations, theoretical knowledge.

ӘОЖ 373.5.016.026.8:51(574)

МАТЕМАТИКА БОЙЫНША ҚОЛДАНБАЛЫ КУРСТЫ ОҚЫТУДАН КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕРДІ АНЫҚТАУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Т.Ә.Әлдібаева, п.ғ.к., доцент
(Алматы қ., ҚазҰПУ)

Аңдатпа: Мақалада математиканы оқытудан күтілетін нәтижелерді құзырлық тұрғысынан жобалау жан-жақты қарастырылған. Қолданбалы курстар математиканы бейінді оқытуды жүзеге асыруда маңызды рөл атқарады. Осы курстар бойынша бағдарламаларын жасауда олардың мақсаттарының қойылымы күтілетін нәтижелерді анықтауда құралдық және технологиялық сипатта болуы тиіс.

Түйін сөздер: құзырлық, күтілетін нәтижелер, критерийлер.

Мақсат – идеал түрде болжанатын нәтиже. Мақсат әрқашан нақты жағдайлардан туындайды және анықталады. Ол әрқашан үдеріс аяқталуы үшін қажет құралдармен өзара байланыста болады, яғни мақсат нәтиже де, үдеріс те бола алады. Мақсатты анықтауды көрсететін инвариантты белгілердің біріне болашақ нәтиженің бейнесі жатады және ол ұғымдар, ой түйіндеулер мен модельдер түрінде беріле алады. Алайда, бұл берілген ұғымдар мен модельдер өз бетінше мақсат бола алмайды. Болашақ нәтиженің бейнесі сол жағдайда мақсат бола алады, егер, оған жетуге немесе жақындауға деген қажеттілік, ұмтылыс, ниет болған жағдайда, яғни мақсат адам іс-әрекетінің нақты нәтижеге жетудегі басты бағыттаушысы болып табылады [1]. Мақсат қою үдерісі екі кезеңді қамтиды:

- білімді игеру кезеңі, адамның қандай да бір ішкі немесе сыртқы қажеттілікті ұғынуы танып білумен және оны қанағаттандыру үшін белгіленген шарттарды таңдап алумен үйлескен жағдайдағы жалпы мақсаттың анықталуы;

- мақсатты нақтылау кезеңі, яғни мақсат оған жету үшін қажет құралдарды ескере отырып нақтыланады және жеке мақсат-міндеттерге бөлінеді, абстрактілі мақсат-идеалдан іс-әрекеттің нақты мақсатына айналады.

Мақсаттың дұрыс анықталуы үшін онда орындалудың «айқындығы», шарттардың белгілілігі, критерийлер туралы ақпарат сияқты үш құраушының көрініс табуы тиіс.

Орындалу. Мақсаттың тұжырымдалуы оқушы нені істей алатынын мәлімдейді.

Шарттар. Мақсаттың тұжырымдалуы орындалатын әрекет қандай жағдайларда жүзеге асатынын анықтайды.

Критерийлер. Мақсаттың тұжырымдалуы орындалу қаншалықты дұрыс болуы тиіс екендігін айқындайды, оған:

- оқытуға қойылатын басты талаптар;

- оқу жетістігінің белгілі бір деңгейінің белгіленуі жатады.

Мақсаттың тұжырымдалуында бұл үш құраушының көрініс табуы:

- оқушы нені жасай алады?

- оны қандай жағдайларда жасай алады?

- оны қаншалықты дұрыс жасай алады? –деген үш сұрақтың жауабы болып табылады. Осы сұрақтардың әрқайсысына мұғалім айқын жауап берген жағдайда ғана мақсат дұрыс анықталады. Белгіленген айқын мақсаттың болмауы дұрыс емес, ол пайдасыз шешімдер мен іс-әрекеттерді таңдауға әкелуі мүмкін. Сондықтан, әсіресе қолданбалы курстарды оқыту кезінде мақсат неғұрлым нақты әрі диагностикаланатындай

болып қойылуы, яғни оны жүзеге асыру дәрежесі туралы қорытынды жасауға және ол бойынша белгілі бір уақыт аралығында оған жетуге кепілдік беретін нақты дидактикалық үдерісті құруға мүмкіндік беруі тиіс. Сонымен мақсат оқу үдерісінің өзін емес, күтілетін нәтижелерді сипаттайды. Сонда мақсат «педагогикалық терминдермен» берілетін оқу-тәрбие үдерісінің күтілетін нақты нәтижесі ретінде интерпретацияланады.

Көптеген әдебиеттерде білім беруден күтілетін нәтижелер деп нақты оқушының білім ала білу үдерісін сипаттайтын, оның белгілі бір нақты нәтижелерге жетуге талпынысына негізделген оқыту үдерісін білдіреді [1,2,3]. Осы тұрғыдан алғанда, күтілетін нәтижелер ретінде қарастырылатын мақсаттар жүйесін құруды ескереді, олар әрі қарай нақтыланып, оқу жетістігі деңгейіндегі жалпы нәтижелер (олар 3-5 болуы мүмкін) арқылы сипатталады. Жалпы алғанда қолданбалы курстарды оқытудан күтілетін нәтижелер дегеніміз-қандай білім, білік, дағдылар оқушылардың болашақ мамандығының жетістігіне қажет, іс-әрекеттің қандай түрлері игеріледі, оларды игеру үшін қандай құндылықтар ұсынылатын болады деген сұрақтарға жауап болып табылады немесе қолданбалы курсты оқытудан күтілетін нәтижелер – оқу материалының көлемі, оның мәнділігінің деңгейі, сондай-ақ оны меңгерудің нормативті оқу уақыты ескеріле отырып, игерілетін білім, білік, дағдылар.

Мектепте математиканы оқытудан күтілетін нәтижелерді құзырлық тұрғысынан жобалау жан-жақты қарастырылған мәселелердің бірі [4, 5]. Олардың көп жылғы нәтижелері ретіндегі математиканы оқытудан күтілетін нәтижелер 2010 жылы жарық көрген «Математика» пәні бойынша оқу бағдарламаларында берілген. Мұндай күтілетін нәтижелер қолданбалы курсты оқытудан күтілетін нәтижелерді анықтауда басты назарда болуы тиіс.

Күтілетін нәтижелер оқушылар үшін маңызды болуы тиіс, бұл курспен алғашқы танысуда оның тартымдылығын қамтамасыз ету үшін қажет. Оқыту нәтижелері «оқушылар білуі тиіс (түсінігі болуы, мысалдар келтіре алуы), істей алуы, тәжірибесі болуы» сияқты терминдер арқылы беріледі. Күтілетін нәтижелерді анықтауға арналған барлық тәсілдер: оқытудың соңында оқушылар қандай жаңалықты біле алады, түсінеді, жасай алуға үйренеді сұрақтарына жауап болып табылады. Бұл сұрақтарға жауап «күтілетін нәтижелер» деген терминмен беріледі. Олар қолданбалы курста нені және оны қалай нақты оқыту керек деген шешімді қабылдаудың алдында анықталады, яғни олар оқу жоспарының құрылымын және нәтижелерін, нақты берілетін мазмұнды, оны түсінуді, құндылықтарды, сондай-ақ бағдарлануды сипаттайды.

Күтілетін нәтижелердің дұрыс сипатталуы үш себептерден туындайды:

1-себеп: Күтілетін нәтижелердің айқын көрсетілуі - оқу материалының мазмұнын, пайдаланатын көздер мен оқыту әдістерін анықтау үшін негіз болып табылады.

2-себеп. Күтілетін нәтижелер айқын көрсетілмесе, оқушылардың олардан талап етілгендерді қаншалықты үйренгендігін мұғалімге анықтау қиындық туғызады. Тек күтілетін нәтижелер айқын әрі дәл анықталған жағдайда ғана мұғалім бақылау сұрақтарын, қорытынды тапсырмаларды дұрыс таңдап және оларды оқушыларға ұсына алады.

3-себеп. Күтілетін нәтижелердің айқын сипатталуы оқушылардың назарын ұсынылатын материалдың маңызды жақтарына аударуға себептеседі, сонда оқыту үдерісінде оқушы өзінің күш-жігерін саналы түрде бағыттап алатын болады.

Сонымен бірге күтілетін нәтижелерді анықтауда қолданбалы курстардың түрлері және олардың міндеттері мен функцияларын да ескерген жөн (1-кесте). Бұл күтілетін нәтижелердің нақтылығын қамтамасыз етеді.

Әдетте оқушылардың басым көпшілігі «Мұғалім олардан нені талап етіп отырғанын» түсінбейді. Сондықтан күтілетін нәтижелер туралы оқушыларға айқын әрі дәл ақпарат беру оларды оқу жұмысында бірлесе жұмыс жасауға бағыттап алады. Оқыту тәжірибесіндегі күтілетін нәтижелерді нақтылау оқытудың оқушыға әсерін ғана емес, оны

сипаттаудан басталуы тиіс. Осы тұрғыдан алғанда қолданбалы курстарды оқыту кезіндегі күтілетін нәтижелерді нақтылаудың басты бағыттарына:

- білім беру шарттарының сипаттамасын (оқушыларға қалай ықпал ету керек және ол үшін қандай жағдайлар қажет?);

- ішкі үдерістік параметрлердің - оқушылардың қабілеттілігі мен мүмкіндіктерін (қандай қабілеттіліктерді және мүмкіндіктерді қалыптастыру қажет?),

- білім беру нәтижелерінің сипаттамасын (қолданбалы курсты оқу нәтижесінде оқушылар қандай нәтижелерге жете алады?) жатқызуға болады.

Оқытудың тиімділігін бағалау оқушының жетістікке жету дәрежесімен анықталады. Игерілетін білімге сәйкес келетін игеру деңгейлерінің минимум да, мүмкін де деңгейлері болуы мүмкін.

Игеру деңгейі - қолданбалы курсты оқыту аясында игерілген білім нәтижелерін бағалаудағы маңызды ақпарат болып табылады. Игеру деңгейі білім, білік, дағдылардың тереңдігі мен күрделілігін, сондай-ақ оларды тәжірибеде өз бетінше қолдана алуға қабілеттілікті көрсетеді. Қолданбалы курстарды оқытудан күтілетін нәтижелер өлшене алуы және оларға жетудің қажетті механизмдерімен қамтамасыз етілуі тиіс (1-кесте). Енді қолданбалы курстарды оқытудан күтілетін нәтижелер ретіндегі білім мен біліктердің төрт деңгейін ұсынуға болады:

- бірінші деңгей – қолданбалы білім мен дағдылардың шектеулі аясын алдын ала болжауға болатын жағдаяттарға қолдана алу қабілеттіліктері, олардың қатарына мұғалімнің тікелей бақылауымен жүргізілетін жұмыс та жатады;

- екінші деңгей – біршама дағдыларды қайсыбір жағдаяттарға қолдана алу, олардың кейбіреуі стандартты болмауы мүмкін, өз бетінше белгілі бір дәрежеде бағытталған іс-әрекеттерді жүзеге асыру қабілеттіліктері;

1-кесте

Математикадан қолданбалы курстардың түрлері және олардың міндеттері мен функциялары

<i>Курс түрлері</i>	<i>Қолданбалы курстардың міндеттері</i>	<i>Қолданбалы курстардың функциялары</i>	<i>Қолданбалы курстардың мысалдары</i>
Пәндік бағдарланған	- оқушының математикаға қызығушылығын арттыруға мүмкіндік туғызу; - оқушының математиканы жоғары деңгейде игеруіне дайындығын және қабілеттілігін анықтау; - оқушының оқуын жалғастыруы тұрғысынан таңдап алған бағдарының дұрыстығына сенімділігін арттыруға көмектесу;	- базалық және бейінді пәндер бағдарламаларының кейбір жеке тақырыптарын тереңдету; - жалпыбілімдік бағдарламаны оның аясынан тыс тақырыптарды зерделеу есебінен кеңейту - бейінді пәндер бойынша оқудағы жетіспеушіліктің орнын толтыру	- «Теңсіздіктер» - «Параметрлері бар теңдеулер мен теңсіздіктер» - «Қиындығы жоғары есептерді шығару әдістері» - «Функция және оның күнделікті өмірде қолданылуы» - «Математика тарихы» және т.б.
Пәнаралық	- жоғарғы сынып оқушысына таңдап алған бағдарының дұрыстығына сенімділігін арттыруға көмектесу; - оқушыларды бейінді оқытуды анықтайтын пәндер циклі бойынша білімнің синтезін талап ететін әрекет түрлерімен және кешенді проблемалармен таныстыру	- қазіргі кездегі кешенді проблемаларды зерделеу, - пәндік құзырлықтармен қарулану және іс-әрекет түрлерін игеру; - игерілген түсініктеріне сүйене отырып әлемнің біртұтас бейнесін интеграциялау	- «Математика және экология» - «Экономикадағы математика» және т.б.
Кәсіби бағдарланған	- қазіргі заманғы мамандықтар саласына бағдарлау үшін негіз құру - оқушыларды кеңінен таралған	- кәсіби бағдарлану; - нақты кәсіби бағдарға тән құзырлықтармен	- «Математика және компьютер» - «Статистика және

	мамандықтарға сәйкес келетін іс-әрекет түрлерінің ерекшеліктері таныстыру; - нақты оқыту бағдарына оқушының мотивациясын қолдап отыру	қарулану; - «кәсіби сынақ»	қоршаған орта» және т.б.
--	--	-------------------------------	--------------------------

- үшінші деңгей – білім мен дағдыларды кешенді іс-әрекетке қолдана алу қабілеттіліктері, ақпаратты өз бетінше таба алу және талдай алу және таныс және таныс емес мәнмәтінді процедураларға негізделген пайымдаулар құра алу және сәйкесінше өзінің іс-әрекетін басқара алу;

- төртінші деңгей – білімді тереңірек игеру тәсілдерін ұқыпты түрде таңдай алу қабілеттіліктері, біршама арнайы дағдыларды қолдана алу, ақпаратты бағалай алу және оны өзінің іс-әрекетіне пайдалана білу, қайсыбір кездейсоқ проблемаларды шеше алу.

Осы деңгейлердің тұжырымдалуларынан олардың түйінді құзырлықтармен (ақпараттық, коммуникативтік және проблемаларды шешу құзырлықтары) тікелей байланысты бірден байқауға болады.

Жалпы алғанда қолданбалы курстарды оқытудан күтілетін нәтижелер:

а) бағдарламаның мазмұнын емес, оқытудың әр түрлі кезеңіндегі оқушының жетістік деңгейін сипаттауы, көзделген мақсатты қамтуы;

ә) ұсынылған курста неге үйрету керектігіне әсер ететіндей болып құрылуы;

б) мұғалімнің өз жұмысын жоспарлауы және шешім қабылдауы, оқушылардың жетістігін бағалауы үшін қажетті ақпаратпен қамтамасыз етуі қажет.

Сонымен қолданбалы курстардың мазмұны жоғарыда қарастырылған күтілетін нәтижелер тұрғысынан дұрыс таңдалып алынған жағдайда оқыту үдерісін іс-әрекеттік және тұлғалық-бағдарланған тұрғыдан құру жүзеге асырылатын болады. Сондай-ақ зерттеушілік сипаттағы мұндай курстарды оқыту оқушылардың өз бетінше білім ала білуіне, игерген білімін жаңа жағдайларға қолдана алуларына, шығармашылық іс-әрекет тәжірибесімен, мектептен кейінгі білімін жалғастыру үшін қажет түйінді құзырлықтармен қарулануына себептесетін болады.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Валодарская И.А., Митина А.М. Проблемы целей обучения в современной педагогике. – М., 1998. – С.31.
2. Гершунский Б.С. Философия образования для XXI века. – М., Совершенство. – 1998.
3. Қонақова К.Ө., Қазақбаева Д.М. және т.б. Қазақстан Республикасы мектептерінде бағдарлы оқытуды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсыныстар. – Алматы. – 2006. – 64 б.
4. Күтілетін нәтижелер және жетістіктер/Қазақстан мектебі. – №5-6. – 2007. – Б.35-38.
5. Күтілетін нәтижелерді оқушылардың математикалық сауаттылығын дамыту негізі ретінде жобалау/ Абай атындағы Ұлттық педагогикалық университетінің хабаршысы. №1 (29). – 2010. – Б. 54-61.

Резюме

Роль и место ожидаемых результатов обучения прикладным курсам

Т.А.Алдибаева, к.п.н., доцент
(г.Алматы, КазНПУ им. Абая)

В статье рассмотрены роль и место ожидаемых результатов обучения прикладным курсам, а также виды прикладных курсов по математике и их задачи и функции.

Ожидаемые результаты обучения математике статьи обеспечивает всестороннюю компетентность в плане дизайна. Прикладная математика играет важную роль в

осуществлении специализированных учебных курсов. Это утверждение целей курсов в своих программах должны играть важную роль в определении ожидаемых результатов и технологических.

Ключевые слова: компетентность, ожидаемые результаты, критерии.

Summary

The role and place of the expected learning outcomes are applied courses

T.A.Aldibaeva, PhD, Associate Professor
(Almaty, KazNPU. Abay)

The article deals with the role and place of expecting results in teaching applied courses, and also types of applied courses and their functions in mathematics. The expected results of teaching mathematics article provides comprehensive expertise in terms of design. Applied mathematics plays an important role in the implementation of specialized training courses. This statement purposes courses in their programs should play an important role in determining the expected results and technology.

Keywords: competence, expected results, criteria.

ӘОЖ 517.2

ЕКІНШІ РЕТТІ СЫЗЫҚТЫ БІРТЕКТІ ДИФФЕРЕНЦИАЛДЫҚ ТЕНДЕУЛЕРДІ КОЭФФИЦИЕНТТЕРІН ЗЕРТТЕУ АРҚЫЛЫ ШЕШУДІҢ БІР ӘДІСІ

А.А.Сыдықов, аға оқытушы,
С.С.Бекназарова, магистрант
(Алматы қ., Қазмемқызпу)

Аңдатпа: Жұмыста коэффициенттері айнымалы екінші ретті сызықты біртекті дифференциалдық теңдеулердің коэффициенттерін зерттеу арқылы бір дербес шешімін табуға мүмкіндік беретін шарттар айқындалады және оны анықтаудың бір әдісі көрсетіледі.

Алдыңғы басылымдарда коэффициенттері айнымалы екінші ретті сызықты біртекті дифференциалдық теңдеулердің кейбір түрлерінің бір дербес шешімін табудың бірнеше айла-тәсілдері көрсетілген [1, 2, 3].

Бұл мақалада да осындай теңдеулердің кейбір түрлерін, бірінші және екінші коэффициенттері бойынша зерттеп шешудің бір әдісі көрсетіледі.

Түйін сөздер: дифференциалдық теңдеулер, коэффициент, теңдеулер.

Сонымен мына түрдегі теңдеуді қарастырайық

$$a_0(x)y'' + a_1(x)y' + a_2(x)y = 0. \quad (1)$$

Мұндағы $a_0(x), a_1(x)$ және $a_2(x)$ коэффициенттері (a, b) интервалында берілген, бірінші ретті туындылары бар, нөлге тең емес үзіліссіз функциялар [4].

Қарастырылған теңдеуді бірінші және екінші коэффициенттері бойынша түрлендіріп жазамыз

$$(a_0 y')' - a_0' y' + (a_1 y)' - a_1' y + a_2 y = 0. \quad (2)$$

Бұл теңдеуді топтастыру шеңберінде жүйе құру арқылы шешеміз.

$$\left. \begin{aligned} (a_0 y')' + (a_1 y)' = 0 \\ a_0' y' + (a_1' - a_2) y = 0 \end{aligned} \right\} \Rightarrow \left. \begin{aligned} a_0 y' + a_1 y = C_1 \\ \ln y = \int \frac{a_2 - a_1'}{a_0'} dx + \ln C_3 \end{aligned} \right\} \Rightarrow \left. \begin{aligned} \left. \begin{aligned} C_1 = 0 \\ C_3 = 1 \end{aligned} \right\} \Rightarrow \left. \begin{aligned} \frac{dy}{y} = -\frac{a_1}{a_0} dx \\ \ln y = \int \frac{a_2 - a_1'}{a_0'} dx \end{aligned} \right\} \Rightarrow \left. \begin{aligned} \ln y = -\int \frac{a_1}{a_0} dx + \ln C_2 \\ \ln y = \int \frac{a_2 - a_1'}{a_0'} dx \end{aligned} \right\} \Rightarrow \left. \begin{aligned} |C_2 = 1| \Rightarrow \left. \begin{aligned} \ln y = -\int \frac{a_1}{a_0} dx \\ \ln y = \int \frac{a_2 - a_1'}{a_0'} dx \end{aligned} \right\} \Rightarrow \left. \begin{aligned} y = e^{-\int \frac{a_1}{a_0} dx} \\ y = e^{\int \frac{a_2 - a_1'}{a_0'} dx} \end{aligned} \right\} \end{aligned} \right\} \Rightarrow \quad (3)$$

Анықталған бұл шешімдер бірдей болуға тиісті екенін ескеріп, оларды қиылыстырамыз

$$e^{-\int \frac{a_1}{a_0} dx} = e^{\int \frac{a_2 - a_1'}{a_0'} dx} \Rightarrow \int \frac{a_2 - a_1'}{a_0'} dx + \int \frac{a_1}{a_0} dx = 0 \Rightarrow \frac{a_2 - a_1'}{a_0'} + \frac{a_1}{a_0} = 0 \Rightarrow a_0 a_2 = a_0 a_1' - a_0' a_1. \quad (4)$$

Сонымен, (1) теңдеудің коэффициенттері үшін (4) теңдік (шарт) орындалса, онда оның бір дербес шешімін (3) жүйенің бірінші болмаса екінші формуласы бойынша анықтауға болады.

1-мысал. $x y'' + x(x^2 - 2)y' + 2x^2 y = 0$ теңдеуінің бір дербес шешімін табу.

Шешуі. Теңдеудің коэффициенттері үшін (4) шарттың орындалуын тексереміз.

$$a_0 a_2 = x \cdot 2x^2 = 2x^3; a_0 a_1' - a_1 a_0' = x(3x^2 - 2) - (x^3 - 2x) = 3x^3 - 2x - x^3 + 2x = 2x^3.$$

Шарт орындалды, ендеше теңдеудің бір дербес шешімі, (3) жүйенің бірінші формуласы бойынша:

$$y_1 = e^{-\int \frac{a_1}{a_0} dx} = e^{-\int \frac{x(x^2-2)}{x} dx} = e^{-\int (x^2-2) dx} = e^{-\frac{x^3}{3} + 2x}.$$

$$\text{Тексеру: } y_1' = (-x^2 + 2)e^{-\frac{x^3}{3} + 2x}; y_1'' = (x^4 - 4x^2 - 2x + 4)e^{-\frac{x^3}{3} + 2x}.$$

$$\left[x(x^4 - 4x^2 - 2x + 4) + (x^3 - 2x)(2 - x^2) + 2x^2 \right] e^{-\frac{x^3}{3} + 2x} =$$

$$= \left[x^5 - 4x^3 - 2x^2 + 4x + 2x^3 - x^5 - 4x + 2x^3 + 2x^2 \right] e^{-\frac{x^3}{3} + 2x} = 0 \equiv 0,$$

демек табылған шешім орынды.

Енді, (1) теңдеуді бірінші коэффициенті бойынша зерттеп шешудің кезекті бір тәсілін көрсету үшін, теңдеуді түрлендіріп мына түрде жазамыз

$$a_0(x)y'' - a_0'(x)y' + a_1(x)y' + a_0'(x)y' + a_2(x)y = 0. \quad (5)$$

Тағы да топтастыру шеңберінде құрылған жүйені шешу арқылы (1) теңдеудің бір дербес шешімін табуға мүмкіндік туғызатын шарт айқындалады және де сол шарттың негізінде анықталатын дербес шешімнің түрі нақтыланады.

$$\left. \begin{aligned} a_0 y'' - a'_0 y' = 0 \\ (a_1 + a'_0) y' + a_2 y = 0 \end{aligned} \right\} \Rightarrow \left. \begin{aligned} \frac{dy'}{y'} = \frac{a'_0}{a_0} dx \\ y' = -\frac{a_2 y}{a'_0 + a_1} \end{aligned} \right\} \Rightarrow \left. \begin{aligned} y = C_1 \int a_0 dx + C_2 \\ y = C_3 e^{-\int \frac{a_2}{a'_0 + a_1} dx} \end{aligned} \right\} \quad (6)$$

$$C_1 \int a_0 dx + C_2 = C_3 e^{-\int \frac{a_2}{a'_0 + a_1} dx} \Rightarrow C_1 a_0 = -\frac{C_3 a_2}{a'_0 + a_1} e^{-\int \frac{a_2}{a'_0 + a_1} dx} \Rightarrow$$

$$\left| \begin{aligned} C_1 = 1 \\ C_3 = -1 \end{aligned} \right| \Rightarrow \ln a_0 = \ln a_2 - \ln(a'_0 + a_1) - \int \frac{a_2}{a'_0 + a_1} dx \Rightarrow$$

$$\frac{a'_0}{a_0} = \frac{a'_2}{a_2} - \frac{a''_0 + a'_1}{a'_0 + a_1} - \frac{a_2}{a'_0 + a_1} \Rightarrow \frac{a''_0 + a'_1}{a'_0 + a_1} = -\frac{a'_0}{a_0} + \frac{a'_2}{a_2} - \frac{a_2}{a'_0 + a_1} \quad (7)$$

Сонымен, (1) теңдеу үшін (7) шарт орындалса, онда оның бір дербес шешімі (6) жүйенің құрамындағы еркін тұрақтыларды нақтылау нәтижесінде шығатын

$$y_1 = \int a_0 dx$$

немесе

$$y_1 = e^{-\int \frac{a_2}{a'_0 + a_1} dx} \quad (8)$$

формулаларының бірі арқылы анықталады.

2-мысал. $y'' - 2x^2 y' + 2xy = 0$ теңдеуінің бір дербес шешімін анықтау керек болсын.

Шешуі. $a_0 = 1; a'_0 = 0; a''_0 = 0; a_1 = -2x^2;$

$$a'_1 = -4x; a_2 = 2x; a'_2 = 2.$$

Қарастырылған теңдеу үшін (7) шарт орындалып тұр.

$$\frac{a''_0 + a'_1}{a'_0 + a_1} = \frac{4x}{2x^2} = \frac{2}{x}; -\frac{a'_0}{a_0} + \frac{a'_2}{a_2} - \frac{a_2}{a'_0 + a_1} = \frac{1}{x} + \frac{1}{x} = \frac{2}{x}$$

Ендеше теңдеудің бір дербес шешімі:

$$y_1 = e^{-\int \frac{2x}{-2x^2} dx} = e^{\ln x} = x.$$

Тексеру. $y'_1 = 1; y''_1 = 0.1 \cdot 0 - 2x^2 \cdot 1 + 2x \cdot x = -2x^2 + 2x^2 = 0 \equiv 0$, демек табылған шешім орынды.

Қорыта айтқанда, түрлендіруден кейін алынатын теңдеулерді жүйе түрінде құрып, оны шешу арқылы, (1) теңдеудің әрқилы дербес шешімдерін анықтауға мүмкіндік беретін шарттарды айқындауға болатынын аңғару қиын емес.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Сыдыков А.А., Бекназарова С.С. Екінші ретті дифференциалдық теңдеулердің кейбір түрлерін зерттеп шешудің бір тәсілі. Изденіс-Поиск, № 4/ 2012.

2. Сыдыков А.А., Бекназарова С.С. Екінші ретті дифференциалдық теңдеулердің кейбір түрлерін бірінші коэффициенті бойынша зерттеп шешудің бір әдістемесі. Изденіс-Поиск, № 4/ 2012.

3. Сыдыков А.А., Бекназарова С.С. «Екінші ретті дифференциалдық тендеулердің кейбір түрлерін шешуге мүмкіндік беретін теоремалар» // «Геомеханика және жаратылыстану пәндерін оқыту проблемалары» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары. – Алматы: Қазмемқызпу. – 2012.

4. Сүлейменов Ж. Дифференциалдық тендеулер курсы. – Алматы, 1991.

Резюме

Один метод решения линейных однородных дифференциальных уравнений второго порядка с переменными коэффициентами с исследованием коэффициентов

А.А.Сыдыков, ст. преподаватель, С.С.Бекназарова, магистрант
(г.Алматы, КазГосЖенПУ)

В данной статье показан один метод решения линейных однородных дифференциальных уравнений второго порядка с переменными коэффициентами с исследованием коэффициентов. Однородных линейных переменными коэффициентами второго порядка. Изучая соотношения дифференциальных уравнений, определяемых, чтобы найти решение личных терминов и способ его определения.

Предыдущие издания некоторых типов линейных однородных дифференциальных уравнений второго порядка с переменными коэффициентами манипуляции, чтобы сделать личное решение [1, 2, 3]. В этой статье, те же типы уравнений, коэффициенты первого и второго исследования по решению метода.

Ключевые слова: дифференциальные уравнения, коэффициенты уравнения.

Summary

One method of solving linear homogeneous second order differential equations with variable coefficients to study factors

A.A.Sydykov, Art. teacher S.S.Beknazarova, undergraduate
(Almaty, KazGosZhenPU)

The article deals with the method of solution of the linear uniform differential equations of the second order with variable coefficients with coefficients research.

Homogeneous linear variable coefficients of the second order. By studying the ratios of differential equations, determined to find a solution to personal terms and the method of its determination. Previous editions of some types of linear homogeneous second order differential equations with variable coefficients manipulation, to make a personal decision [1, 2, 3]. In this article, the same types of equations, the coefficients of the first and second study for solving method.

Keywords: differential equations, the coefficients of the equation.

ФИЛОЛОГИЯ– PHILOLOGY

УДК372,8

ЛИЧНОСТНО-ГУМАНИЧНИЙ ПОДХОД ПРИ ОБУЧЕНИИ ИНОЯЗЫЧНОМУ
ОБЩЕНИЮ

Ш.Б. Байнеш, д. п. н.,
(г.Алматы, Египетский университет
исламской культуры Нур-Мубарак)

Аннотация: Принципы личностно-гуманного подхода реализуются при такой форме обучения в том, что каждому ученику предоставляется возможность усваивать материал в приемлемом для него темпе. Перед ребенком не ставится задача непременно произнести что-то на иностранном языке. Не выставляются оценки, это снимает у детей страх сделать ошибку, разряжает обстановку на уроке. Работа ученика оценивается (словами) только положительно, ведь всегда есть возможность обеспечить успех каждого ученика.

Ключевые слова: воспитание личности, личностно-гуманный подход, атмосфера уважения и опереживания, критерий роста, экстралингвистические опоры, развитие функции слова.

Неудовлетворенность общества уровнем языковой подготовки учащихся средней школы стала хроническим явлением. Между тем, как нам кажется, воспитательные возможности иностранного языка как школьного предмета используется далеко не полностью.

Воспитательные, образовательные и развивающие задачи обучения решаются в процессе практического овладения языком. Если в понятие *практическое владение иностранным языком* мы включаем способность к иноязычному общению как процессу взаимодействия субъектов, то становится очевидным, что без решения воспитательной и образовательной задач просто невозможно будет решить практическую задачу. Это предопределяет необходимость личностного подхода к обучению общению. При этом общение должно выполнять роль как цели, так и средства обучения.

Отрыв развивающих задач от практических может привести к выведению первых за рамки содержания обучения.

Предмет *иностраный язык* обладает большими возможностями по формированию и воспитанию личности: наряду с родным языком (если правильно интегрировать обе программы, что также является требованием времени) он формирует мышление школьника; обучение иноязычному общению предполагает, что учащийся мыслит, определяя смысловое содержание высказывания; наш предмет – это живая открытая система; это также наиболее гуманный предмет (в смысле направленности на личность школьника).

Обучение иностранному языку в нашей школе начинается со второго класса и не прерывается в течение всех лет пребывания ученика в школе. Учитель имеет возможность с первых дней начать формирование учебного коллектива. Основным психолого-педагогическим подходом к обучению иноязычному общению мы считаем *личностно-гуманный подход*. Суть его наиболее полно отражена в работах Ш. А. Амонашвили. Чтобы сделать ребенка соратником в его обучении и воспитании, настроить его на педагогическое сотрудничество, сохранить за ним чувство свободного выбора.

Очень важна позиция учителя. Учитель не просто передает знания, но прежде всего создает атмосферу чуткости, дружелюбия, взаимного уважения, сопереживания, радости и в этой обстановке, самой благоприятной для свободного проявления внутренних сил

каждого школьника, осуществляет процесс обучения и воспитания. С этим связано и требование пересмотра критериев оценки. Главными становятся воспитание в учениках способности к самооценке, критерий роста. Страх сделать ошибку или получить плохую оценку должен навсегда покинуть ребят.

Говоря об обучении иноязычному общению, мы согласны с выводом А.А.Алхазишвили о том, что на этапе, «имеющем целью воссоединение структурно завершенного языкового материала с присущей ему функцией общения», обучение должно носить неосознаваемый учащимся характер.

Мы предлагаем определять начальный этап обучения как допродуктивный исходя из того, что на данном этапе акцент делается не на говорении, а на понимании учащимися иноязычной речи. Основная задача – это обеспечить детей языковой информацией, подлежащей усвоению. Усвоению помогают экстралингвистические опоры (ЭЛО). В понятие ЭЛО мы включаем как некоторые традиционные средства наглядности (картинки, рисунки, фотографии), звуковые (музыкальные) фрагменты, идеографическое письмо, так и физические движения человека, мимику, жесты. При этом на начальном этапе обучения надо придавать особое значение двигательным ЭЛО. Это обусловлено не только тем, что «развитие речи ребенка с ее физической и семической стороны определяется развитием лежащих за словом операций» (Леонтьев), не только большей доступностью и универсальностью языка движений, но и ролью, которую играет движение в развитии высшей нервной деятельности человека. «Чем больше двигательных реакций вырабатывается на слово, тем успешнее идет развитие обобщающей функции слова».

Исходя из тезиса о том, что форма обучения должна представлять собой естественное общение, мы на каждом занятии ставим задачи, которые могут быть решены в процессе общения (взаимодействия) учащихся и учителя. При этом учитель использует ЭЛО, чтобы обеспечить усвоение языковой информации, для учеников ЭЛО – это орудие усвоения и способ общения с учителем и друг с другом. В процессе обучения по мере усвоения языкового материала экстралингвистические средства общения постепенно заменяются языковыми.

На первых занятиях ребята выполняют определенные команды. (Вначале учитель показывал, как это делается.) При этом отбор команд ситуативно обусловлен. Например, по ситуации «Мы собираемся в школу»: «Sleep. Wake up. Do morning exercises (выполняются различные упражнения зарядки). Wash your hands. Wash your face. Now you have breakfast. Eat. Drink. Take your bag. Go to school».

Первые «высказывания» детей носят характер команд, подаваемых учителю.

Принципы личностно-гуманного подхода реализуются при такой форме обучения в том, что каждому ученику предоставляется возможность усваивать материал в приемлемом для него темпе. Перед ребенком не ставится задача непременно произнести что-то на иностранном языке. Не выставляются оценки, (это снимает у детей страх сделать ошибку, разряжает обстановку на уроке). Работа ученика оценивается (словами) только положительно, ведь всегда есть возможность обеспечить успех каждого ученика.

Первые результаты работы позволяют рекомендовать названные формы и приемы работы на начальном этапе родителям, желающим самостоятельно подготовить детей к обучению в школе с углубленным изучением иностранного языка, и учителям английского языка.

На среднем этапе обучения учитель иностранного языка сталкивается с тем, что интеллектуальное развитие учеников и их опыт общения на родном языке значительно превышают их возможности самовыражения на иностранном языке. Другая трудность состоит в том, что учащимся не всегда интересно обсуждать тему так, как это предлагается в учебнике.

Для того чтобы избежать трудностей и определить для себя круг интересов школьников, желательно в течение учебного года применять технологию работы с разными аудио текстами.

Работа проводится в несколько этапов.

I этап. Ребята садятся в круг, лицом друг к другу. В центре – магнитофон, поставленный на запись. Место учителя определяется его отношениями с учащимися и уровнем подготовленности группы: он может быть либо рядом с ребятами, в кругу, принимая участие в беседе, либо – вне круга, оставаясь в традиционной роли учителя. Учитель может сам произнести первую фразу, хотя в группе почти всегда находится ученик, который может начать беседу без посторонней помощи. Каждый школьник произносит одно-два предложения. Учитель выслушивает его; если допущены ошибки, исправляет их или называет нужные ученику слова, после чего правильный вариант, высказывания записывается на пленку. Результат работы – записанный на пленке текст по выбранной учащимися теме, целиком отвечающий интересам группы. На запись двухминутной беседы обычно затрачивается 15 – 20 минут, в зависимости от степени готовности группы к данному виду работы. Надо отметить, что уже во второй-третий раз запись осуществляется значительно быстрее.

II этап. Текст (в магнитофонной записи), прослушивается и комментируется. (Он может быть записан на доске и в тетрадях).

Такая работа с магнитофоном приучает школьников внимательно относиться к тому, что говорят их товарищи, так как нарушение логики сообщения выявляется при прослушивании. Учитель узнает круг интересов учеников, нужную им лексику; основываясь на тексте, легко выводит учащихся в диалогическую речь; прогнозирует их реакцию на дальнейшее развитие темы.

III этап. Широкое поле деятельности получает учитель иностранного языка при использовании упражнений, имеющих отчетливую эмоционально-личностную окраску. Такие упражнения мы применяли на среднем этапе. На первом же занятии учитель говорит ученикам, о правилах, которые должны быть соблюдены: 1) все упражнения (задания) построены с учетом личных особенностей школьников; 2) каждая личность уникальна, неповторима, поэтому интересна; 3) познавая других, ученик познает себя; 4) на занятиях разрешено обсуждать только положительные качества школьника (важно найти как можно больше положительного в каждом); 5) учитель принимает участие в выполнении заданий вместе с учащимися; 6) каждый ученик может быть уверен, что его внимательно выслушают; 7) если школьник не хочет высказываться (ему в данный момент психологически дискомфортно), он может помолчать.

Приведем примеры упражнений:

Упражнение 1. Учитель пишет на доске список неправильных глаголов английского языка. Он может рассказать о том, как глаголы могут характеризовать человека, и показать это на собственном примере. Ученикам предлагается выбрать 8-10 глаголов, которые, по их мнению, характеризуют их. Работая в парах, учащиеся по очереди рассказывают друг другу о том, почему они выбрали именно эти глаголы. Затем в полной группе ученики говорят о том, что они узнали нового о своих товарищах, выясняют, совпадают ли самооценки с тем, что думают о них другие. Домашнее задание: составить с помощью выбранных глаголов рассказ о себе или своем друге, придумать занимательную историю.

Упражнение 2. Для отработки лексики, с помощью которой можно описать внешность и качества человека, можно использовать фотографии людей (вырезки из журналов), о которых учитель имел достоверные сведения. По фотографии учащиеся должны были угадать характер человека, его профессию, любимое занятие, увлечение и обосновать свой ответ. Чтобы сделать упражнение более занимательным, учитель скажет, что на одной фотографии – преступник. (В данном случае это была миловидная девушка.)

Задание можно усложнить, попросив ребят ответить на, вопросы:

Что этот человек только что сделал?

Опишите квартиру этого человека; расскажите, как обычно он проводит свой день; каким он был в школе. И т. д.

Интересно также сравнивать ответы, когда одна и та же фотография предъявлена разным ученикам.

Опыт работы с подобными упражнениями и заданиями в течение года позволяет сделать следующие выводы:

- в неформальной обстановке школьники охотно и с интересом высказываются сами и внимательно слушают товарищей;

- эффективность обучения повышается за счет улучшения психологического климата на уроке;

- создается благоприятная возможность вводить новый языковой материал естественным путем, посредством общения;

- следует давать такие задания, чтобы высказывания учащихся, их сообщения носили естественный характер и по содержанию были предусмотрены учителем;

- важно то, что ученики приобретают навыки общения и совместной деятельности.

При таком подходе, если, конечно, соблюдаются его принципы, учителю практически невозможно занимать авторитарную позицию – у него ничего не получится.

Список литературы

1. Амонашвили Ш.А. Психологические особенности усвоения второго языка младшими школьниками. – М.: Просвещение. – 2010.
2. Амонашвили Ш.А. В школу с шести лет. – М.: Просвещение. – 2011.
3. Леонтьев А.Н. Избранные психологические сочинения. – М.: Университет. – 2009.
4. Кольцова М.М. Двигательная активность и развитие функций мозга ребенка. – М.: Просвещение. – 2012.

Түйіндеме

Шетел тілін оқыту барысында адамгершілік тұрғыда білім беру мәселесі

Ш.Б. Байнеш, п. ф. д.,

(Алматы қ., Нұр-Мұбарак Ислам мәдениеті Египет университеті)

Бұл мақалада мектепте шетел тілін оқыту барысында шәкірттерге адамгершілік тұрғыда білім беру мәселесі, тәсілі қарастырылады. Сонымен бірге оқушылардың жеке бас қабілеттерін дамыту арқылы тәрбиелеу мен білім беру жолдары көрсетіледі.

Түйінді сөздер: жеке тұлғаның тәрбиесі, жеке және адамгершілік көзқарас, өсу критерийі, қосымша-лингвистикалық тірек, сөйлеу функцияларын дамыту.

SUMMARY

The problem of moral education in the teaching of foreign languages

Sh. Bayneş, p. f. St.

(Almaty. Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture)

The article deals with the problems and methods in teaching foreign languages to pupils with human approach during the teaching foreign languages at school. Also the article deals with the ways of developing pupil's individual quantities and abilities in the education process.

The principles of the personal-humane approach are realized with this form of training in that each student is given the opportunity to learn material at a pace acceptable to him. Before the child, the task is not necessarily to say something in a foreign language. Do not be assessed, this removes the fear of children from making a mistake, discharges the situation in the lesson. The work of the student is evaluated (in words) only positively, because there is always the opportunity to ensure the success of each student.

Keywords: personality education, personal-humane approach, atmosphere of respect and anticipation, growth criterion, extralinguistic supports, development of the word function.

ӘОЖ 811.111
Ш18

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ-ҚАТЫСЫМДЫҚ ТЕХНОЛОГИЯНЫ ҚОЛДАНУДЫҢ ШАРТТАРЫ

Ш.К. Шамеева, магистр, оқытушы
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)

Аңдатпа: Берілген мақалада ақпараттық-қатысымдық технологияларды қолдану барысында ағылшын тілін оқытудың мүмкіндіктері мол екендігі айқындалады және оларды ағылшын тілін оқытуда тиімді пайдалану оқу үдерісінің сапасы мен қарқынын арттыратындығы мен жекелеген студенттердің үлгерімінің тиімділігін арттыруға ықпал ететіндігі жайлы айтылады.

Түйін сөздер: ақпараттық-қатысымдық технологиялар, инновациялық үдеріс, коммуникациялық күзiреттiлiк, электронды оқулықтар.

Бiлiм беру жүйесiн ақпараттандыру мемлекеттiң iшкi саясаты ретiнде қарастырылып, қоғамдық маңызы күн сайын арта түсуде. Жоғары оқу орындарында бiлiм берудi ақпараттандырудың басты бағыттарында оқу үдерiсiн басқару және ұйымдастыру шаралары ретiнде жаңа ақпараттық-қатысымдық технологияларды кеңiнен пайдалану, бiлiм беру ақпаратын баршаға жеткiзу мүмкiндiктерiн қамтамасыз ететiн инфрақұрылымды дамыту және телекоммуникациялық желi құру, жаңа ақпараттық-қатысымдық технологияларды ендiру тұр.

Жоғары оқу орындарындағы қазiргi таңдағы бiлiм беру мазмұны мен оның дамуы оқу үдерiсiн технологияландыру және студенттердiң бойында тiл меңгеруге маңызды қасиеттердi қалыптастыруға бағытталған шаралармен тығыз байланысты. Оқу үдерiсiн технологияландыру өз кезегiнде педагогика ғылымы мен тәжiрибесiнiң переспективалы бағыттары ретiнде қарастырылуда. Сонымен қатар, оқу үдерiсiн технологияландыру бiлiм берудi гуманизациялаудың концептуалды идеяларын тәжiрибе жүзiнде iске асыру бағыттары болып саналады. Өйткенi, дәстүрлi оқыту жүйесiнде бiлiмнiң реттеушi қызметi қалыптаспаған оқу мазмұны оқу фактiлерiн iске асырып, бұрыннан белгiлi сұрақтарға бiрыңғай жауаптар алуға бағытталған, сондықтан, жаңа оқыту технологиясының басты бағыттары жеке тұлғаның ойлау стилi мен шығармашылығын қалыптастыратын тұрақты құрылымдарды орнықтыруды мақсат етедi.

Педагогика ғылымында бүгiнгi таңда оқыту үдерiсi барысында, мазмұнын анықтауға қажет ететiн екi басты ұғым бар «педагогикалық шарттар» және «дидактикалық шарттар». Педагогикалық шарттар қойылған мiндеттерге табысты қол жеткiзудi қамтамасыз ететiн оқыту мазмұнының объективтi мүмкiндiктерiн, әдiстерi мен ұйымдастыру формаларын және оны жүзеге асырудың материалдық мүмкiндiгiнiң қамтамасыз ететiн жағдайлардың жиынтығы ретiнде қарастыруға болады.

Студенттердi ағылшын тiлiн үйренуде жаттанды бiлiмге емес, ұғынуға бейiмдейдi, жан-жақты бiлiмдер ақпаратты сауатты тұлға тәрбиелеуге ықпал етедi. Компьютерлiк технологияларды қолдана отырып, тың идеялар мен ұғымдарды жинақтау барысында студенттердiң өздерiнiң де ағылшын тiлiн үйрену бағытындағы мотивациялары шыңдала

түседі, ағылшын тілін үйрену талаптары айшықталып, көңілге қонымды мәселелер шешу жолдарын іздестіреді.

Студенттердің ойлау іс-әрекеттерінің белсенділігін оқыту үдерісінде көтеру, оқытудың әдіс-тәсілдерінің формаларын жаңарту, қызығушылық пен белсенділікті жоғарылату, дағды мен іскерлікті қалыптастыру ақпараттық технологияны қолдану жағдайында ерекше ден қойылуға тиісті мәселелер деп қарастырамыз.

Компьютерлік технологияларды қолдану жеке тұлғаның танымдық қасиеттері іс-әрекет барысында дамитыны туралы ғылыми тұжырымға сай келеді. Осыларды негізге ала отырып ақпараттық-қатысымдық технологияларды қолдану барысында ағылшын тілін оқытудың мүмкіндіктері мол екендігі айқындала түсетіндігін байқадық. Ағылшын тілін үйретуде ақпараттық-қатысымдық технологияларды тиімді пайдалану оқу үдерісінің сапасы мен қарқынын арттырады. Оқыту үдерісінің жекелеген студенттердің үлгерімінің тиімділігін арттыруға ықпал етеді.

Қоғамымызда, бүгінгі таңда, ақыл-ой, шығармашылық мүмкіндіктеріне қойылатын талаптарға айрықша мән берілуде. Өйткені, өндіріс қуаты мен еңбек өнімділігінің артуы тек осындай адамдарға ғана байланысты. Нарық экономикасын жүзеге асыруға еркін еңбек пен жоғары өнімділік қана кепіл бола алады. Осыдан келе қоғамның ертеңгі мүшелерін қоғамдық мәнді кәсіби еңбек дағдыларына баулу, жаңа технологияға машықтанған тұлға қалыптастыру мәселері туындап отыр.

Ғалым–педагогтар орта және жоғары мектептердегі білім берудегі олқылықтарды нақтылы мақсат қойылмауымен байланыстырады. В.П.Беспалько [2] педагогикалық жүйеде мақсат болжанатын болу керек дейді, яғни бөлінген уақыт аралығында оған жеткендігіне кепіл бере алатындай дидактикалық үдеріс құрып, оны жүзеге асыру дәрежесін бір мәнді түрде бағалай алатындай етіп анықталу керектігін баса айтады.

Педагогика әрі теориялық әрі қолданбалы ғылым болғандықтан, ол бір жағынан теориялық тұжырымдар мен идеяларға, әдіснамаға сүйенетін болса, екінші жағынан озат педагогикалық іс-тәжірибелерге, барлық ғылымдардың жетістіктеріне жалпы көпшілік іс-тәжірибеге сүйенеді, соған сәйкес дамиды. Технологиялық қатынасқа жан-жақты талдау жасауға бағытталған зерттеу, ізденіс жұмыстарына деген қызығушылықтың тууы технология ұғымының педагогикада қолданылуы аясының күнбе-күн кеңейе түсуінен де айқын байқалады. Өркениет ісінің қазіргі жағдайы азаматтың рухани әмбебап тәжірибесін жеке тұлға пайдасына жарату бағытында білім беру ісіне айрықша талаптар қойып, күрделі міндеттер жүктейді.

Жаңа технологияны оқу мен тәрбиенің тиімділігін қамтамасыз ететін, терең ойластырылған шығармашылық жұмыстың нәтижесі деп айтуға толық негіз бар. Жаңа технология мүмкіндіктері студенттердің жеке тұлғасына бағыттала отырып, оның белсенділігін, шығармашылық қабілетін, әлеуметтік жауапкершілігін, өмірде өз білімін іске асыру мүмкіндігін дамытуға қолайлы жағдайлар туғызады. Тұлғаның субъектілік сипаты қоршаған ортамен ұстамдылық қарым-қатынасынан, оқу материалдарын игерудегі өзіндік әрекеттерінің қалыптасқандығынан көрінеді. Субъектінің тәжірибесі-тұлғаның өзінің басынан өткендері негізінде құрылатын жеке тәжірибесі. Осыған орай білім беру тек оқыту ғана емес, үйренушінің жеке субъектілік тәжірибесі де болып табылады.

Неуспеваемость, возникающая на начальных этапах обучения, создает реальные трудности для нормального развития ребенка, так как, не овладев основными умственными операциями и навыками, учащиеся не справляются с возрастающим объемом знаний в средних классах и вследствие усугубляющихся трудностей на последующих этапах выпадают из процесса обучения.

Необходимо правильно и своевременно диагностировать причины неуспеваемости в каждом индивидуальном случае и по возможности устранять или корригировать их последствия.

Как показывают исследования, среди неуспевающих учащихся есть школьники с педагогической запущенностью, задержкой психического развития, неярко выраженными сенсорными, интеллектуальными, речевыми нарушениями, причинами которых являются остаточные поражения центральной нервной системы, минимальные мозговые дисфункции. Дети с задержкой психического развития составляют примерно 50% неуспевающих учащихся [2].

У детей с ЗПР школа часто вызывает негативное отношение. Это происходит потому, что крайне неприятно делать то, в чем беспрерывно терпишь неудачу. Следовательно, нужно стремиться к тому, чтобы исключить у ребенка, насколько это возможно, ситуацию неудачи. А чтобы этого добиться, нужно использовать следующие методы, направленные на то, чтобы учение вызвало положительные эмоции.

Надо учитывать предпочтение ребенком того или иного содержания обучения и приучать его к мыслительной работе на том учебном материале, который ему интересен. Следует отбирать те задания, которые ребенок объективно может выполнить хорошо. Это повысит его самооценку, улучшит настроение, поднимет готовность участвовать в учебной работе, что способствует формированию положительного отношения к учению. Задания при этом не должны быть слишком легкими, не требующими от ребенка определенных усилий по преодолению трудностей, иначе они могут вызвать скуку, а их выполнение никоим образом не отразится на повышении самооценки ребенка. Учитель должен умело точно и тщательно оценивать возможности ребенка. Повышать самооценку ребенка можно не только описанным выше способом (давая посильные задания и помогая в необходимых случаях). Очень важно также отношение к ребенку других людей. Ребенок быстро понимает, как его оценивает учитель. Если низко, то, будучи поставлен перед необходимостью решения какой-либо учебной задачи, ученик говорит: «Я глупый», «Я тупой». Поэтому следует избегать низко, оценивать ребенка, его способности. Оценивать можно только конкретную работу, выполнение отдельного задания, а не самого ребенка. Следует избегать грубых, резких слов и оценок. Особо подчеркнем, что нужно научиться избегать этого не только во внешних формах поведения, но и реально. Надо научиться искренне, уважать и ценить личность ребенка, иначе он почувствует обман. Нельзя считать ребенка неспособным, отсталым – в этом случае он наверняка потерпит неудачу, «оправдает» ожидания учителя [3].

Коррекционно-развивающее обучение в условиях общеобразовательных организаций является педагогической системой, обеспечивающей индивидуализацию обучения детей с трудностями в обучении (с ЗПР). Главная цель названной педагогической системы – развитие общих способностей к учению и преодоление индивидуальных недостатков в работе [4].

Преодоление индивидуальных недостатков у детей неотрывно связано с развитием индивидуальных способностей. Не существует детей, у которых не было бы абсолютно никаких способностей. Одни учащиеся не понимают смысл сложения и вычитания, но прекрасно читают и пишут диктанты, у других наоборот, способности в решении примеров и задач по математике, но низко развит фонематический слух и плохие навыки чтения. Детям с задержкой психического развития, поступающим в школу присущ ряд специфических особенностей.

Прежде чем начать работу с детьми проводим диагностику умений и навыков детей и определяем особенности развития каждого ребёнка. Работу в дальнейшем строим в зависимости от того, какие способности нужно развивать у детей. В первую очередь необходимо развивать психологические процессы. Дети с задержкой психического развития не обнаруживают готовности к школьному обучению. Для развития интереса в

кабинете самопознания был создан игровой уголок, где во время перемен дети играли в игры, общались друг с другом и можно отметить, что стали с удовольствием приходить на уроки в школу. При поступлении в школу с помощью метода беседы был определён уровень отношения к школе. После обработки данных оказалось, что есть дети с негативным отношением к школе, у большинства детей было положительное отношение к школе. Учащиеся с задержкой психического развития быстро утомляются, работоспособность их падает, а иногда они просто перестают выполнять начатую деятельность. Было установлено, что свойственные детям снижение работоспособности и неустойчивость внимания имеют разнообразные формы индивидуального проявления. У одних детей максимальное напряжение внимания, высокая работоспособность обнаруживаются в начале выполнения задания и неуклонно снижаются по мере продолжения работы, у других, – сосредоточение внимания наступает лишь после некоторого периода деятельности; у третьих – отмечаются периодические колебания внимания и неравномерная работоспособность на протяжении всего времени выполнения задания. Для развития внимания на уроках можно использовать игры и частую смену деятельности. Развивать внимание помогают такие игры, как «День и ночь», «Что изменилось», «Сравни», «Найди похожее» на развитие произвольного внимания:

У всех детей с ЗПР наблюдаются и недостатки памяти, причём эти недостатки касаются всех видов запоминания: произвольного и произвольного, кратковременного и долговременного. Они распространяются на запоминание как наглядного, так и словесного материала, что не может не сказаться на успеваемости. Для развития памяти на уроках можно использовать методику «10 слов». Ребенку предлагается внимательно выслушать и постараться с первого же раза запомнить 10 не связанных по смыслу слов, которые педагог произносит с интервалом 2-3 с. Слова воспроизводятся ребенком сразу после их запоминания: а) в том же порядке либо б) в произвольном порядке. Подсчитывается количество правильно воспроизведенных слов. Примерный набор слов: лес, хлеб, окно, стул, вода, брат, конь, гриб, игла, мед. Методика направлена на развитие произвольной слуховой памяти [5]. Методика «Запомни цифровую последовательность» педагог называет последовательность цифр с интервалом между ними 2-3 с. и предлагает ученику повторить ее без ошибок. Начиная с последовательности из 2-3 цифр, постепенно количество цифр, составляющих последовательность, увеличивается. Чем большее количество цифр сможет правильно повторить ученик, тем лучше у него развита слуховая произвольная память на цифровой материал [6].

Работая с детьми с ЗПР учителя должны считаться с тем, что все сообщаемые детям сведения нужно неоднократно повторять. Т.А. Власова, М.С. Певзнер указывают на снижение произвольной памяти у учащихся с ЗПР как одну из главных причин их трудностей в школьном обучении. Эти дети плохо запоминают тексты, стихи. Им свойственны колебания продуктивности памяти, быстрое забывание выученного [5]. Поэтому большое значение в обучении имеет практическая деятельность детей. Это работа со схемами, а позже таблицами и памятками. Вся эта работа повышает его интерес к учебному материалу и является одним из основных учебных средств, с помощью которых возможно пробуждение познавательной активности и формирование полноценной активной деятельности. Известно, что знания, полученные в результате деятельности самого ребёнка, усваиваются им легче и более прочно.

Существенный недостаток современной подготовки педагогических кадров их не владение методами диагностики уровня развития личности и прежде всего умственного развития детей, Поэтому одна из актуальных задач совершенствования подготовки педагога к практической работе – вооружение его не только знаниями возрастных и индивидуальных особенностей и закономерностей психического развития детей, но и умениями выявлять их с помощью современных психодиагностических методик. Зная, возрастные особенности, мы будем хорошо понимать интересы ребенка, его потребности,

мотивы поведения, особенности его эмоциональной жизни и специфику мышления. Все это поможет взрослому установить контакт с ребенком, выбрать адекватные формы общения, обучения, выявить и преодолеть отклонения в психическом развитии ребенка.

Список литературы

1. Задержка психического развития (ЗПР) // <http://www.medportal.ru/enc/parentschildren/upbringing/13/>
2. Дети с временными задержками развития // Под ред. Т. А. Власовой, М. С. Певзнер. Москва, «Педагогика» 1971.
3. Актуальные проблемы диагностики задержки психического развития детей // Под ред. К. С. Лебединской. Москва, «Педагогика» 1982.
4. Обучение детей с нарушениями интеллектуального развития: олигофренопедагогика // Под ред. Б. П. Пузанова. Москва, «Academia» 2001.
5. У. В. Ульбенкова. Дети с задержкой психического развития. Нижний Новгород, 1994.
6. Как помочь ребенку с ЗПР// <http://chlib.ozersk.ru/rdch/education/zpr/what/help>.

Түйіндеме

Арнайы білімді талап ететін балаларға психология-педагогикалық қолдау

Г.С.Сарбасова, педагог-психолог

(Самара Жұбандық Болғанбаев атындағы орта мектебі)

Оқыту ерте кезеңдерінде кездеседі асырылмаған мүмкіндіктер, баланың қалыпты дамуы үшін нақты қиындықтар туғызады, негізгі психикалық операциялар мен дағдыларын игеру ретінде емес, сондықтан, студенттер орта сынып білімді келе жатқан көлемі жеңе және осылайша оқу үдерісінің шығып келесі кезеңдерде қиындықтарды ушықтыру мүмкін емес .

Түйін сөздер: түзету үшін педагогикалық қадағалаусыз, психикалық дамуы, датчик, ақылды, сөйлеудің бұзылуы, диагностика, жеке іс.

Summary

Psychological pedagogical support of children with special educational needs

G.S. Sarbasova, teacher-psychologist

(Samara High School

Named after Zhubandyk Bolganbaev)

The article examines the psychological and pedagogical support for children with special education need. Unsuccessfulness at the initial stages of training creates real difficulties for the normal development of the child, because, without mastering the basic mental operations and skills, students do not cope with the growing volume of knowledge in the middle classes and, due to the aggravating difficulties at subsequent stages, drop out of the learning process .

Keywords: pedagogical neglect, mental development, sensor, intellect, speech disorders, diagnose, individual case, correct.

ТАРИХ, ЭКОНОМИКА, ҚҰҚЫҚ– ИСТОРИЯ, ЭКОНОМИКА И ПРАВО
HISTORY, ECONOMY AND LAW

ӘОЖ 9(С) 55 Ж 92

АБЫЛАЙ ХАН: ӨМІРІ, ІШКІ ЖӘНЕ СЫРТҚЫ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ САЯСАТЫ
ЖӘНЕ ҚОЛБАСШЫ РЕТІНДЕ ҚАЛЫПТАСУЫ

Қ.Қ. Жылқышыбаева т.ғ.к., доцент
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

Қ.Д. Райсов, оқытушы
(Алматы қ., Қазақ ұлттық аграрлық университеті)

Аңдатпа: Мақалада Қазақ хандығының өз алдына жеке ел болып қалыптасуын біржолата аяқтауда шешуші рөл атқарған және қазақ жерін қорғау үшін бар күш-қайратын, ақыл-ой парасатын елінің, ұлтының, Қазақ мемлекетінің тәуелсіздігін, бостандығын қорғау, сақтау үшін жұмсаған Абылай ханның өмірі, жүргізген ішкі және сыртқы дипломатиялық саясаты, қолбасшы ретінде қалыптасуы жөніндегі мәселелер қарастырылған.

Түйін сөздер: Абылай хан, жоңғар, жаулау, қазақ, ұлттық, бодан, Ресей, ерлік, Орта жүз, төлеңгіт, сұлтан.

Бәрінен бұрын Абылай хан қазаққа ұлттық мақтаныш сезімін қайта алып бергенімен қымбат. Онан кейінгі Абылайдың ерекше бір еңбегі ретінде қазақ арасындағы алауыздықты азайтқанын айтқан жөн шығар. Сол дәуір үшін бұл өмірлік мәні бар мәселелердің бірі еді. Ақыр-аяғында, Абылай түптің түбінде Қазақ елінің тұтас, тәуелсіз мемлекет бола алатынына сенімді оятып кеткенімен де ерекше қадірлі. Абылай бала күнінен жоңғар шапқыншылығының бар қасіретін көріп өсті. Оның текті әулеттен, текті болғанда да кәдімгі Шыңғыс ханның ұрпағы Жошы тұқымынан екенін барша жұрт біледі. Әріге аспай-ақ, оның бергідегі бабаларының өзінен эз-Жәнібекті, Еңсегей бойлы ер Есімді, Салқам Жәңгірді атасақ та жетіп жатыр. Абылай небәрі бір мүшелге толартолмаста, 1723 жылы жоңғарлар қазақ даласына бұрын-соңды болып көрмеген алапат күшпен келіп соқтыққан еді. Ерте көктемде, тұтқиылдан басталған шабуыл елдің тозтозын шығарған-ды. Жоңғарлар аз ғана уақыттың арасында Жетісуды жайпап өтіп, Ташкентті иеленіп үлгерді, қазақтарды Сырдың сағасына, Арал түбіне дейін тықсырып тастады. Содан 1725 жылға дейін қазақ даласы осы ауыр соққыдан есін жия алған жоқ. Ол заманды айтып жатудың қажеті шамалы. «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген сөздің өзі-ақ жетіп жатыр.

Абылайдың аты алғаш рет 1731 жылғы Ұлытау маңындағы шайқаста шыққан. Жиырма жасар Әбілмансұр сол жолы жоңғар батыры Шарышты жекпе-жекте жер құштырып, қазақ қолын «Абылай! Абылай!» деп ұрандап бастап бергені, сол күннен Абылай атанып кеткені, жас батырдың атақ-даңқы қазақ даласына кеңінен жайылғаны мәлім. Көп ұзамай Орта жүз ханы Әбілмәмбеттің, Бөгенбай батырдың, Төле бидің басқа да игі жақсылардың қолдауымен Абылай Арғын тайпасын қолына алады. Кейіннен бір ақынның өзін танымай қалған Кенесарыға ашуланып: «Атаңа алты қатын алып берген Атығай-Қарауылдың баласымын», - дейтіні соған байланысты айтылған сөз. Бұл кезең Абылайға мол мүмкіндік ашқан. Ол заманда сұлтандар мен хандардың өзінде халыққа нақты ықпал жасай алатын тетік ретіндегі аппарат та, бір ортаға қордаланған қаражат та болмағанын ескерсек, рулық биліктің тұтқаларын орнымен пайдалана білген адам ел басқарғандардың өзіне көп әсер ететін. Белгілі тарихшы П.П.Румянцев рудың қазақ қауымындағы орнын жақсы пайымдаған. Сол кісі «Киргизский народ в прошлом и

настоящем» атты кітабында былай деп жазыпты: «Даладағы бүкіл экономикалық және әлеуметтік тыныс - тіршілік руға тіреліп тұратын, ағайын біткен бірге көшіп жүретін, малын бірлесіп бағатын, барымтаға бірге аттанып, дұшпанның бетін бірге қайтарысатын, тойын бірге тойлап, адам өміріндегі жөн-жоралғының бәрін бірге атқарысатын. Руынан бөлектеніп қалса-ақ қазақтың күні қараң, ол бас еркінен айырылып шыға келеді, жолы болды дегенде төлеңгіттікке қолы зорға жетеді» [1]. Біз бұрын бірыңғай сөгіп, сілікпелей беретін рулық құрылым, шынтуайтында, әлдеқайда күрделі дүние көрінеді. Тіпті рулық автархияның өзінің де белгілі бір дәрежеде демократиялық сипаттары болғанын жоққа шығару қиын. Ру-рудың игі жақсылары, би-батырлары жиналып келіп сұлтандарды, хандарды сайлап отырғаны сол кез үшін едәуір ілгері қадам еді.

Абылай орыс жылнамаларында Сібірдің ханзадасы деп аталады. Ал, шынында Абылай орта жүз қазақтарының XVIII ғасырда өмір сүрген ханы. Оның тегі кіші жүз сұлтандарының кенже буынан тарайды да, үшінші атадан барып Әбілмәмбет ханға қосылады. Онымен Абылай (Абылай сұлтан ханның немере інісі) 1739 жылы Орынборда Ресейге мәңгі бодан болатыны туралы ант берген. Атасы, онда аты Абылай, Түркістанның билеушісі болып тұрған. Батырлығымен, батылдығымен аты шығып, сол үшін қанішер деген қаһарлы да, құрметті атаққа ие болған кісі. Бірақ баласы Уәли әкесінің даңқын асыра алмай, Түркістанды басып алған көрші билеушілердің бірінің қолынан қаза тапты. Қалтқысыз берілген бір құлының арқасында ғана он үш жасар ұлы Абылай аман қалды [2].

Адал төлеңгіт өз түлегін ертіп, қазақ даласына тартты. Ағайын-туғандары сыртқа тепкен жас Абылай қырға келіп, Жақсылық руының бір байына малшы болады. Дүрбелеңге толы дүбірлі кезең Абылайдың тапқырлығы мен табандылығы, ақылдылығы мен алғырлығын танытуына жағдай жасайды. XVIII ғасырдың алғашқы 10 жылдығы қазақ халқының өміріндегі бір алапат кезең еді. Жоңғарлар, Еділ қалмақтары, Жайық қазақтары мен башқұрттар қазақ руларына жан-жақтан тарта бас салып, қырып-жойып, малын айдап, жанын байлап әкетіп, талай әулетті тұтасымен тұтқынға алып кетіп жүрді. Қытымыр қыс, кесепат жұт пен ашаршылық тәңірден түскен қыспақтай-ақ халықты сансыратып, қайыршыландырып жіберді. Орынбордағы бір қазақ-рубасының өз жерлестерінің қайғылы хәлін соңынан бір топ ұялас тазы қуған қоянның жағдайына теңегені бар.

Әсіресе, 1723 жыл сұмдық сипатымен қазақтардың есінде өшпестей боп қалды. Қары қалың әрі көктайғақ болған сол бір сұрапыл қыста жоңғар қонтайшысы Қалдан-Серен қисапсыз қолмен қазақ қырына басып кіріп қазақтар мен қырғыздарды бұрынғы шаруашылығымен шапқыншылығы үшін жаппай жазалауға кірісті. Қайда барса да қаңқұйлы жоңғарлар қыр соңынан қалмаған қазақтар үріккен киік үйіріндей дүркіреп, жол жөнекей дүние-мүлкін, бала-шағасын, кемпір-шалын, арық-тұрық малын, үй мүлкі-мәнін шашып, түстікке барып қойып кетті. Орта жүз-Самарқанның түбіне, кіші жүз Хиуа мен Бұқарға барып паналайды. Ал, қырғыздар, олардың адам аяғы баспаған күз-жарына жасырынып, үрейі ұшқаны сонша, Гиссар алқабына дейін жетеді. Орта Азия құм белдерінен шүйгім жайылым таба алмай, жаңа көршілерімен жауыққан қазақтар құдіретті Ресейдің шекарасына көз салып, олардан қолдау мен қолқабыс іздейді.

Міне, осындай үрейлі қанды-қисап кезеңде ел назары Абылай сұлтанға ауады. Өйткені, ол жорықтардың бәріне алғаш қатардағы жауынгер боп қатысып, соның өзінде қисапсыз ерлік көрсетіп, айырықша амал-айласымен көзге түскен еді. Өнегелі ақыл кеңесі, сұңғыла зердесі арқасында да ол бірден-ақ көреген, кемеңгер деген атқа ие болады. Шынында да, қазақтар мұны ұлы істер атқаруы үшін алланың өзі жіберген емшісі, аруақ иесі деп ұққанға дейін Абылай талай күресті бастан кешіріп, сан сыннан сүрінбей өтті. Ол екі мәрте қолға түсіп, бірінде-қырғыздарға, екіншісінде Қалдан-Серенге тұтқын болды. Оның Қалданнан құтылуы шын мәнінде керемет. Себебі, ол ханның сүйікті ұлы Шарышты жекпе-жекте өлтіріп, құдіретті қалмақтың қазақтардан табандап тұрып, талап етуімен тұтқынға түскен ғой [3].

Қалай болғанмен де, 1739 жылы біз оны Орта жүздің ең ықпалды, ең күшті билеушісі деп таныдық. Орыс үкіметі де көбінесе Абылаймен және оның інісі Сұлтанбекпен ғана байланыс жасап отырған. Өйткені, қырға барып қайтқан орыстардың айтуына қарағанда, ол тұста нағыз ханның ешқандай мәні де, беделі де болмаған. Даламен жақсы таныс Тевкелев бұл сұлтанды қырғыз билеушілерінің ішіндегі ең айлакері, әрі ең ықпалдысы дейді.

1759 жылы Абылай орыс сарайына өзінің туысын Жолбарыс сұлтанды жіберіп, сый-сияпат сұрайды. Кейін оған өкілеттік қағаз жіберіп, жылына 300 сом жалақы тағайындалып, 200 пұт ұн беріп тұру белгіленеді. Осы екі арада Орта Азияда Абылайдың мансап жолындағы ой-арманын жүзеге асыруына жағдай жасайтын оқиғалар болған еді. Ол оның халық алдындағы абырой-беделін тіпті аспандатып жіберді. 1745 жылы қазақтарға әзірейілдей Қалдан-Серен дүние салып, Жоңғарияда билікке таласқан дүрбелең басталды. Қалмақ тайпалары енді Абылайдан көмек күтеді. Ескі кегі зығырданын қайнатып, жоңғарларға тісін қайрап жүрген сұлтан олардың алтыбаған алауыз боп әлсіреуін пайдаланып, бірде бір жағына, бірде екіншісіне ыршып шығып, ұрыс-керістің көрігін қыздыра түседі [4].

Жоңғарияны тарихта теңдесі жоқ жылдамдықпен оп-оңай жаулап алған император Цянь-Луннің жеңімпаз армиясының Жоңғар жеріне келуі Абылайдың саясатына үлкен ықпал етеді. Жоңғария мен Кіші Бұқар аймағын оп-оңай өзіне қаратуы және қытайлардың жауынгерлік рухын көтеріп, басқыншылық құштарлығын арттыра түседі. Зайыры, император Цянь-Лун хань және таңь әлеуметтерінің заманын қайта қайталағысы келгенге ұқсайды.

1756, 1758 және 1760 жылдары Қытай жасақтары Орта жүз қазақтарының жеріне ат ізін тастайды. Қазақ билеушілері Кіші жүздің ханы Нұралы, Орта жүздің ханы Әбілмәмбет пен Абылай Аспанасты империясымен келісімге келуге құлшынады. 1756 жылы Абылай өзін Бөгдіханның вассалы деп мойындап, бекзада атағы мен жылпарақ алады. Ал, Нұралы Пекинге елшілік жібереді. Қоқан билеушісі Еркеке би - 1758 жылы, кейін мұрагері Нұрбота би – көктің ұлына пенделігін мойындайды.

Осынау сырттай тәнтілікке қарамастан орта-азиялықтар аса абыржулы еді. Күшті Жоңғария құлап, кіші Бұқардың басып алуы адам айтқысыз үрей туғызды. Оның үстіне діндер, мұсылмандар ақыр заман болар алдында жердің жүзін қара Қытай қаптайды деген аңызға қатты сенетінді. 1762 жылы Орта жүздің ханы Әбілмәмбет пен Абылай сұлтанға 130 адамнан тұратын Қытай елшілері келіп, императордың әмірі бойынша көктем туа Түркістан мен Самарқандқа әскер шығатынын жариялап, алда болар жорық үшін көмекке кісі, көлікке жылқы мен өгіз, сойымға қой сұрауы, бұрынғы бұрынғы ма, қазақтардың үрейін тіпті ұшырып жіберді. Олар уақытша өзара ірің-кезекті доғарып, одақ құрып, оның басына қолбасшы етіп Нәдір-шахтың түменбасы, қандағар билеушісі әрі Дураки әулетінің негізін қалаушы Ахметті тағайындады. Абылай сырттай одаққа кіретін сияқты көрінгенімен, шын мәнінде Қытай үкіметімен байланысын үзбей, барған сайын онымен жақындаса түсті. Олар тіпті Пекинге аманат етіп ұлы Әділді жіберді. Бірақ, Бөгдіхан Абылайдың тәнтілігіне дән разы болып, Әділді қолына өкілеттік қағаз беріп, көп сый-сияпатпен әкесіне қайта аттандырады. Ал, Абылайдың өзі болса, Сайрамкөл жағасында Іле цзян-цзунымен (генерал-губернаторымен) кездесіп, онымен сауда шартын жасасты. Шарт бойынша Тарбағатай мен Іледе айырбас базары ашылып, онда қазақтар айдап әкелген малына Қытай бұйымдарын айырбастап алып жүрді [5].

Қытайлармен байланыс бекіген сайын Абылай Ресеймен қарым-қатынастан іргесін аулақ сала бастады. 1771 жылы хан сайлағанда да ол орыс шекарасына барып, ант бергісі келмеді. Сөйтіп, ол өзін халық қалап, баяғыда-ақ бұл дәрежеге лайықтап қойғанын, көктің ұлының және өкіметті қырға өз қызметшісін арнайы жіберіп, Абылайға ант бергізіп хан атағының белгілерін (қылыш, қамқа тон және бөрік) тапсырды. Ондағысы өздері бекітпей тұрып, хан болу деген қазақтардың қаперіне де келмесін деген ішкі есеп. Абылай өз

балаларына ақыл айтқанда Қытаймен жақындаса түсуге кеңес беріп, Ресеймен келісімді сақтау керек деп тапсырды. Оның ойынша, қытайлар хан билігі үшін ешқашан қатерлі емес, ал, орыс үкіметі болса, жергілікті билікке ең күшті бәсекелес. Оның үстіне заман ағымы қазақтардың Ресей көмегіне мұқтаждығы аз екенін айқындай түсті. Абылайдың қырдағы билігі тіптен нығайды. Ұлы жүзде (үйсін болыстары) оның билігін мойындады. Жоңғарларды Қытайлар жойып жіберді. Қазақтар ту-талапай еткен, әсіресе Абылайдың өзі түбіне жеткен торғауыттар Ілеге әрең жетіп, Қытай саятшыларының қитұрқы торына түсті. Пугачёв бүліншілігі титықтатып, тағдырын енді үкімет қолына алған Жайық қазақтары өз бетімен басып кіре алмас халге жетті. Қазақтардың ендігі жауы Түркістан, Созақ, Сайрам, Шу мен Ташкенттің арасындағы және басқа қалалардың қазақ сұлтандарымен ауылын аулақ салуға тырысқан қу қырғыздар мен Орта Азия билеушілерінің бір бөлігі ғана. Абылайға аян беріп отыратын әдеттен тыс аруаққа деген сенімі қазақ халқына бұрын-соңды болмаған өжеттік дарытты. 1770 жылы Абылай Шат асуынан да асып, Туро өзенінің маңында қырғыздарға шабуыл жасады. Таулықтарды өкшелей қуып ол Шу жағына дейін айдап салды. Шуға құятын Қызылсу мен Шамси өздерінің бойында қырғыздар Абылайға қарсы одақтасып қан кеше жүріп айқасады. Бұл жайында «Жайыл қырғыны» атты аңыз күні бүгінге дейін бар қырғыздардың қырылғаны сонша, Сұлту руының Талқан деген атасынан тек қырық-ақ адам тірі қалады. Сонан соң Абылай олжасын артынып-тартынып өзінің Сібір желісіне жақын сүйікті қонысы Көкшетауға қайтып келеді [6]. Алып келген тұтқындары тіпті көп, қазір олардың ұрпағы Жаңа және Бай қырғыз деген екі болыс ел болып отыр.

Абылайдың Ташкентпен және Ходжетпен соғысы Жизаққа дейін жеті шаһарды алуымен тынды. Олардың арасында Әзірет-сұлтан Сайрам, Шымкент, Созақ және басқа қалалар бар. Ал, Ташкент алым-салық отыруға тиісті болды. 1774 жылы Абылай Үйсіннің ел ағаларының өтінуі бойынша оларды басқару үшін ұлы Әділді жіберіп, оған Талас өзенінің бойымен қалашық салып берді. Кентті кілең еңбекқор қарақалпақтар қоныстанды. Ұзын саны жетпіс бірге жететін басқа балаларына ол Орта жүз және Ұлы жүз руларын бөліп берді. Ал, өзі әулет басы ретінде рубасыларының ғұрпы бойынша өмір сүру үшін Түркістанда қалды.

Қазақ хандарының арасында Абылайдай шексіз билікке ие болған бірде-бірі жоқ. Ол өз өктемдігін асырып, ең алғаш өлім жазасын енгізді. Бұрын мұндай сұмдық шешім халық жиынының ұйғарымымен ғана жүзеге асатын. Сөйтіп, ол ханның билігін алқалы кеңес арқылы шектеп отыратын рубасылар мен сұлтандардың өркөкірек үстемдігін тыйды. Әуелі мұндай жаңалық сұлтандар мен билердің наразылығын туғызып, бас көтертті де, 1781 жылы Дайыр сұлтан Орынбор губернаторына арыз айтып, Абылайды өзіне тиісті емес билікті басып алушы деп бейнеледі. Рубасылары ежелгі әдет бойынша кәдімгі Польшадағы корольға қарсы соғыс сияқты, ханға қарсы аттанбақ та болды. Алайда Абылайдың төлеңгіттері оларды тас-талқан қылды да, бәрі ханның темір тезіне бағынуға мәжбүр болды. Бұл ханның ықылым заманынан аяланып келген еркін жайылуды өктемдікпен басып, өз қимыл-әрекетін қалай заңдастырғанын кім білсін, әйтеуір ұрпақтар оны әулие санап, шабуылға шыққанда есімін жігер шыңдар ұран етіп атайды.

Ал, оның өз балаларына қалдырған ауызша өсиеті Ақсақ Темір саясатымен астасып жатқанын аңғартады. Балаларына ол қазақ тайпалары арасындағы ру таласып ешқашан түбегейлі шешім, дүрдараздық пен дау-дамай қашан да хан билігінің тапжылмас таяныш-тірегі болуы керек деп ақыл-кеңес беріп отырған.

Бір жағынан қанды қырғын ала келген жоңғар экспансиясы, екінші жағынан мысықтабандап жылжи бастаған Ресей империясы қазақ қауымын тұтастандыруды, халықты, оның жерін сақтап қалу міндетін шеше алатын, бір орталыққа бағындырылған билік жүйесін қалыптастыруды талап етті. Әрі мұны рулық құрылым жағдайында жүзеге асыру қажет еді. Ол, ғаламат қиын іс болатын. Абылайдың алдында өз Тәуке осыған әрекет еткен. Халқымыз «әз» деген әзіз анықтауышты қиған екі адамның бірі дәстүрлі

дала құқығының бұрынғы бес жарғысын жаңғыртып, оны екі жаңа жарғымен толықтырып, феодалдық мемлекеттің құқықтық негізін қалай бастаған болатын. Мұны басын ашып әдейі айтып отырмын-әз Тәукеге дейін де ол қалыптан кеткен «Жеті Жарғыға» дейін де далада құқық ұғымы, оның табан тірер тұғыры болғанын ұмытпауымыз керек. Тәуке ханның өлімінен кейін билік басындағылардың сепаратизмі күшейіп кеткені, жағдай әбден асқынған, «ақтабан шұбырындыға» ұрынып, ел басына күн туған шақта барып атақты Ордабасы биігінде ортақ жауға қарсы тұрар қуатты жасақ құру жөнінде тоқтам жасалғаны, оның тізгіні кіші жүз ханы Әбілқайырға берілгені мәлім. Әбілқайыр, қазір қалам ұстағанның кейбірі оңды-солды соқтығып, жеңіл-желпі жазып жүргеніндей, кім көрінген келіп оп-оңай оспақтай беретін тұлға емес. Оның, әсіресе, жоңғарларға қарсы күрестегі орны бөлекше. Мұнымен қатар, ата жаумен алысқанда көмегі тиер ме екен деп Ресейге қол артқан Әбілқайырдың көп ұзамай қазақ сұлтандарының наразылығына ілініп, көз түрткі бола бастағаны тағы рас еді. Бірте-бірте Әбілқайырдың бас қазақтың басын қосып кете алар тұлға бола алмайтыны байқала берді. Қазақ елін шығыстағы көршіден де, батыстағы көршіден де біршама аулақтау ұстайтын жаңа тұрпатты саясат қажеттігі айқын бола бастады. Мұндай саясат айналасы бес-он жылда қалыптаса қалмайды. Ол үшін ең алдымен ойлау жүйесі, іс-қимыл сипаты атымен бөлек, тың тұлға керек еді.

Абылай сондай тұлға бола білді. Абылай қазақ қауымының сол тұстағы жағдайында тіпті қолдан келместі жасай алды. Көшпелі елдің рулық-тайпалық құрылымын сақтай отырып, орталықтанған мемлекеттің негізгі ұстындарын орната алды. Бір жағынан, Цин империясы мен Ресейдің өзара мүдделерін бір-бірімен қағыстыра-соғыстыра жүріп, екінші жағынан, хандар, сұлтандар, билер, батырлар арасындағы қым-қиғаш қайшылықтарды орнымен пайдалана біліп, ұдайы ұстараның жүзінен өткендей жағдайда ғұмыр кешті.

1731 жылы қазақ жерлерін өзіне қосып алуды бастаған Ресей Кіші жүзбен қанағат тұтып, тоқтап қалған жоқ. Оның үстіне Ресей қарауына өтуді қазақ елінің сол тұстағы талай-талай беделді адамдары да қолдағанын ұмытпаған жөн.

Алла тағала өзі бір адамдарды туа бітті лидер етіп жаратады. Олардың беделі елден ерекше болады. Өзінің ағасы Әбілмәмбет ханмен 1740 жылғы тамыз айында Орск (қазақтар Жаманқала дейді) қаласына қалай келгенін генерал-лейтенант князь Урусов Әбілмәмбет пен Абылайға деп бір үлкен отау тіккізген екен. Абылай салған беттен өзіне бөлек отау тігіп беруді, ханмен бірдей құрмет көрсетуді талап етеді. 1776 жылы «Қатын патша» - Екінші Екатеринаға «Мені үш жүздің ханы етіп бекітіңіз» деген сипатта хат жазатыны бар [7]. Абылайдың беделін арттыруға мүдделілік танытпаған Санкт-Петербург әрі бұлғақтатып, бері бұлғақтатып, екі жылдай жүріп алады да 1778 жылы 24-мамырда Абылайды орта жүздің ханы етіп бекітетін жарлық шығарады. Ол жөніндегі грамота Орынборда тапсырылатын болады. Дегенін жасамаған соң Абылай ол жерге бармай қойған.

Абылайдың Ресейге бодандыққа ант беруін бергенмен өле-өлгенше өзін тәуелді ретінде сезінбегені анық. Мысалы, 1771 жылы қасиетті Түркістанда, Қожа Ахмет Йассауи кенесінде хан болып сайлағаннан кейін Санкт - Петербургтен түскен бұйрық бойынша Сібір әкімшілігі мен Орынбор генерал – губернаторы Абылайдың Омбыға немесе Орынборға келіп, Ресейге адалдыққа ант беруі қажеттігін айтады. Абылай ол жаққа бармайтынын хабарлайды. Император грамотасын Орынбор губернаторының қатысумен тек Петропавловскіде ғана қабыл алатынын, өйтетін себебі өзі сол жерге таяу маңайда көшіп-қонып жүріп жатқанын, хан ордасын сонда тіккенін мәлімдейді... Осының төңірегінде дипломатиялық келіссөздердің өзі бірнеше жылға созылған. Ақыр аяғында Орынборда кездесетін болып, жеме-жемге келгенде Абылай оған да бармай қойғаны жаңа айтылды.

Абылайдың тұтқынға түсуіне келсек, ол былай болған. 1741 жылдың қасында 30 мыңдық жоңғар қазақ жеріне сұғына кіріп, Тобыл мен Есілге дейін жеткен. Бұл жолғы

агрессияның Ресеймен шектелетін аймаққа бірден бағытталғаны тегін емес еді. Жоңғарлар қазақтар Ресеймен жақындасып күшейіп кете ме деп қауіп еткен. Расында да, елдің ішіне ендеп кетті демесеңіз қазақ жағынан адам шығыны бұл жолы аз болған – ауылдардың бәрі дерлік орыс әскерлері тұрған шептерге жетіп алған-ды. Абылай шағын қолмен шапқыншылық жасап жүргенде жау арасына өтіп кеткенде, аты өліп, өзі қолға түскен. Тұтқында екі жылдан артық болған. Таяуда баспадан шыққан «Қазақстан» энциклопедиясының бірінші томындағы «Абылай» мақаласында «Қазақтың үш жүзінен Төле би бастаған 90 адам елші барып, келіссөз жүргізіп, 1743 жылы 5 қыркүйекте Абылайды тұтқыннан шығарып алады», - деп жазылыпты. Оған қоса, тарихи әділдік үшін осы іске Ресейдің дипломатиялық өкілдіктері де араласқанын айтқан жөн. Отанына келген соң Абылайдың Ресей өкіметіне разылығын айтып: «я же должен за всемилоствейшую государыню милостию ис полону от калмык владения Галдан-Чирина освободить», деп хабарлағаны осының дәлелі. Ресейдің бұл іске қандай мақсатпен араласқаны басқа әңгіме, әрине. Бірақ, араласқаны анық. Жалпы, тұтқыннан Абылай негізінен өзін-өзі алып шыққан [8].

Әңгіменің басына Шоқанның «Абылай дәуірі-қазақтардың ерлігі мен серілігінің ғасыры» деген сөздер айтылды. Ерлік те, серілік те неден шығады? Сенімнен шығады. Абылайдың ең ұлы еңбегі-қазақтың өзіне өзінің сенімін арттырғаны. Сол сенімнен қазақ тарихтың қандай қиын тұстарында да айырылып көрген емес. Оның жемісін енді тәуелсіз Қазақ елінің бүгінгі ұрпақтары татып отыр. Абылай бізді асудан асуға, биіктен биікке шақыра бермек, шақыра бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Абылай хан. Құраст. С. Дәуіт. Жауапты ред. Р.Бердібай. Алматы. Жазушы. 1993 – 416 б.
2. Тарақов Ә. Қазақ әдебиетіндегі тарихи тұлға проблемасы (Абылай хан бейнесінің көркемдік тағылымы). – Алматы, Қазақ Университеті, 2004 - 341 бет.
3. Жұмаділов Қ. Дарабоз: Тарихи роман.- Бірінші кітап, Алматы. Шабыт, 1994. - 416 бет.
4. Казахско-русские отношение в ХУІ-ХУІІІ вв. Құжаттар мен материалдар жинағы. А., 1971, 31 бет.
5. Уалиханов Ш. Шығармалар жинағы, 4-том, 1985.
6. Қазақ совет энциклопедиясы. 2-том, 368 бет.
7. Қазақ совет энциклопедиясы. 2-том, 368 бет.
8. Қазақ совет энциклопедиясы. 2-том, 368 бет.

Резюме

Абылай хан: жизнь внутренней и внешней дипломатического политики и становится командиром

К.К. Жылкышыбаева, к.и.н., доцент

(г.Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

К.Д.Райсов, преподаватель

(г.Алматы, Казахский национальный аграрный университет)

В статье рассматривается жизнь и общественная деятельность великого казахского хана Абылая. В данной статье Казахское ханство независимым постоянно играет ключевую роль в завершении формирования страны и защищать энергию казахскую, умственную, интеллектуальную, страну, нацию, и защиту свободы независимости казахского государства провел, чтобы спасти жизнь великого хана, внутренние дипломатические и иностранные политические вопросы формирования командира предусмотрен.

Ключевые слова: Абылай хан, Джунгарская, Казахская усиления, национальности, Россия, мужество, Центральная сотня, толенгит султану.

SUMMARY

Abylai Khan: life of internal and external diplomatic policy and becomes commander

K.K. Zhylyshybaeva, *Candidate of History, Associate Professor*

(Almaty, Kazakh State Women's Pedagogical University)

K.D. Raisov, *teacher*

(Almaty, Kazakh National Agrarian University)

The article discusses the life and social activities Abylai. The article considers the life and social activities of the great Kazakh Khan Abylaya. In this article, the Kazakh Khanate has always played a key role in completing the formation of the country and protecting the Kazakh, intellectual, intellectual, country, nation and protecting the freedom of independence of the Kazakh state. In order to save the life of the great Khan, the internal diplomatic and foreign political issues of the commander's formation are envisaged .

Key words: Abylai Khan, Dzhungar, Kazakh amplifications, nationalities, Russia, courage, Central Hundred, Tholengit Sultan.

ӘОЖ 9(С)55 Қ 45

ҚЫПШАҚТАРДЫҢ ЭТНОГЕНЕЗИ МЕН ЭТНИКАЛЫҚ ТАРИХЫ

М.А. Қасымбекова, оқытушы,

А.М.Қоңырова, оқытушы

(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті)

Аңдатпа: Қыпшақтар билігінің Арал өңірі мен Сырдария бойындағы аймақтарға таралуына байланысты этникалық саяси жағдайдың өзгеруіне қарай ХІ ғасырдың 2-ширегінің басында «Оғыздар даласы» (Мафазат әл-гуз) деген атаудың орнына «Қыпшақтар даласы» (Дешті Қыпшақ) деген атау пайда болды. Маңғыстауды, сондай - ақ оған жапсарлас жатқан аймақтарды қаратып алған қыпшақтар Хорезмнің солтүстік шегіне жақындап келді. Сол арқылы қыпшақтардың саяси ықпалы едәуір кеңейді. Мақалада қыпшақтардың этногенезі мен этникалық тарихы қарастырылған.

Түйін сөздер: қыпшақтар, оғыздар даласы, куман тайпалары, жайлау, қыстау, ХІІ ғ., ХІІІ ғ., хорезмшах, орда, мемлекет.

ХІ ғасырдың басында бұрынғы кимек, қыпшақ және куман тайпалары қоныстанған аумақта әскери-саяси үстемдік қыпшақ хандарының қолына көшті. Қыпшақтардың билік басына келген билеуші әулеттік шонжарлары оңтүстік және батыс бағыттарда белсенді қимыл жасай бастады, мұның өзі оларды Орта Азия мен Оңтүстік-Шығыс Еуропа мемлекетімен тікелей белсенді қарым-қатынас орнатуға жеткізді.

ХІ ғасырдың екінші ширегінде қыпшақтардың әскери-тайпалық шонжарлары Сырдарияның төменгі және орта аңғарынан, Арал мен Каспий өңірі далаларынан оғыз жабғуларын ығыстыруына экономикалық және саяси себептер де болған еді. Саяси фактор ең алдымен ХІ ғасырдың бас кезінде Орталық Азия тайпаларының батыс бағытында қозғалуына ұласқан сыртқы оқиғаларға байланысты болатын. Сонымен бірге қыпшақтардың өзін-өзі билеуге және өз мемлекетін құруға ұмтылған әулеттік топтардың орталықтан аулақтау сарынының маңызы аз болған жоқ. ХІ ғасырдың бірінші жартысында күшейген қыпшақ тайпаларының көсемдері, тегінде, жайылымдық жерлердің

тапшылығына ұшырап, сонымен қатар Еділ бойы, Үстірт және Сырдарияның төменгі ағысы арқылы өтетін аса маңызды сауда жолдарын өз бақылауына алуға ұмтылған болса керек. Азияны Европамен жалғастырып жатқан жолдың бұл учаскесі маңызды баю жолдарының бірі ретінде мейлінше қажетті болатын.

Қыпшақтар билігінің Арал өңірі мен Сырдария бойындағы аймақтарға таралуына байланысты этникалық саяси жағдайдың өзгеруіне қарай XI ғасырдың 2-ширегінің басында «Оғыздар даласы» (Мафазат әл-гузз) деген атаудың орнына «Қыпшақтар даласы» (Дешті Қыпшақ) деген атау пайда болды. Маңғыстауды, сондай-ақ оған жапсарлас жатқан аймақтарды қаратып алған қыпшақтар Хорезмнің солтүстік шегіне жақындап келді. Сол арқылы қыпшақтардың саяси ықпалы едәуір кеңейді. XI ғасырдың ортасында кумандардың негізгі бұқарасы мен билеушісі тоқсоба және бұржоғлы руларының қол астындағы қыпшақ тайпаларының үлкен топтары оңтүстік орыс және Қара теңіз өңірі далалары мен Византия шекараларына дейін қоныс аударды. Осы оқиғалардың нәтижесінде қыпшақ тайпаларының жері этно аумақтық екі бірлестікке: Еділ өзені бөліп жатқан Шығыс қыпшақ және Батыс қыпшақ бірлестіктеріне бөлінді. Қазіргі Қазақстан аумағының көп бөлігі Шығыс қыпшақ ұлысы ханының билігінде болды.

Ғылыми әдебиетте қыпшақтарда мемлекет болу проблемасына екі көзқарас бар. Олардың біріншісін жақтаушылар қыпшақтарда бір жағдайда-бұрынғы мемлекеттік құрылым ретінде, ал екінші жағдайда, атап айтқанда, хорезмшахтардың мәдени ықпалы барысында қыпшақтардың мемлекеттік дәстүр элементтерін игеруі ретінде қарастырылатын мемлекеттік болған деп санауға бейім.

Екінші пікір бойынша, мемлекеттің болу мүмкіндігінің өзі бекерге шығарылады. Мәселен, қыпшақтардың саяси құрылысы Ұлы Далаға мемлекетсіз үйренісудің үлгісі ретінде анықталады. Алайда, екі жақтың да көзқарасындағы айтарлықтай олқылық проблеманы кимектер мен қыпшақтар арасындағы сабақтастық байланыстар тұрғысынан қарастыруды ұнатпаушылық болды. Айта кетелік мұндай мүмкіндік кимектерде мемлекет болғаны анықталғаннан кейін ғана туды. Жазбаша деректемелердің мәліметтері қыпшақтарды Кимектер мемлекетінің толық құқылы мұрагерлері болған деп санауға мүмкіндік береді.

XI ғасырдың екінші жартысынан XII ғасырдың бірінші үштен біріне дейін қыпшақ хандарының саяси бірлігінде де біршама тұрақтылық байқалады, солардың ішінен деректемелерде ең елеулі екі билеуші - «күдіретті» билеуші және «ең үлкен құрметке ие патша» бөліп айтылады.

Бұл айтылғандар қыпшақтардың этно әлеуметтік қауымында ерекше ықпалы бар билік иелері жоғарғы хандар болған деп санауға мүмкіндік береді.

Қыпшақ хандарының билігі әкесінен баласына мұраға қалып отырған. Елбөрілі әулеттік ру саналған, хандар солардан шыққан. Тарихшы Джузджани (1260 жылдан кейін қайтыс болған) қыпшақ ханының әлеуметтік руы туралы мынадай құнды мәліметтер келтіреді: жас кезінде Қазақстан аумағынан Үндістанға монғолдардан қашып барған «(ұлы) ханның асқан ұлы ұлылығы», Дели сұлтанында ол «Елбөрі ханы және имектердің шахы» ретінде белгілі болды. «Ұлық – ханның әкесі де, - деп жазады одан әрі Джузджани, - Елбөрі тайпасының арасында күшті кісі болған және хан атағымен аталған», ал оның атасы Елбөрі Абар-ханның ұрпағы саналады. Демек, Абар-хан қыпшақтардың әулеттік елбөрі (елбөрілі) руының генеологиялық негізін қалаушыдан басқа ешкім де емес.

Осыған байланысты Махмуд Қашғаридың қыпшақтар арасындағы Табар-хан есімді тұлға туралы мәліметі назар аудартады. Алайда ол Табар-хан жөнінде ешқандай қосымша мәліметтер келтірмейді. Ал барлық жағынан алып қарағанда, Табар-хан мен Абар-хан бір ақ адам. Осыны негізге ала отырып, Табар-хан (немесе Абар-хан) XI-XIII ғасырдың басындағы Қыпшақ хандары әулетінің алғашқы атасы болған деуге болады.

Орда деп аталған хан ордасында ханның мал-мүлкі мен хан армиясын басқарған ханның басқару аппараты орналасты. Әскери – әкімшілік жағынан Қыпшақ хандары

ертедегі түріктердің дәстүрлерін ұстанып, екі қанатқа: ордасы Жайық өзенінде Сарайшық қаласы орнында орналасуы ықтимал оң қанатқа және ордасы Сығанақ – қаласында (Сырдарияда) орналасқан сол қанатқа бөлінді. Неғұрлым күштісі оң қанат болды. Дұрысына келгенде, хандықтың орталығы Торғай далаларында болса керек. Әскери ұйым мен әскери-әкімшілік басқару жүйелеріне ерекше мән берілді, өйткені, олар көшпелі тұрмыстың ерекшелігін көрсетті және көшпелі тіршілік әдісі үшін ең табиғи және қолайлы болды.

Қыпшақ тайпаларының көшіп – қонуы тез малшы топтары жүздеген, ал кейде мыңнан да астам шақырым жерге көшіп жүрді. Олардың көшетін аумағы тарихи дәстүрлерге, байлық дәрежесіне және табиғат жағдайларының сипатына қарай әр түрлі болып отырды. Негізгі жайылымдардың орны мен көшу жолдары, сан ғасырлық тәжірибе ұрпақтардың бойында қалыптасты.

Осыған байланысты «отан» (этникалық аумақ) ұғымына «жайылымдық жер», «жайлау» және «қыстау» ұғымдары арқылы ой жүгіртуге болады. Тұрақты көшу жолдарын елеулі экономикалық, әлеуметтік немесе саяси себептер ғана өзгерте алатын. Көшу жолдары мен жайылымдарды бөлу қоғамның қалыпты тіршілігін қамтамасыз еткен жайылымдық көшпелі жүйенің негізгі шарты болды. Мал ұрлау қатаң жазаланды, дағдылы құқықтың (төре) орныққан нормалары бойынша жазаланады деп есептелді. Жеке меншіктегі малға рулық-тайпалық белгілер (таңбалар) салынды. Малынан айырылған, демек, көшу мүмкіндігін жоғалтқан еркін қауым мүшесі отырықшы тұрғындар – жатақтар (ятұқтар) қатарына өтті. Кедей ятұқтар жеткілікті мөлшерде мал пайда болысымен-ақ, ол қайтадан көшпелі шаруашылыққа ауысып отырды. Қыпшақ хандары Орта Азия мемлекеттерімен, әсіресе хорезм шахтарымен ерекше табанды күрес жүргізді. Егемендікті тану, әдетте, вассалдардың билеушілерге адалдыққа ант беріп, алым төлеуінен, оның соғыс жорықтарына өз қолдарымен қатысуынан көрінді. Селжұқтар әскерінің құрамы көбінесе қыпшақ көсемдері бастаған тайпалық топтармен толықтырылып отырды.

XI ғасырдың соңғы ширегінің аяғында Маңғыстауда және Каспий теңізінің шығыс жағалауында бұрынғысынша қыпшақтар билік жүргізді, оларға оғыз және түрікмен тайпаларының жекелеген топтары саяси жағынан тәуелді болды. 1096 жылы «күдіретті» хан бастаған қыпшақ бірлестігінің тайпалары Хорезмге жорық жасады. Алайда хорезмшахтардың қамқоршылары селжұқтар оларды Маңғыстауға қайтуға мәжбүр етті.

Махмұд Қашғаридың жанама мәліметтеріне қарағанда, қыпшақтардың әскери-көшпелі шонжарлары қарахандар әулетінің билеушілерімен саяси жағынан күрделі өзара қатынастарда болған. Қарахандар қыпшақ ұлысының шығыс шектеріне жорықтар жасады, ал кимектер Ертіс жағалауынан Жетісудағы түріктердің мұсылман державасына шапқыншылық жасады. Қыпшақ хандары өз жерінің оңтүстік – батысында, Тараз аймағында Қарахандар мемлекетімен шекаралық мекен ретінде Кенжек сеңгір бекінісін салды.

XI ғасырдың аяғында Жент, Жанкент және төменгі Сырдарияның басқа да қалалары қыпшақ көсемдерінің қолында қала берді. Алайда XI ғасырдың бірінші жартысында бұл аймақ қыпшақ хандары мен оны қайткен күнде де иеленуге тырысқан Орта Азияның мұсылман әулеттері арасындағы табан тірескен күрес өңіріне айналды. Кутб ад-дин Мұхаммед билеген кезеңде (1097-1127) қыпшақтар Хорезмшахқа пәрменді қарсылық көрсетіп, төменгі Сырдария мен Арал және Каспий теңіздері аралығындағы далалық жерлерді өздеріне сақтап қалды. Қыпшақ билеушілері Мұхамедтің мұрагерлері, ұлы Атсызды (1127-1156) күшті де алғыр қарсылас деп білді. Хорезмшах билігінің алғашқы кезінде Санжарға адал бодан балып қала берді. Сол екі арада, көп кешікпей ол өзінің бүкіл ой-ниетін ең алдымен шектес жатқан қыпшақ тайпаларын бағындыру арқылы өз билігін күшейтуге бағыттады. Исламды таратуды желеу еткен Хорезмшах Атсыз Жентке жорық жасап, оны жаулап алды да, сонан соң солтүстікке аттанып, Маңғыстауды өз иеліктеріне қосты.

XII ғасырдың ортасында қыпшақтар мен кимектердің әскери қолдары Еділ бойында орналасқан Саксин мен оның төңірегіне жорық жасады. Осы оқиғалардың нәтижесінде Саксин тұрғындары қыпшақ хандары оған өз наместниктерін (басқақтарын) тағайындады. Орныққан дәстүрге сәйкес, Хорезм билеушілері қаңлылар мен қыпшақтардың хандарының руынан әйел алатын. Біріккен қаңлы тайпалары XII ғасырдың екінші жартысы – XIII ғасырдың басында өзін-өзі билеуге ұмтылған және сол арқылы Қыпшақ хандығының саяси бірлігіне жәрдемдеспеген үлкен саяси күш болды. Хорезмшахтардың негізгі әскери тірегі қаңлылар мен қыпшақтардың топтары болғаны мәлім. XIII ғасырдың басында Хорезмшахтар сарайында қаңлылардың басшысы Әмин Мәлік үлкен рөл атқарды, ал оның қызын Хорезмшах Ала ад-Дин Мұхаммед алған еді. Хорезмшахтар мемлекеттік және әскери лауазымдар берген қыпшақ ақсүйектері хорезмшахтардың мүдделерін қорғады. Қыпшақ қоғамында қыпшақтардың едәуір топтарының Хорезмді жақтаған бағыт ұстауы, сондай-ақ жоғарғы билік үшін бақталастықтың орталықтан аулақтану сарындары туғызған ішкі қайшылықтар күшейді. Осы жағдайда хорезмшахтар қыпшақ көсемдері арасында шеберлікпен араздық отын тұтатып, қолдап отырды.

XII ғасырдың аяғында Қадыр-Буке-хан мен оның жиені Алып-Дерек дауласып қалды. 1198 жылы Такештің ұлы Мұхаммед Алып-Дерекпен бірге далаға жорық жасады. Қадыр-Буке-хан талқандалып, Хорезмге жеткізілді. Хан билігі Алып-Дерекке көшті, ол хорезмшахтарға тәуелсіз саясат жүргізді. Қыпшақ ханының одан әрі күшеюінен қауіптенген Текеш Қадыр-Буке ханды босатып, оған Хорезмнің көп әскерін берді де, Алып-Дерекке қарсы аттандырды. Соның нәтижесінде Алып-Дерек талқандалды, алайда Қадыр-Буке-ханның өзі Хорезмшахқа тәуелді болып қалды.

XIII ғасырдың басында мұсылмандық Азияда дәмеленген хорезмшах Мұхаммед (1200-1220) мемлекетінің құрамына Сығанақ аймағы да кірді. Сығанақ иелігінен айырылғанына қарамастан, қыпшақ хандары Хорезмге қарсы табанды күрес жүргізуін жалғастыра берді. Женттен Мұхаммед солтүстікке қарай Дешті Қыпшақтың қыпшақтарына қарсы талай рет жорық жасады. 1216 жылы Қадыр-ханға қарсы бір соғыс жорықтары кезінде ол Ырғызға дейін жетіп, онда Торғай даласында моңғолдардан қыпшақтар еліне қашқан меркіттерді қуып келе жатқан Шыңғысхан әскерімен мүлдем күтпеген жерде қақтығысып қалды. Сұлтанмен шайқастан кейін моңғолдар түн жамылып шегініп кетті. Бұл Қазақстан жеріне моңғолдардың алғашқы келуі болатын, ол қыпшақтардың хорезмшахтармен ұзаққа созылған бақталастығын тоқтатты.

Қыпшақ мемлекеті құлады, алайда оның даму үрдісін XIII ғасырдағы ауыр оқиғалар біржола күйреткен жоқ, тек қана тұншықтырып тастады, сөйтіп XV ғасырда, қазақ халқы мен мемлекетінің қалыптасу кезеңінде қайта шықты.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Гумилев Л. Көне түріктер. Алматы, «Білім», 1994.
2. Кляшторный С.Г., Султанов Т.И. Казахстан: летопись трех тысячелетий. Алма-Ата, 1992.
3. Мухаммед Хайдар Дулати. Тарих-и-Рашиди, Алматы, 1999 .
4. Мусин Ч. Қазақстан тарихы. Алматы, 2005.
5. Қазақстан тарихы көне заманнан бүгінге дейін. Алматы, 1994.

Резюме

Этногенез и этническая история Кипчак

М.А. Касымбекова, преподаватель,

А.М. Конурова, преподаватель,

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

В статье рассматриваются проблемы этнической истории, этногенеза и территории размещения кипчакских племен. Половецкие власти вдоль Сырдарьи и Приаралья к

изменению политической ситуации в регионе в связи с распространением этнической XI века. В начале 2-го квартала «Огуз долина» (Mafazat аль-gwzz) имя вместо «Половецкая степь» (Дешт-Кипчак) появилось имя. Мангистауская, а также прилегающие районы, стоящие перед Кипчак вблизи края северного Хорезма. Таким образом кыпчаки, политическое влияние значительно выросло. Статья кыпчаки, при условии, этногенез и этническая история.

Ключевые слова: Кыпшак, Огузская долина, Кумана племена, пастбища, раз, XII век XIII гр, Хорезм, Орда, и государство.

SUMMARY

On Ethnogenesis and étničeskaya history Kipčak

M.A. Kasymbekova, teacher

A.M. Konwrova, teacher

(Almaty, the Kazakh state female pedagogical university)

Kypchaksky tribes problems of The ethnic history, etnogenesis and placing territory are told in This article. Rassmatrivayutsya problems become étničeskoy the history of the genesis and territory razmeščeniya Kipchak plemen. Polovetsky to power vdol Sırdarı and Prıaralya izmeneniya Communication from the political sitwacii Region rasprostraneniem étničeskoy XI century. In the framework of conception in the 2nd quarter, «Oguz Valley» (Mafazat al-gwzz) name instead of «Poloveckaya steppe» (Dasht-Kipčak) poyavilos name. Mangistau, a takje prilegayuščie offset stoyaščie msg Kipčak vblizi Edge severnogo Khorezm. Gestures, rather kıpčaki, the political vliyanie on a grand scale viroslo. Articles kıpčaki when wslovii on Ethnogenesis and étničeskaya history.

Key words: Kıpšak Ogwzskaya Valley, Cumana plemena pastbišča, Taraz, XII century XIII c, Khorezm, the Horde, and President.

ӘОЖ 94(574) А 30

ШЫҒЫС ЕЛДЕРІНІҢ ӘЛЕМ ТАРИХЫНДАҒЫ АЛАТЫН ОРНЫ

Б.Ж. Абжаппарова, т.ғ.д., профессор м.а.
(Астана қ., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ)

Аңдатпа: Мақалада Шығыс елдерінің тарихы және оны зерттеудің методологиясы мәселелері қарастырылған. Шығыс тарихы дүниежүзі тарихының құрамдас бір бөлігі. Дегенмен, бұл тарихтың өзіндік ерекшеліктерін де ұмытпаған жөн. Қазіргі кезеңде әлем тарихында өркениетті даму концепциясы негізгі қағида ретінде алынса, ол ең алдымен Шығыс елдерінің тарихының ерекшеліктерін түсіндіруге мүмкіндік береді.

Түйін сөздер: Шығыс, елдер, Рашид ад-Дин, Азия, Африка, дерек, тарихнама, А.Тойнби, өркениет, парадигма.

Шығыс елдерінің тарихын зерттеу - шығыстанудың кешенді ғылым ретіндегі құрамдас бөлімдерінің бірі болып саналады. Шығыстанулық тарихи зерттеулер шығыс елдерінің өткен тарихын айқындап қана қоймай, осы елдер жайлы терең түсінік алуға көмектеседі. Шығыс халықтары ежелден-ақ ғасырлар бойы сақталған дәстүрлері мен тарихи ескерткіштерін мұқият сақтауда. Шығыс елдерінің тарихы әлемдік тарихта ерекше орын алады. Осы аймақтарда әлемдік өркениеттің алғашқы ошақтары, ежелгі мәдениеттің, жазудың, ғылымның орталықтары: Ежелгі Мысыр мен Шумер, Финикия мен Ассирия, Ежелгі Индия мен Қытай пайда болды. Әсіресе, орта ғасырлар кезеңінде шығыс елдері өзінің даму қарқыны жағынан Европадан озық тұрды. Осы кезеңде Қытай империясы,

Араб халифаты, Шыңғысханның Моңғол мемлекеті, Осман империясы, Ұлы Моғол империясы сияқты ірі мемлекеттер пайда болып, дамыды. Қытай әлемге компас, қағаз, оқ дәрі мен кітап басып шығаруды паш етсе, арабтар әлемдік өркениетке математика мен медицинаны танытып, индиялықтар терең діни-философиялық теорияларды ойлап Батыстан әлдеқайда көш ілгері дамып, талай өнер туындыларын жасады. Жаңа заман әлемді түбірінен өзгертті. Батыс Азия және Африканы басып озып, оларды отарлауға көшті. Отаршылдық дәуірінде батыс ғылымында «озық Европа», «артта қалған Шығыс» деген түсінік қалыптасты. Батыс Азия және Африка елдерінің өз бетінше дамуына кедергі келтірді. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап әлемде қайтадан жаңа өзгерістер туып, Азия және Африка елдері тәуелсіздіктерін алып, прогрессивті даму жолында елеулі табыстарға қол жеткізіп, экономикасы дамып, әлеуметтік салада да үлкен өзгерістер пайда болды. Бүгінгі күні тек Жапония ғана емес Қытай, Индия, Оңтүстік Корея, Вьетнам, Таиланд, Малайзия және тағы басқа елдер күрделі жаңалықтары мен табыстары арқылы әлемді таңқалдыруда. Жаңа заман кезеңінде тарих ғылымында евроцентристік көзқарас үстемдік етіп, әлем тарихы европалық материалдар негізінде қарастырылды. Соңғы жылдары Азия және Африка елдерінде ұлттық шығыс мектептерінде шығыстанушы тарихшылардың зерттеулерінің арқасында евроцентристік көзқарастан бас тартып жаңа қадамдар жасалуда. Көптеген шығыс халықтарында тарихты жазуға құрметпен қарау ерекше орын алады. Тарихи білімдерге маңыз берілген. Ғасырлар мен мыңжылдықтар бойы көптеген тарихшылардың есімдері халықтың жадында сақталған. Сыма Цяньды қытай тарихын жазудың атасы деп санайды. Оның Қытай тарихына байланысты «Ши цзи» («Тарихи жазбалар») деп аталатын еңбегі тарихи материалды баяндауда Қытай династиясының тарихы жайлы қомақты еңбек болып саналады.

Парсы мемлекетінің қайраткері, ұлы ғалым-энциклопедист Рашид ад-Дин (1247–1318 жж.) фундаментальды «Джами ат-Таварих» (Жылнамалар жинағы) деп аталатын тарихи шығармасын жазды. Бұл еңбектің құндылығы сонда автор әлем тарихын жазуда мұсылман халықтары ғана емес Европа, Қытай, Индия тағы басқа елдер жайлы материалдар енгізген.

«Тарихи дерек» тарих ғылымының базалық категориясына жатады. Шығыстанушы үшін «дерек» — шешуші ұғым. Тарихи деректерге сүйене отырып, Шығыс елдеріндегі оқиғалар жайлы мәлімет алуға болады. Тарих ғылымының негізгі мәселелерінің бірі болып саналатын тарихи деректер тарихи деректану ғылымының тікелей зерттеу объектісі [1, 8 б.]. Деректер қатарына тарихшылар өткен оқиғалар жайлы ақпарат беретін жазбаша, заттай ескерткіштер мен материалдарды жатқызады. Шығыстанушы-тарихшы жазбаша немесе заттай деректерге сүйенеді. Қазіргі кезеңде ақпарат, радио, телехабарлар, аудио, видеотаспалар да дерек көздеріне айналуда. XXI ғ. басында қазіргі ақпарат жүйесінде интернетте «дерек» ретінде саналады. Қытай тарихының деректерін зерттеуші ғалым, Г.Я.Смолин Шығыс елдерінің ежелгі және орта ғасырлар тарихына байланысты негізгі тарихи деректерді беске бөледі: «1) заттай; 2) мифологиялық және басқа фольклорлық деректер; 3) эпиграфиялық; 4) жазба; 5) тілдік» [2, 12]. Профессор Г.Я.Смолиннің деректерді осылайша 5 түрге бөлуі көп жағдайда шартты болып есептеледі. Мысалы жазу белгілері бар ақшалар мен мөрлер (Шығыс елдерінде кеңінен дамыған), елтаңбалар, төс белгілерін көп жағдайда заттай да кейде эпиграфикалық, тіпті жазба деректер де жатқызуға болады. Жоғарыда көрсетілген тарихи деректер жіктелуіне сәйкес тектерге бөлінеді. Заттай деректердің ішінде өндірістік қызмет бұйымдары, діни наным мазмұнындағы ескерткіштер мен заттар және мәдени-тарихи ақпарат беретін деректер ерекше орын алады. Жазба деректер тегі жағынан баяндайтын нарративті, құжаттық болып екіге бөлінеді. Тарихи деректер деректану деп аталатын тарихи ғылымның арнайы бір зерттеу саласының объектісі болып саналады. Деректану саласында тарихи деректерді зерттеудің жаңа тәсілдері мен концепциялары оны пайдалану жолдары жасалып жатыр. Тарихшы-шығыстанушылар филологиялық пәндермен қатар палеография,

лингвистикалық палеонтология, текстология, топонимикамен де айналысады. Шығыстық деректануда тарихи және филологиялық бастаулары бір-бірімен тығыз байланысты әрі бірін-бірі толықтырып отырады.

Тарихнама кең мағынада алғанда деректік шығармашылық процесс болып саналады. Тар мағынада айтқанда, тарих ғылымын, тарихын зерттеу, тарих ғылымындағы теориялар мен концепцияларды әдіс-тәсілдерді зерттейді.

Жүздеген жылдар бойы тарихшылар көптеген шығармалар жазып, көптеген мектептер мен бағыттарды ашты. Жаңа зерттеулер де жазылып жатыр. Кейде мынадай сұрақтар туындайды: осы жаңа тарихи еңбектерді жазу қажет пе, бұрын жазылған жоқпа, қайта жазудың қажеті не? Әрбір дәуір жаңа тарихи дәуір тарихи оқиғалар мен мәдени құбылыстарды әкелетін болғандықтан, өткен құндылықтар мен дәстүрлерді қабылдау үшін, өткенді қайтадан ой елегінен өткізіп, жаңа көзқарас тұрғысынан баға беру қажет. Тарихнама тарихи талдаудың жаңа әдіс-тәсілдері арқылы осы құбылысты зерттейді.

Тарихи методология тарих ғылымының маңызды элементі болып саналады. Оған тарихи зерттеу процесінде қолданылатын тарихи талдаудың әдіс-тәсілдері жатады. Осы пәнге байланысты тарихи тәсіл пайдаланған алғашқы шығарманы Лукиан Самосатский (б.э.д. 120 – 180 жж.) жазды. Европада тарихқа ғылыми көзқарас XIX ғ. ортасында қалыптасты. Тарих ғылымы методологиясының қалыптасып дамуына үлкен үлес қосқан ғалымдардың қатарына ресейлік ғалым, Петербург ғылым академиясының мүшесі А.С.Лаппо-Данилевский (1863–1919) жатады. Ол ұсынған методологиялық тәсілдер «Тарих методологиясы» фундаментальды еңбегінде берілген. Тарих методологиясының құрылымына: 1) тарихи білім теориясы 2) тарихи зерттеу тәсілі, 3) деректану методологиясы, 4) тарихи құрылым методологиясы жатады. Тарихи білім теориясы, А.С.Лаппо-Данилевскийдің көзқарасы бойынша тарихи танымның бастау принциптерін құрайды оған мыналар жатады: а) теориялық-танымдық көзқарас, б) тарихи құрылымдардағы себеп пен салдар принциптері в) тарихи баға беру критерийі негізінде тарихшының материалды таңдауы, г) тарихшы пайдаланатын «эволюция», «прогресс», «регресс» түсініктерінің мағынасы т.б. А.С.Лаппо-Данилевский деректану методологиясы тарихшының өзіне таныс деректерді пайдалана отырып, берілген тарихи фактілердің алатын орнын негізге алып, принциптер мен тәсілдерді белгілеуі деп тұжырымдайды. Қазіргі кезеңде тарих ғылымының негізгі методологиялық принципі тарихилық принцип болып саналады. Соған сәйкес барлық объектілер мен тарихи құбылыстардың заңды тарихи дамуы олардың нақты өмір сүру жағдайымен байланысты болу қажет. Бір де бір тарихи құбылыс өзінің тарихи контекстінен бөлініп қалмау керек, себебі әрбір тарихи оқиғаның себеп-салдарымен байланысы болу қажет.

Тарих, тағы басқа гуманитарлық тіл білімі, әдебиеттану, саясаттану, дінтану, юриспруденция білімі салаларында салыстырмалы, (салыстырмалы тарихи тәсіл) қолданылады. Ол тарихи құбыластардың жалпы және ерекшелігін айқындауға көмектеседі. Оның көмегімен әртүрлі халықтардың өзара мәдени, әлеуметтік, саяси ықпалы зерттеліп, ортақ тарихи заңдылықтары сараланады.

Әрбір тарихи деректердің өзіндік ерекшелігін зерттеуде қосалқы тарихи пәндер ерекше орын алады. Вексиллогия тулар мен жалауларды, жалаушаларды зерттесе; геральдика - гербтарды; дипломатика (немесе актілік деректану) тарихи актілер мен ресми немесе жеке мазмұндағы заңдық құжаттарды, олардың түрлері мен мазмұнын, шынайылығын айқындау; нумизматика ақшалар мен ақша айналымының тарихын; сфрагистика (немесе сигиллография) - мөрлерді; эмблематика символдар мен белгілердің (әскери шендердің айырмашылығын, фирмалық және тауар маркаларын); эпиграфика көне тастар, металдар, саз, сүйектер, ағаштардағы жазуларды зерттеумен айналысады.

Ұзақ жылдар бойы әлем тарихын зерттейтін тарихшылар адамзат тарихын зерттеудің базалық методологиялық принциптері туралы пікірталастар туғызып келеді. Шығыс елдері тілдеріндегі нақты деректермен жұмыс жасап жүрген шығыстанушы-

тарихшылар әлемдік тарихи процеске күрделі түзетулер мен теориялық концепциялар енгізуде. Адамзат тарихын зерттеуде ұзақ жылдар бойы формациялық және өркениетті көзқарас қалыптасты. «Қоғамдық-экономикалық формация» түсінігін XIX ғ. К.Маркс енгізді. Маркстің анықтауы бойынша қоғамдық-экономикалық формация белгілі бір тарихи даму сатысы кезеңіндегі, өзіндік ерекшелігі бар қоғам.

Кеңестік кезеңде маркстік тарих ғылымында формациялық негізде адамзат өзінің тарихи дамуы кезеңінде бес негізгі қоғамдық-экономикалық: алғашқы-қауымдық, құл иеленуші, феодалдық, капиталистік және коммунистік формацияны өткереді деген түсінік қалыптасты. Шығыстануда бұл көзқарас академик В.В.Струвенің 1930-шы жылдарғы пікірлерінен кейін бекіді. Осыдан бастап «бесмүшелік» схеманы сынға алуға тыйым салынды. Маркстік қоғамтануда сол кезеңдегі тарихи материализмде қалыптасқан догмалық жорамалдар бойынша барлық тарихшылар формациялық көзқарастан ауытқымауы тиіс болды. Бір қоғамдық формациядан екінші бір қоғамдық формацияға өту әлеуметтік революциялардың нәтижесінде болады деген пікір қалыптасты.

1980-ші жылдардың соңынан бастап отандық қоғамтану ғылымында формациялық парадигма ұзақ жылдар бойы шетел ғалымдары белсенді түрде қолданып келген өркениетті көзқараспен ауыстырыла бастады. Тарихи дамудың өркениетті парадигмасының қалыптасуына Арнольд Тойнби үлес қосты [3]. Оның концепциясы шетел және ресейлік ғалымдардың теориялық және қолданбалы негізіне айналды. Тойнбидің теориялық концепциясы тарихи даму барысындағы ірі әлеуметтік мәдени қауымдастықты қамтыды. Тойнби алғашқылардың бірі болып адамзат қауымдастығы тарихындағы мәдениет пен саясаттың тығыз қабысып жатқандығын көрсете білді. Тойнби өркениетті парадигманың қалыптасуында екі мәселеге назар аударады. Біріншіден, ол өз еңбектерінде өркениеттің дамуының қорытынды кезеңінде империя қалыптасып, аталған өркениеттің рухымен бағындыра алмағандықтан күшпен қоластында ұстап отыруға тырысатындығын көрсетеді. Тарих оны (Рим, Осман, Ресей империялары, Үшінші Рейх, Қазіргі АҚШ) т.б. дәлелдейді.

Екіншіден, Тойнби «перифериялық үстемдік» деп аталатын идеяның бар екендігін негіздеп, соған сәйкес, орталық мәдени потенциал біткен кезде әскери саяси қатынаста күшті ықпал ететін перифериялық халықтарға бағынышты болады деп санайды. Қазіргі кезеңде «өркениет» әртүрлі мағынада қолданылып жүр. Кейбір авторлар «ортағасырлық өркениет» «капиталистік өркениет», «батыс өркениеті» деп саралап жүр. Кейде «өркениет» жергілікті немесе аймақтық әлеуметтік мәдени қауымдастықты білдіретін, немесе олардың рухани мәдениеті ерекшеліктерін (христиандық, мұсылман, конфуциандық, конфуциандық-буддалық өркениет) немесе олардың тиісті территориялық және этникалық ерекшеліктеріне байланысты (европалық, шығысаязиялық, таяушығыстық, африкалық; қытайлық, жапондық, араб өркениеттері) деп, кейде табиғи-географиялық белгілерінің негізінде (гидравликалық, далалық, континентальды, океандық өркениеттер) деп қолданылады. «Өркениет» термині «мәдениет» түсінігінің синонимі ретінде қолданылады. Алайда ғалым В.П.Илюшечкин атап көрсеткендей, «оларды ұқсас етіп көрсетудің дұрыс емес екендігін мәдениет қоғамдағы материалдық, рухани өндіріс саласындағы жетістіктердің жиынтығы» деп есептейді [4, 337].

Қазір өркениетті көзқарасты қолдаушылар өркениетті қоғам дамуы процесінің өзекті құрылымдық бірлігі деп санайды. Ғалымдар өркениетті көзқарас қандай елдің тарихына байланысты қолдануға өте қолайлы деп есептейді. Өркениеттік көзқарастың ең басым жағы рухани бастауында. Көптеген авторлар өркениеттер санының өте көп екендігін айтады: Н.Я.Данилевский өркениеттің 13 түрі бар десе, О.Шпенглер - 8, А.Тойнби - 26, қазіргі зерттеушілердің бірі С.Хантингтон - 8 деп санайды. Өркениетті көзқарастың қарсыластары бар. Белгілі шығыстанушы ресейлік ғалым Л.С.Алаевтың пікірі бойынша қазіргі кезеңде кезеңдік бөлуді өркениетті көзқараспен ауыстырудың болашағы жоқ,

себебі бұл үшін ғылыми терминология мен өркениеттерді салыстыру критерийлері әлі жасалмаған, «өркениеттер жүйесі» деген түсінік жоқ [5].

Әлемдік-тарихи дамуды әртүрлі методологиялық тұрғыда қарастыра отырып, формациялық және өркениетті көзқарастар бірін-бірі толықтырып, тарихи дамудың жаңа парадигмасының негізін қалайды. Қазіргі кезеңде шығыс елдерінің шынайы тарихын зерттеуде көне шығыс деректерінің ғылыми айналымға енуі бұрынғы қалыптасқан көзқарастардан бас тартып жаңаша зерделеуге жол ашылуда. Шығыс елдерінің тарихын тереңнен зерттемейінше әлем тарихының дамуын білу мүмкін емес.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Есімов Қ. Қазақстан тарихы деректануы. – Қарағанды: А. Байтұрсынов атындағы Қостанай университеті баспасы, 1999. – 188 б.
2. Смолин Г. Я. Источниковедение древней истории Китая. Учеб. пособие. Л.: Изд-во ЛГУ, 1987. 183 с.
3. Тойнби А. Дж. Цивилизация перед судом истории /Сборник/ Пер. с англ. 2-е изд. - М.: Айрис-пресс, 2003. - 592 с.
4. Илюшечкин В. П. Теория стадийного развития общества: История и пробл/ РАН; Ин-т востоковедения. – М.: Вост. лит., 1996. – 406 с.
5. История Востока: В 6 т. /Р. Б. Рыбаков (пред.) и др.; Ин-т востоковедения. – М.: Вост. лит. – Т. 6. – 2005. – 574 с.

Резюме

Восток роль в мировой истории

*Б.Ж. Абжаппарова, д.и.н., и.о.профессора
(г.Астана, ЕНУ им.Л.Н.Гумилева)*

В данной статье Б.Ж.Абжаппарова рассматривает проблемы современной востоковедческой науки. Автор анализируя особенности истории, методологии, источниковедении востока раскрывает ее роль в мировой истории. История восточной части истории мира. Тем не менее, не следует забывать, специфические особенности истории. В настоящее время концепция развития истории цивилизованного мира будут приниматься в качестве основного принципа, который, вероятно, объяснить особенности истории стран Востока.

Ключевые слова: страны Восточной, Рашид ад-Дин, Азии, Африки, данные, историография, А.Тойнби цивилизации парадигмы.

SUMMARY

East role in world history

*B.Zh. Abzhapparova, Doctor of Historical Sciences, Prof.
(Astana, ENU named after LN Gumilev)*

In this article, B.J. Abzhapparova considers the problems of modern oriental science. The author has analyzed the features of the history, methodology, sources east reveals its role in world history. In this article B.Zh. Abzhapparova considers the problems of modern Oriental science. The author analyzes the features of history, methodology, source study of the East reveals its role in world history. History of the eastern part of the history of the world. Nevertheless, one should not forget the specific features of history. At present, the concept of development of the history of the civilized world will be accepted as the basic principle, which is likely to explain the peculiarities of the history of the countries of the East.

Keywords: Eastern countries, Rashid ad-Din, Asia, Africa, data, historiography, A. Toynbi civilization paradigms.

ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҰРАҒАТ ТАРИХЫНА ШОЛУ

*Г.О. Чаргынова, оқытушы
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті)*

Аңдатпа: Мақалада Қазақстандағы мұрағат тарихының қалыптасу кезеңдері, патша үкіметі дәуірінен бастап, ХХ ғ. 20-30 жылдарындағы республикалық мұрағаттың қалыптасу жағдайы баяндалған.

Түйін сөздер: мұрағат, Қазақстан, ұлттық, әкімшілік, А.Байтұрсынов, құжаттар, министрлік.

Қазақстандағы мұрағат жүйесі (республика, салалық, аймақтық, т.с.с.) негізінен ХХ ғасырдың 20–30-жылдары қалыптасты. Ұлттық мұрағат ісінің бастауында А.Байтұрсынов, С.Сейфуллин, М.Жолдыбаев сынды мәдениет қайраткерлері тұрды. Мемлекет 1921–1938 жылы Қазақ АКСР-і Халық ағарту халкоматының, 1938–1958 жылы Қазақ КСР-і Ішкі Істер халкоматының қарамағында болды, 1958 жылдан Министрлер кеңесіне бағындырылды. Облысы, ауданы мұрағат жергілікті әкімшіліктерге қарады. Мұрағат қызметінің басты бағыттары: қор жинақтау, құжаттардың сақталуын қамтамасыз ету, қор құрамын зерттеп, жүйелеу, ғылыми анықтамалар мен көрсеткіштер жасау, құжаттарды пайдалануды ұйымдастыру және жария ету.

КСРО дәуірінде мұрағат социализмді дәріптеудің идеологиялық құралы болды. Республикадағы барлық құжаттар айналымының 10%-ға жуығы коммунистік құндылықтар тұрғысынан мұқият сұрыпталып, мемлекет сақтауға – мұрағатқа жинақталды. Құжаттардың біржақты іріктелуінің салдарынан Қазақстанның шынайы тарихын бейнелейтін аса бағалы деректер архивке түспей, біржола жойылып отырды. Ал, мұрағат қорындағы құжаттардың басым бөлігі түрлі жасанды шектеулер қою арқылы зерттеушілерге берілмеді. Қазіргі мұрағатта дәстүрлі қағаз құжаттардың түпнұсқаларымен және көшірмелерімен қатар фото-киноматериалдар, дыбыстық және бейнежазбалар, ақпараттың барлық жәдігерлер түрлері сақталады. Мұрағатта мәңгілік мерзімге сақталып, қорғалатын тарихи деректер – мемлекеттің ішкі-сыртқы жағдайы, экономика, саяси-идеология қатынастары туралы құжаттар Ұлттық байлықтың бір бөлігі болып табылады. Тәуелсіз Қазақстан мұрағаттану қызметіне халықаралық байланыстардың артуы оң ықпалын тигізіп отыр [1].

XVIII ғасырдың 30-жылдары Кіші жүздің Ресей империясының қол астына өтуі орыстар үшін шығысқа бағытталған отарлық саясатты бастау үшін қолайлы жағдай туғызды. І-Петр патша кезінде алып империяға айналған Ресей, өз жеріне тағы да біршама жерлерді қосып алуға кірісті. Ал, шығыстағы Орта Азия мемлекеттерін отарға айналдыру үшін алдымен қазақ жерінен бастау қажет болды.

Ресейдің отарлық саясатының ерекше күш алған кезеңі, бұл XVIII ғасырдың соңы еді. Осы кезеңде Кіші жүзде Патша үкіметі мен хандық билікке қарсы халық қозғалысы күшейе түсті, сұлтандар арасында да билікке талас орын алды. Ақыры Кіші жүз халқы екіге бөлініп, бір бөлігі 1801 жылы Жайық өзенін асып, жаңа мекенге қоныс тепті. Бұл орын алған ахуал Ресейдің Кіші жүзде арандату саясатын жүргізіп, екі бөлікке бөліп, әлсірету мақсаты орындалғанын көрсетеді. Өйткені, 1799 жылы Нұралы ханның баласы Бөкей сұлтан Ресей патшасы І Павелге бос жатқан Еділ мен Жайық аралығын мекендеу туралы өтініш білдірген кезде, Ресей патшасы ұзақ ойланбастан өз келісімін берген еді. Осыдан, яғни 1801 жылдың 11 наурызынан бастап Бөкей ордасы тарихи сахнаға шықты.

1801 жылы құрылған Бөкей хандығы қазақ тарихына бірнеше жаңа есімдерді алып келді. Оларға Бөкей, Шығай, әлі де болса күні бүгінге дейін зерттеушілердің пікір

таласына айналған әйгілі Жәңгір, сонымен қатар ержүрек қолбасшы Исатай, батыр, әрі жырау Махамбет. Күйлері қазақ музыкасының алтын қорына енген күйшілер Құрманғазы, Дәулеткерей және Динаның есімдері халқымыздың жадында мәңгілікке сақталып қалды.

Бөкей хандығы құрылғаннан бастап Орынбор губернаторлығына бағынышты болып, бірінен соң бірі алма-кезек губернаторлық қызметке келген орыс шенеуніктерінің қадағалауы мен бұйрықтарын орындаумен өмір сүріп келді. Ресейдің еуропалық бөлігіне жақын орналасқан хандық өз тарихында бірнеше саяси әкімшілік өзгерістерге ұшырап, орыстандыру шаралары ауқымды жүзеге асқан аймаққа айналды. Оған дейін сыртқы істер министрлігінің бақылауында болып келген Бөкей ордасы 1838 жылы ақпан айының 5 күні Мемлекеттік мүлік министрлігінің қарамағына ауыстырылды. Өйткені, жалпы Орта Азия аумағын отарлауды тереңдетіп, нәтижелі жүргізу үшін Патша үкіметі 1837 жылы осы министрлікті құрған болатын. Осы арқылы жаңа жерлерді өз империясына қосып алу мақсатында түрлі айла шараларды іске асыра бастады.

Мемлекеттік мүлік министрлігі Бөкей хандығын бақылауға алысымен оның алдында жүзеге асырылуға тиісті мынадай міндеттер тұрды: орда жерінде тыныштықты сақтау, Қазақ халқын орыс халқымен жақындастырып, хандықтың басқару жүйесін Ресейдің басқару жүйесімен сәйкестендіру, орда жерін көршілес орыс губернияларына біріктіріп жіберу, т.с.с. [1].

Патша әкімшілігінің Бөкей хандығының ішкі істеріне араласуға қол жеткізу мақсатының орындалуына 1836-1838 жылдары болып өткен шаруалар көтерілісі өз кезегінде қолайлы жағдай туғызды. Орда жерінде тыныштықты сақтап тұру мақсатын алға қойып, хандықты бақылауға алған Мемлекеттік мүлік министрлігі ханға ішкі қиыншылықтарды реттеуге жәрдем беруді желеу етіп, хан және өзге сұлтандардың күмәнін туғызбай хандықтың ішкі саясатына араласып кетті. Дәлірек айтқанда, 1843 жылы Жәңгір ханның кеңсесінің жанында орыс шенеуніктерінен құрылған жаңа орыс кеңсесінің ашылуы және оның басшысы ретінде мемлекеттік мүлік министрлігінің қызметкері С.И.Матвеев тағайындалды [2]. Матвеев арқылы Орынбор басшылығы хандықтың ахуалы туралы ақпараттармен дер кезінде қамтамасыз етіліп тұрды.

1845 жылдың 11-тамызында Жәңгірдің кенет дүние салуы халықты ауыр қайғыға ұшыратты, бірақ бұл оқиға Патша үкіметінің Бөкей ордасында хандықты біржола жою ниетін жүзеге асыруға өте ыңғайлы жағдай туғызды. Жәңгірдің өлімі туралы деректі Саратовтан арнайы ханға жіберілген дәрігер И.Ф.Троицкийдің медициналық қорытындысынан көре аламыз, онда: «Тамыз айының 10-нан 11-не қараған түні ханның өліміне 19 сағат қалған кезде Торғын өзенінің бойындағы хан ордасына жеттім. Медициналық тексеру барысында оның миына қан құйылып, ауыр халде жатыр» - делінген [3]. Жәңгір хан 11-тамыз күні, кешкі сағат алты жарым шамасында дүниеден өтеді [4].

Ендігі кезекте мемлекеттік мүлік министрлігі мен Орынбор әкімшілігінің алдында Бөкей ордасын тиімді басқару мәселесі тұрды. Жергілікті билікке орыс шенеунігін қойып, сұлтандар мен халық билігінің наразылығын тудырып алудан қауіптенген патша әкімшілігі өздеріне ыңғайлы, халық арасында беделі мығым қазақ сұлтандарының арасынан біреуін таңдап алуды жөн көрді. Оған басты үміткер ретінде Жәңгірдің жақын бауыры әрі көмекшісі, сондай-ақ бірнеше руды бір мезгілде басқарып, патша әкімшілігіне танылған беделді сұлтан Әділ Бөкейұлын «Ішкі орданы уақытша басқарушысы» ретінде тағайындалды [5]. Ал, оның кеңесшілері болып сұлтандар Шөке Нұралыханұлы мен Меңдікерей Бөкейұлы ұсынылады [6]. Кіші жүздің ханы Нұралының баласы жасы егде тартқан Шөке Нұралыханұлы сұлтандар мен халық алдында беделі жоғары, орданың ішкі жағдайымен жақсы таныс сұлтан болатын. Кейінгісі, Жәңгірдің інісі Меңдікерей шеркеш руының басқарушысы және ханның «жақындарының» бірі, беделді сұлтан ретінде патша әкімшілігіне жақсы таныс болды. Осылайша патша үкіметі хан туысқандарынан Бөкей ордасының уақытша әкімшілігін ұйымдастырды, әрі хандықты жою мақсатында

жергілікті басқару жөнінде аз уақыт аралығында жаңа жоба әзірлеп, 1846 жылы 21 қаңтарда «Ішкі орданы басқару жөніндегі уақытша кеңесті» құрады [7]. Кеңестің төрағасы ретінде жоғарыда аталған сұлтан әділ Бөкейұлы тағайындалады. Орынбор генерал губернаторы Обручев пен Орынбор шекара комиссиясының басшысы Ладыженскийдің бірігіп даярлаған жобасы бойынша Уақытша кеңестің төрағасымен қатар оған жәрдем, кеңес беріп тұру үшін жергілікті сұлтандардан екі кеңесші және мемлекеттік мүлік министрлігі тарапынан бір кеңесші тағайындалуы қажет болды. Сұлтандар арасынан Шөке Нұралыханұлы мен Меңдікерей Бөкейұлы тағайындалса, орыс шенеуніктерінен өз қызметіне орданың істерімен жіті таныс, Жәңгірдің орыс кеңесінің төрағасы болған, басқару қызметінде бірнеше жыл тәжірибе жинаған С.И.Матвеев кірісті [8].

Жаңадан құрылған Уақытша кеңестің басты міндеттері Бөкей ордасы туралы ақпараттарды Орынбор әкімшілігіне жедел жеткізу, халық арасындағы тыныштық жағдайды сақтау, заң бұзушылық әрекеттерді шешу және алдын алу, жыл сайын халықтан жиналатын зекет пен соғым түріндегі салықты жинау және сол туралы мәліметтерді Орынбор басшылығына жеткізу, сондай-ақ империяның отарлық көзқарасындағы істерді бұлжытпай орындау т.с.с. [9]. Осы дерек көздері арқылы біз патшалық Ресейдің уақытша кеңесті құрудағы негізгі мақсатын анықтай аламыз.

Сұлтандар мен халықтың наразылығын тудырмау үшін кеңестің басшысы ретінде Әділ Бөкейұлы тағайындалса да, негізгі басқару ісімен мемлекеттік мүлік министрлігі тарапынан тағайындалған кеңесші айналысатын. Бұл туралы деректі біз атақты қазақ этнограф ғалымы Салық Бабажанұлының Бөкей ордасына қатысты әлеуметтік-этнографиялық жазбаларынан кездестіре аламыз.

1847 жылы 31 ақпанда, шекара комиссиясы қызметкерлерінің жұмыс қарқынын тездету мақсатында Орынбор басшылығы аталған басқарманың жанынан «Ішкі орданы басқару туралы уақытша бөлімшені» құру идеясын жүзеге асырды [10]. Уақытша бөлімшенің қызметкерлер құрамы 11 адамнан құрылып, зекеттен түскен кірістен 2830 рубльді осы бөлімшенің қызметкерлеріне жыл сайын бөліп отырды.

Осылайша, өз тарихында көптеген басшыларды кезекпен ауыстырған Уақытша кеңес тұсында Бөкей ордасы түрлі әкімшілік өзгерістерге ұшырап, 1917 жылы бұл жергілікті коллегиялды басқару аппараты біржола жойылады. Біз бұдан XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап Бөкей ордасының тарихы толығымен орыс отарлық саясатының көрінісі ретінде білеміз.

Мұрағат – тарихи маңызы бар құжаттар сақталатын мемлекеттік арнаулы мекеме. Мекемелердің ескі құжаттарын сақтайтын бөлімі немесе жеке тұлғаның өмірі мен қызметіне байланысты жинақталған жәдігерлер жиынтығы да архив делінеді. Қазіргі таңда Қазақстан Республикасы Байланыс және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағаттар комитетінің Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама мұрағаты XIX ғасырдың соңынан бүгінгі күнге дейінгі Қазақстанның ғылымы мен техникасының қалыптасуы және дамуы тарихы бойынша құжаттарды сақтайтын аса ірі мекеме.

Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама мұрағатында Алматы қаласының аумағына орналасқан республикалық және бұрынғы одақтық бағыныштылықтағы ғылыми-зерттеу, жобалау, конструкторлық технологиялық ұйымдар мен мекемелердің қызметі нәтижесінде құрылған ғылыми-техникалық және басшылық құжаттамалар мемлекеттік сақтауға алынған.

Мұрағатта бүгінгі күні мемлекеттік сақтауда 184621 сақтау бірлігі бар. Оның ішінде ғылыми-техникалық құжаттама көлемі 105925 сақтау бірлігін құрайды, олардың 18654 сақтау бірлігі ғылыми-техникалық, 2265 сақтау бірлігі – конструкторлық, 83005 сақтау бірлігі – жобалау, 2001 сақтау бірлігі – патенттік құжаттар болып табылады. Басшылық құжаттамалар көлемі 59036, жеке тектік құжаттар 3608, жеке құрам бойынша құжаттар

16052 сақтау бірліктерінен тұрады. Барлығы мұрағатта 156 қор сақталады. Олардың хронологиялық шегі 1775 жылдан 2007 жылға дейінгі аралықты құрайды.

Мұрағат қорларының құрамы мамандандырылған мұрағаттың ерекшеліктерін көрсететін төмендегі жинақтаушы ғылыми-техникалық құжаттар тобынан тұрады:

1. ғылыми-зерттеу құжаттамасы; 2. конструкторлық құжаттама; 3. технологиялық құжаттама; 4. жобалау-сметалық құжаттама; 5. патенттік құжаттама; 6. басшылық құжаттама.

Орталық мемлекеттік ғылыми-техникалық құжаттама мұрағаты құжаттарының маңызды бөлігін Қазақстан, Орта Азия және Шығыс Сібір электр энергетикасы нысаналарының, азаматтық-тұрғын үй, өнеркәсіп және машина жасау, мелиорация, су және орман шаруашылығы саласы құрылыстарының жобалау құжаттамалары құрайды. Көптеген қорлар сейсмикалық аса қауіпті аймақтарда қала құрылысы бойынша құжаттардан тұрады. Алматы қаласының тұрғын үй және азаматтық құрылыстарының жобалары бойынша, соғыстан кейінгі кезеңнен бүгінге дейінгі қазақстандық архитектура мектебінің барлық даму тарихын көруге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Дакенов М., Нурпеисова Б.И. и др. Архивоведение. Алматы, 2003.
2. Архивное строительство в Казахской ССР (1918-1980). А. 1980.
3. Закон Республики Казахстан «О национальном архивном фонде и архивах». А. 22 декабря. 1998.
4. Сариева Р. Мұрағат және тарих. «Арыс», 2004.
5. Теория и практика архивного дела в СССР. Учебник. Под редакцией Ф.И. Долгих и К.И. Рудольсона. М. Высшая школа. 1980.
6. Система единой классификации документальной информации в систематических каталогах. М. 1978.
7. Программа развития архивного дела на 2001-2005 гг. От 11.06.2001.
8. Алдамжар З. Тарих: пайым мен тағылым. Алматы, 2002.
9. Мұрағат құжаттары- халық қазынасы. Материалдар жинағы. Атырау 2005.
10. Государственный архив Костанайской области. Исторический очерк. Костанай, 2003.
11. Медведев С.А. Архивы Костанайской области. Исторический очерк. Костанай, 2003.
12. Сергазин Ж.Ф. Основы обеспечения сохранности документов. А. 1986.
13. Юренева Т.Ю. Музееведение: Учебник для высшей школы. - 2 е изд. М: Академический проект .
14. Музееведения. Музеи исторического профиля: Учеб. Пособие для вузов по спец.

Резюме

Архивные этапы развития в истории Казахстана

Г.О. Чаргынова, преподаватель

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

В данной статье архивные этапы развития в истории Казахстана, начиная с эпохи имперского правительства двадцатого века. 20-30 лет в состоянии формирования национального архива. В данной статье рассматриваются архивные информации и документы XIX века. Структура и наука, технические архивы Бокей Орды. Современные архивы Республики Казахстан.

Ключевые слова: архив, национальная администрация, А.Байтурсынова, документы министерства.

SUMMARY

Archive stages of development in the history of Kazakhstan

G.O. Chargynova, teacher

(Almaty, Kazakh State Women's Pedagogical University)

This article discusses historical information and documents of the XIX century. structure and science, technical archives Bokey Horde. Modern Archives of the Republic of Kazakhstan. In this article, the archival stages of development in the history of Kazakhstan, beginning with the era of the imperial government of the twentieth century. 20-30 years in the state of formation of the national archive. In this article, archival information and documents of the XIX century are considered. Structure and science, technical archives Bokey Horde. Modern archives of the Republic of Kazakhstan.

Key words: archive, national administration, A. Baytursynova, Ministry documents.

ПЕДАГОГИКА – ПСИХОЛОГИЯ, PEDAGOGY – PSYCHOLOGY

ӘОЖ 372.3/4
Ж 25

**ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМҒА МАМАН
ДАЙЫНДАУДЫҢ ИННОВАЦИЯЛЫҚ БАҒЫТТАРЫ**

*С.Н.Жиенбаева, п. э. д., профессор
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)*

Аңдатпа: Мақалада мектепке дейінгі ұйымдарға құзыретті тәрбиеші-педагогтарды даярлаудың жаңаша бағыттары мен жолдары көрсетілген. Бұл мақсатты жүзеге асыруда маман кәсіби білімі, іскерліктері мен дағдылары арасындағы үзіліп қалған байланыс қайта жалғасын табуы керек. Болашақ маманның жеке тұлғалық позициясын, оның кәсіби білімі мен іскерліктерін біріктіру жүзеге асуы жөн. Бұл біріктіру жалпы қосынды емес, сапалық жағынан жаңа құрылым болып, тұтастығы мен ішкі құрылымы жаңа типті тәрбиеші даярлау мен қалыптастыру мақсатын қоюға болады.

Түйін сөздер: инновация, құзыретті тәрбиеші-педагог, болашақ маман, кәсіби маман, ақпараттық технология.

Әлемдік бәсекелестік заманда әрбір адамның білім санасын, қабілеттік деңгейін іскерлік мүмкінділігін анықтайтын адам ресурстарын дамыту мәселелері күн тәртібіне өткір қойылып, адамның білімі мен біліктілігі, құзыреттілігі қазіргі кезеңде мемлекеттердің бәсекеге қабілеттілігінің ең маңызды көрсеткішіне айналып отыр. Бұл көрсеткіштің алғашқы іргесі мектепке дейінгі кезеңнен қалыптасатынын белгілі. Елбасы Н.Назарбаев «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағытында «Бүкіл әлемдегі сияқты, Қазақстан мектепке дейінгі білім берудің жаңа әдістеріне көшу керек. Туу көрсеткішінің жоғарылығын, жалғасып жатқан демографиялық өсімді ескере келе, «Балапан» бағдарламасын 2020 жылға дейін ұзартуға шешім қабылдадым. Үкімет пен әкімдердің алдына балаларды мектепке дейінгі білім беру және тәрбиемен 100% қамтуға қол жеткізу міндетін қоямын» деген. Елімізде мектепке дейінгі білім беруде табандылықпен жүзеге асырылып жатқан ілгерілеу саясаты мектеп түлектерінің мектепке дейінгі ұйым педагогін таңдауына жаңа серпін берді. Мұның өзі осы кезге дейін қол жеткен табыстарды сын көзбен бағалай отырып саралауды, оның негізінде мектепке дейінгі педагогика теориясы мен практикасына нақты өзгерістер енгізуді, білім мазмұнын жаңаша құруды, балалардың әлеуетін дамытатын білім беруді инновациялық технологиялар тұрғысында ұйымдастыруды талап етеді.

Сонда елдің экономикалық қуаттылығын дамытуда бәсекеге қабілетті кәсіби мамандар даярлау міндеттерін жүзеге асыратын бірден-бір күш – жоғары оқу орындары болып саналады. Осы тұрғыдан Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінде мектепке дейінгі ұйымдарға маман дайындаудың инновациялық бағыттары жолға қойылуда.

Атап айтсақ, жаңа білім беру және ақпараттық технологиялар негізінде мамандарды даярлаудың жоғары сапасын қамтамасыз ету, жоғары білікті және әлеуметтік бейімделген мамандарға деген қоғам қажеттіліктерін қанағаттандыру. Мектепке дейінгі ұйымдарға құзыретті тәрбиеші-педагогтарды даярлаудың, яғни педагогикалық білім берудің мазмұнын анықтаудың соншалықты жауапты екені бәрімізге түсінікті болар. Дегенмен, біздің дайындаған 5B010100-Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығы бойынша мемлекеттік стандартта білім берудің барлық деңгейіндегі жаңа мазмұнды үйлестірген кезде мектепке дейінгі ұйымдағы білімдік-тәрбиелік кеңістігіндегі

инновацияларды, заманауи технологияларды, тұлғаға бағдарланған, нәтижеге бағдарланған білім беру әдіснамасын, білімнің тәрбиелік әлеуетін ғылыми-теориялық және практикалық жоғары деңгейде жүзеге асыру көзделді.

2. Педагогикалық мамандықтардың жұмыс оқу жоспарларына да үлкен өзгерістер енгізілді. Типтік оқу жоспарларында элективті курстардың үлес салмағы пәндерді оқыту блоктары бойынша өзгерді: элективті пәндер 71 кредитке немесе 55% артты. Бұл өз кезегінде жоғары білікті педагог кадрларды дайындау үрдісінің сапасын арттыруға жағдай жасайды. Мектепке дейінгі білім берудің жаңа әдістерін үйретуде «Мектепке дейінгі білім беру технологиясы», «Ғылыми педагогикалық зерттеу әдістемесі», педагогикалық өлшемнің алғашқы сатысы ретінде «Педагогикалық диагностика», «Мектепке дейінгі ұйымдағы инновация», «Тәй-тәй» бағдарламасы негізінде технологияны меңгертуде «Отбасы мен балабақша байланысы», «Ойын арқылы оқыту» атты жаңа бағыттағы пәндермен толықтырылды.

3. Жұмыс берушілер жоғары оқу орны түлектерінің университет қабырғасында алған теориялық білімдерін практикалық іс-әрекетпен ұштастыра алмайтындығын баса айтып жүр. Осыған орай, педагог кадрларды даярлау мазмұнын жаңартуға болашақ мамандардың педагогикалық практика мерзімін арттыруға ерекше мән берілуде. 2011 жылғы мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында «Бакалавриат. Негізгі ережелер. 5.04.019-2011» педагогикалық практиканың үлесі 12-ден 20 кредитке ұлғайған. Алайда шетелдік тәжірибеге сүйенсек, педагогикалық практикаға бөлінген сағат санын әлі де ұлғайтқан жөн. Мысалы, АҚШ кәсіби педагогтарды даярлаудағы практиканың үлесі барлық оқу жүктемесінің 50% құрайды.

Сондықтан алдағы уақытта әрбір студент университетке қабылданғаннан бастап ЖОО-балабақша-студент арасындағы үш жақты келісімшарт есебінен міндетті түрде бір балабақшаға бекітілетін болады. Тәрбие үдерісін әдістемелік жақтан қамтамасыз ету, жұмыс берушінің ұсыныстарына сәйкес жұмыс оқу жоспарларын жасау үшін мектепке дейінгі ұйымдармен ғылыми-әдістемелік ынтымақтастық туралы келісім шарт жасау қарастырылды.

4. Болашақта мектеп ұжымы педагог қызметіне икемділігі бар бітірушіге арнайы ұсыныс-негіздеме беріп, оның ЖОО-ға қабылдау барысында ескеру керек. Мұнда ата-анамен қатар, болашақ ұстаз даярлаудың маңыздылығы артады. Ал педагогикалық мамандықтар бойынша бітіруші түлектерді қорытынды аттестаттауда жалпы білім орта мектептің тәжірибелі мұғалімдері мен басшыларын қатыстыра отырып, біліктілік талаптарын анықтауды дұрыс деп санаймыз.

5. Жоғары оқу орнының оқу-тәрбие үрдісінде тәрбие жүйесіне басымдылық беру қажет, атап айтсақ, әрбір білім алушының жеке басына құрметпен қарау, болашақ маманның қазіргі және болашақ өмірін болжай және өмірлік жоспарын құра білуі, таңдаған мамандығы бойынша қызметте өсуіне педагогикалық қолдау көрсету және т.б. Жоғары білім берудің мақсаты болашақ маманды кәсіби іс-әрекетке даярлау, бейімдеу ғана емес, құзырлы маман тәрбиелеп шығару болуы тиіс. Осыған сәйкес кәсіби педагогикалық білім беру жүйесін түбегейлі өзгертуде оны кезең-кезеңмен жүзеге асыру қажет. Әр кезең өзінің жеке тұғырлы міндеттерін шешуге тиіс.

6. Болон декларациясы принциптері мен білім беру сапасын көтеру тетігінің бірі - оқытушылар мен студенттердің академиялық ұтқырлығы болып табылады. 2012 жылдың қыркүйегі мен желтоқсаны аралығында Мәскәу мемлекеттік педагогикалық университетінен И.О.Новикова (Ресей), Санкт-Петербург (Ресей), Мисисипи университеті (АҚШ), Лондон университеті (Ұлыбритания), (Түркия) университетінен шетел ғалымдары шақырылып студенттерге дәріс өткізді. Келесі жылдан Мисисипи университеті (АҚШ), Лондон университетімен (Ұлыбритания) екі диплом алу келісім шарты жүргізілді.

7. Қазіргі мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісіне қойылып отырған талаптардың бірі көп тілділік. Осыған орай «Кәсіби бағдарланған қаза тілі» немесе орыс тілі, «кәсіби

бағдарланған ағылшын тілі» пәндері енгізіліп, өзінің мамандығына сай терминдермен танысып, кәсіби тілде сөйлеуге дағыдаланады. «Көп тілдер орталығы» ашылып, онда студенттеріміз 4 курсқа дейін ағылшын тілін жетілдіріп, соңғы курсы шетелде жалғастырып, диплом жұмысын ғана келіп қорғап екі диплом иесі болу құқығы бар. Осы жерде реті келсе айта кетейін, бала тілінің қалыптасатын кезеңі 5 жасқа дейінгі кезең, ал ана тілін меңгермей жатып, өзге тілді меңгертуді ғылыми тұрғыда негіздеу, оның психологиялық, педагогикалық мүмкіндіктері анықталғанға дейін асықпаған жөн деп санаймын. Бұл мәселені біз ғылыми жобалар және магистрлік диссертация тақырыптарын таңдау арқылы бірлесіп зерттеудеміз.

8. Бүгінгі таңда педагогтарына өмір бойы білім алу ұстанымымен біліктілікті жаңартып тұрудың маңызы зор. Мектепке дейінгі ұйымның көбеюіне байланысты сырттай бөлім студенттерінің келуі жоғары. Бірақ сырттай білім беру жүйесі бойынша педагогикалық кадрларды дайындау бүгінгі күннің талаптарын қанағаттандыра алмайтындығын атап өту қажет. Осындай жағдайларды ескеріп, біздің университетіміз 18-50 кредит есебінде қосымша білім беру бағдарламасын дайындаудамыз. Осы бағдарламаны оқи отырып, мектепке дейінгі ұйым психологы, мектепке дейінгі ұйымның денешынықтыру педагогы мамандандыру жүргізіледі. Ал магистратура бойынша «Жоғары оқу орны оқытушысы», Мектепке дейінгі білім беру expertті», «мектепке дейінгі ұйым менеджері» мамандығын қоса алып шығады. 2012 жылдан бастап мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілеріне арналған курс ашылып, сұранысы жоғары болып отыр.

9. Болашақ мамандарды дайындауда «білім-ғылым-инновация» бағытында жұмыс істеуді қолға алып, университет жанынан «шағын орталықтар ашып, онда студенттерді араластыру бизнес-инкубатор құру жоспарлануда.

Бірақ айтылғандардан мектепке дейінгі ұйымдағы инновациялық іс-әрекетке дайындығы жеткілікті деген сөз емес, әлі де жоғары оқу орындар мен мектепке дейінгі ұйымдардың арасындағы алшақтық байқалады және шешілмеген мәселелерді қарастыра отырып мектепке дейінгі білім берудің инновациялық әдістерін жетілдіруде төмендегідей ұсыныстар беруді жөн көрдік:

– тәрбиешілерді инновациялық іс-әрекетке, инновациялық ғылыми зерттеу жұмыстарымен айналысуға бағыт-бағдар беретін инновациялық оқу-әдістемелік, ғылыми-әдістемелік кешенін әзірлеу, инновациялық ақпараттық банк жүйесін құру, инновациялық веб сайттар ашу.

- жоғары оқу орындарында мамандық бойынша элективті курстарды енгізуде жұмыс берушілердің, яғни мектепке дейінгі ұйым мамандарының ұсынысын ескеру;

- құзыретті педагогтарды дайындауға қажетті әдістемелік құралдарды дайындауда мектепке дейінгі ұйымдардың тәжірибелі педагогтарын араластыруды, бірлескен жұмыстарды ұйымдастыруды жолға қою;

- болашақ мамандарды дайындаудағы жетістіктер мен кемшіліктерді анықтауда бірлескен әдістемелік семинарлар өткізу;

- «Өрлеу» ұлттық педагогтардың біліктілігін арттыру орталығының ұйымдастыруымен мектепке дейінгі ұйым тәрбиешілерін шетелдерге біліктілік көтеруге тарту және оны еліміздегі қалыптасқан тәжірибемен ұштастырып барып енгізу;

- мектепке дейінгі білім беру мәселесіне байланысты ғылыми-зерттеу орталығын ашу және оған ғалымдар мен тәжірибелі әдіскерлер, тәрбиешілерді тарту.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. ҚР Президентінің «Қазақстан-2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы. –Астана, 2012

2. Аронов А.М. Предметно-методологические основы компетентности педагога. / Материалы конференции // www.conf.krasu

3. Хасан Б.И. Границы компетенций: педагогическое вменение и возрастные

притязания./ Материалы конференции // www.conf.krasu

4. Голуб Г.Б. Компетентностная составляющая образовательного стандарта: способ освоения.// В сб. ст.: 12 жылдық орта білім берудің жүзеге асуын ғылыми тұрғыда қамтамасыз ету. Материалы международной научно-практической конференции. – Алматы: КазНПУ им. Абая, 2007. – 2 часть. – 367 с.

5. Аганина К.Ж Теоретические основы подготовки учителей интегрированных предметов// Материалы Республиканской научно-практической конференции, посвященной 80-летию доктора педагогических наук, профессор Н.Д.Хмель. –Алматы: 2008. – С 74–82.

Резюме

Инновационные тенденции в высших учебных заведениях учебных организаций дошкольного

С.Н.Жиенбаева, д.п. н., профессор

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

В статье говорится об инновационных направлениях подготовки специалистов дошкольных организаций в высших учебных заведениях. Воспитатель организации компетентные преподаватели новые способы обучения. Педагог раннего развития организации, компетентные в этой статье, являются способы подготовки учителей по-новому. Реализация этой цели специалиста профессиональных знаний, умений и навыков следует продолжать сокращать связи между ними. личная позиция Future, которая должна стать реализация интеграции профессиональных знаний и навыков. Это не общая сумма слияния, совершенно новой структуры, целостности и внутренней структуры формирования нового типа обучения и цели учителей.

Ключевые слова: инновации, компетентные преподаватели и преподаватели будущего специалиста, профессиональных, информационных технологий.

Summary

Innovative tendencies in higher educational institutions of educational organizations of preschool

S.N.Zhenenbaeva, d.p. mr., professor

(Almaty, Kazakh State Women's Pedagogical University)

In the article talked about innovative directions of preparation of specialists of preschool organizations in higher educational establishments. The article deals with innovative directions of training specialists of preschool organizations in higher educational institutions. Educator of the organization competent teachers new ways of teaching. The teacher of early development of the organization, competent in this article, are ways of training teachers in a new way. Realization of this goal by a specialist of professional knowledge, skills and habits should continue to reduce the links between them. Personal position Future, which should be the implementation of the integration of professional knowledge and skills. This is not the total amount of the merger, an entirely new structure, integrity and internal structure of the formation of a new type of teaching and the purpose of teachers.

Keywords: innovations, competent teachers and teachers of the future specialist, professional, information technologies.

ӘОЖ 372.21

К 74

НӘЗИПА ҚҰЛЖАНОВА – МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕНІҢ НЕГІЗІН САЛУШЫ ҚАЛАМГЕР

*К.М. Метербаева, п.ғ.к., доцент
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік
қыздар педагогикалық университеті)*

Аңдатпа: Бұл мақалада мектепке дейінгі тәрбиенің негізін салушы - Н.Құлжанованың педагогикалық тәжірибесі мен негізгі идеялары айтылады. Қазақ әйелдерінің арасында Қазан төңкерісінен бұрын да оқу-өнерге талпынғандары аз болмаған. Олар өздері сауат ашысымен халық ағарту ісіне араласып, алған білімдерін елге таратушылар болды. Олар қазақ әйелдерін біліммен қаруландыруға, қоғамдық істерге араласып, қараңғы халықтың көкірек-көзін ашуға шақырып отырды. Өздері де түрлі мамандықтарды игерумен ғана шектелмей, бар өмірлерін ел тағдырына арнаған абзал жандар болды. Солардың бірі, тұңғыш қаламгер қазақ әйелі, мектепке дейінгі тәрбиенің негізін салушы - Нәзипа Құлжанова Сағызбайқызы.

Түйін сөздер: мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу, мектепке дейінгі балалар мекемелері, бала тәрбиесі, ұстаздық-тәлімгерлік талғам.

Н.Құлжанованың белсене араласуымен 1920 жылдардың өзінде-ақ мектепке дейінгі қазақ педагогика ғылымының іргетасы қалана бастады.

Мәселен, 1924 жылы Орынборда «Мектепке дейінгі балаларды тәрбиелеу» атты педагогикалық жинақ, нұсқау кітабы жарық көрді. Кейіннен «Әйел теңдігі» журналында осы ізгілікті іс әрмен қарай жалғастырылды. Журнал беттерінде қазақ балабақшаларының озат тәжірибелері, онда жүргізіліп жатқан түрлі тәрбие жұмыстарының жай-жапсары, мақсат-міндеттері жайында көптеген мақалалары жарияланды. Осы журналдың мектепке дейінгі тәрбие бөлімін басқара жүріп, көшпелі қазақ елінде бұрын-соңды болмаған бала тәрбиесінің жаңа түрін аяғынан тұрғызуға себепші болды. Оның бұл еңбектері «Қазақ балалар педагогикасының алтын қорына қосылды».

In the article examined importance research historical pedagogical method and his discussion. This article considers the importance of historical and pedagogical methods of analysis. The analysis of historical trends is one of the most important and topical issues of pedagogy. And addressing key issues in the development of the education system is vital to the scientific justification for the use of the experience of the past.

Keywords: historical trends, educational, scientific, historical and educational research, historical period, society and education, methodology and history of pedagogy.

ӘОЖ 371

М 85

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГ МАМАНДАРДЫҢ ЭМПАТИЯСЫНЫҢ КӘСІБИ САПА РЕТІНДЕ ҚАРАСТЫРЫЛУЫ

Г.А. Мұратбаева, п.ғ.д., доцент

С.С.Қоңырбаева, п.ғ.к., доцент м.а.

*К.Д. Бейсембаева, 2 курс магистранты
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті)*

Аңдатпа: Мақалада болашақ педагог-психолог мамандардың эмпатиясының кәсіби сапа ретінде қарастырылу мәселесі көтерілген. Болашақ педагог-психолог мамандардың тұлғалық дамуы және болашақ кәсіби іс-әрекетке дайындығын қалыптастыру мәселесі қазіргі жоғары оқу орындарының жұмысын кемелдендірудің теориясы мен практикасында өте маңызды болып табылады. Мұның себебі, жоғары оқу орнында оқу мерзімімен сәйкес келетін, кәсіпті алғаш меңгеру кезеңі барысында, жас адамның өмірде өзін-өзі анықтау процесі жүзеге асады, оның өмірге деген көзқарасы қалыптасады, іс-әрекет, мінез-құлық мен қарым-қатынастың дараланған әдістері мен тәсілдері меңгеріледі. Сонымен қатар, басты мәселелердің бірі – студенттердің тұлғалық дамуымен қатар, оның маман ретінде кәсіби қалыптасуының ерекшеліктері мен заңдылықтары өз деңгейінде ескерілген оқыту процесінің жүйесін құру болып табылады.

Түйін сөздер: педагог-психолог, кәсіби іс-әрекет, мінез-құлық, қарым-қатынас, тұлғалық даму, тұлғалық әлеуметтендірілу, эмпатия, кәсіби қалыптасу, кәсіби сапа.

Қазіргі кезде педагогика және психология ғылымдарында студенттердің тұлғалық дамуына, олардың кәсіби іс-әрекеті мен тұлғалық әлеуметтендірілуінің түрлі аспектілеріне арналған зерттеулер көптеп жүргізілуде. Аталған мәселелер студенттік кезеңнің тұлғалық дамуының кезеңі ретінде, іс-әрекет субъектісі мен маманның қалыптасу процесінің кезеңдері мен анықтаушы факторларын айқындау мәнжазбасында студенттердің тұлғалық маңызды сапаларын қалыптастырудағы дара-тұлғалық ерекшеліктері мен ондағы қабілеттер, қызығушылықтар мен мотивтердің рөлі мен орнын анықтау, сонымен қатар кәсіби іс-әрекеттің сәтті жүзеге асу жағдайлары мен кәсіби дайындық деңгейін арттыру қарастырылған.

Сонымен, қазіргі уақытта тұлғаның кәсіби қалыптасуы мен бейімделуі бойынша зерттеулердің басым көпшілігі – субъектілік іс-әрекеттік бағыттың негізінде жүргізіліп келеді. Т.В.Кудрявцев пен В.Ю.Шегурованың пікірлерінде: индивид алғашында оқу-кәсіби, кейіннен кәсіби іс-әрекетке қатыса отырып, тандаған мамандығы мен өз мүмкіндіктері жайлы лайықты білім алып қана қоймай, соған қоса оларды белсенді түрде дамытады. Кәсіби іс-әрекет субъектісі ретінде қалыптасып, өзіне іс-әрекет етуші ретінде қатынасты қалыптастырумен қоса, ол тұлға ретінде дамиды [1].

Т.В.Кудрявцевтің пікірі бойынша, «кәсіби қалыптасу – кәсіби оқу орындарындағы оқыту мен тәрбиелеу кезеңін ғана қамтитын, қысқа мерзімдік акт емес. Ол негізгі төрт сатыдан тұратын, ұзақ динамикалық процесс. Әр сатыға өту, алдыңғы саты барысында қаланады және субъектіде бірқатар қарама-қайшылықтар мен дағдарыстық жағдайлардың туындауымен ерекшеленеді». Осы тұжырымдама шеңберінде, зерттеуші тұлғаның кәсіби дамуының үш белгісін атап көрсетеді: 1. кәсіби-мотивациялық қажеттілік сферасының дамуы; 2. кәсіби іс-әрекеттің операциялдық-техникалық элементтерінің қалыптасуы; 3. кәсіби өзін-өзі анықтауы [1].

Болашақ маманның қалыптасуының ең маңызды критерийлерінің бірі – кәсіби мотивация болып табылады. А.К.Маркова кәсіби мотивацияны былай анықтайды: «бұл адамның не үшін өз кәсіби қабілеттерін салып, кәсіби ойлауын жүзеге асыратындығы».

Кәсіби мотивацияның қалыптасқандығы жайлы адамның өз мамандығына оң қатынасы бойынша, мамандығымен қанағаттану деңгейі бойынша, сонымен қатар, бұл мамандықты таңдаудың жетекші мотивтері мен кәсіби іс-әрекеттің өз мотивтері бойынша бағалауға болады [2].

ЖОО заманауи талаптарға сай маман даярлаудың сапалық көрсеткіштерінің бірі: тұлғаның қабілеттерін құрайтын кәсіби маңызды сапалардың нақты даму деңгейі болып табылады. Өз кезегінде, іс-әрекет білім алушының тұлғасына қалыптастырушы әсерін тигізеді. Кәсіптену және әлеуметтену процестерінің өзара ықпалдастығы анық байқалады. Адамның кәсіби қалыптасуының барлық көрсеткіштерін, олардың белсенді түрде қалыптасатын кезеңдері мен кәсіби оқыту үдерісін де ескеру қажет.

Болашақ білім беру жүйесіне тікелей араласатын педагог-психолог мамандардың бойынан табылуы тиіс, арнайы кәсіби сапаларды қарастыру өзекті мәселе болып табылады. Әлеуметтену келе, адамның мінез-құлқы өз мамандығына сай өзгеріске ұшырайды. Біз көпшілік ортадағы қарым-қатынасымызға орай: «Сіз мұғалімсіз бе?», «Психологсыз ғой деймін?!» деген сөздерді жиі естиміз. Педагог-психолог мамандардың немқұрайлы болмауы, салғырттыққа салынбауы, адам тағдырына жақсы жағынан ықпал ету міндетін кәсіби тұрғыдан игергендігі саналады.

Аталған мәселе қазіргі психолог-ғалымдардың еңбектерінде көрініс табуда. Е.А.Климовтың жұмысына сүйене отырып, психолог мамандығын іс-әрекеттің «адам-адам» типіне жатқызу дұрыс. Бұл тип өкілдері үшін, бірқатар спецификалық сапалар тән: адамды естумен қатар тыңдай алу, адамның ішкі әлемін түсіне алу маңызды болып табылады; гуманитарлық білім аумағында кең көлемді білімнің болуы қажет; сөйлеуге ерекше мән беріледі – ол анық, байланысы бар, нақты және айтылған ойларының мағынасы түсінікті болуы тиіс. Мұнымен қатар, ақылдың өзіндік жантанушылық бағыттылығы; адамның мінезі, ақылы мен сезім көріністеріне байланысты байқампаздық және оның ішкі әлемін ойша елестете алуға қабілеттілік те маңызды болып табылады [3].

Басқа адамға қосылып күйіне алу немесе қуана алуға қабілеттілік, адам мінез-құлқына байланысты байқампаздық, қайырымдылық, мейірбандық, мінез-құлқтың түрлі стандартты емес көріністеріне шыдамдылық пен кешірімділік – осы сапалардың барлығы да кәсіби педагог-психологке қажет. Осыған қоса, педагог-психологтерге шығармашылыққа бейім ақыл-ой, адам әрекетінің мүмкін нәтижелерінің нұсқаларын анық елестете алуға, нақты тұлғаны ескере отырып, адамдар арасындағы кикілжіндердің неге алып келетіндігін болжай алуға қабілеттілік керек.

Білім беру жүйесіндегі психолог-маман әрдайым өз білімін, дағдысын жетілдіріп, ағымдағы қоғамдық оқиғаларды біліп отыруы тиіс. Басқа адамдарға қатысты, мінез-құлғын моральді және құқықтық нормаларға қатаң түрде сәйкестендіре алуы қажет, ал бұл оңай емес.

Р.В.Овчарова мектептегі психологтің әлеуметтік жағынан қажет сипаттамаларын береді: 1. интеллектуалды (білімдік, логикалық және ақыл-ойды тиімді қолдана алу, рефлексивтілік); 2. әлеуметтік (эмпатия, әлеуметтік байланыстар мен әлеуметтік құптауды қажет ету, қарым-қатынасқа тез түсу, мейірбандылық); 3. эмоционалды тұрақтылық (өмірге қуана алу, шыдамдылық, ұстамдылық, стресске қарсы тұра білу, оптимизм); 4. практикалық (практикалық мәселелерді жылдам шешуге деген қабілеттілік, өзіне бағындыра алу, педагогикалық интуиция) [4].

М.Р.Битянова мектептегі педагог-психологтің кәсіби іс-әрекетін зерттеп, бұл жұмыс жоғары кәсіби біліктілікті, эмпатиялық қарым-қатынасқа жоғары деңгейлі тұлғалық дайындықты, дамыған көмек көрсету мотивациясын, жоғары кәсіби және тұлғалық өзін-өзі бағалауы қажет деп атап көрсетеді. Ұйымдасқандық, жақсы құрылған, жаттыққан ойлау, дамыған байқампаздық аса қажет деп санайды. Сонымен қатар, жоғары эмоционалды әлеует, өз проблемаларын проекцияламай, проблеманы шешуге басқа адамдардың ену мүмкіндігін беретін, өзіндік психологиялық талдау қажет [5].

Ғылыми әдебиеттерді талдау көрсеткендей, зерттеушілер білім беру жүйесіндегі педагог-психологтің өнімді кәсіби іс-әрекеті үшін, қажетті дара-тұлғалық ерекшеліктерді бөліп көрсетуде жалпы кәсіби сапаларға қоса (байқампаздық, жалпы интеллектуалдылық, аналитикалық ойлау, мінез-құлықтың моральді және құқықтық ережелерін сақтау, анық және түсінікті сөйлеу, дамыған интуиция), психолог іс-әрекетінің нақты бағыттылығына байланысты маңызды сапаларды бөліп көрсетеді. Соған сәйкес, зерттеуші-психологке ұстамдылық, эмоционалды тұрақтылық, рационализм сияқты кәсіби маңызды сапалар қажет болса, практик-психологке байланыс орнатуға әрқашан да дайын болу, өзіне байланысты сенімділік туындата алуы, аз уақыт ішінде жағдайдың мәнін түсіну, ести және тыңдай алу, эмпатия мен басқа адамның ішкі әлемін түсінуге қабілеттілік, рефлексия, эмоционалды-ерікті тұрақтылық және тағы басқа сапалар қажетті болып табылады.

Адам өмірін кезеңдерге бөлуде, «студенттік жас» деп аталатын 17-18-жастан 22-23-жасқа дейінгі жастық кезең ерекше орын алады. Әдетте, осы кезеңде жастардың кәсіби қызығушылығы тұрақты түрде қалыптаса бастайды. Осы уақытта адам не белсенді түрде шынайы еңбек іс-әрекетін бастайды немесе болашақ мамандығына кәсіби дайындық процесіне енеді. Бізді қызықтыратын екінші жағдайда, бұл кәсіби-техникалық, арнайы орта немесе жоғары оқу орнында оқу түрінде жүзеге асады. Мұндағы білім беру жүйесі кәсіби даярлаудың формасы ретінде ғана емес, тұлғаны әлеуметтендіру институты ретінде көрініс береді. «Қазіргі кезде жалпы білім беретін орта мектептің тұлғаны әлеуметтендіруі бойынша, өз функцияларын тиімді түрде орындай алмауын» ескерсек, бұл процесте кәсіби оқыту мекемелері мен жоғары оқу орындары ерекше мәнге ие болады. Осыған байланысты, тұлғаның әлеуметтік және кәсіби қалыптасуы мен дамуының өзара байланысын жоғары оқу орнынан көрнекі түрде көре аламыз.

Осылайша, студенттік жас маманның әлеуметтік дамуы мен кәсіби қалыптасуының ең маңызды мүмкіндіктері байланыстырылатын, адамның өмірлік жолының өте маңызды кезеңі болып табылады. Жоғары оқу орнында мамандықты меңгеру студенттердің арнайы ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті процесінде жүзеге асырылады. Оның басты мақсаты – студентке қажетті жалпы ғылыми, гуманитарлық және арнайы білімдер мен біліктерді беру ғана емес, соған қоса студенттердің бойында, сәйкес тұлғалық сапалар мен қабілеттерді қалыптастыратын, оларды кәсіби этика негіздерімен таныстырып, әрі кәсіби іс-әрекет сферасына лайықты әлеуметтік-кәсіби құндылықтарды меңгеруге көмектесу болып табылады.

Маманды даярлауда, оқу-тәрбие процесіне және оның студент тұлғасының болашақ мамандығына қол жеткізуіне қаншалықты көмек беретіндігіне ерекше мән беріледі. Қазіргі кезде, Қазақстанда бұл мәселе өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Оның себебі, жоғары оқу орындарында жүргізіліп жатқан реформалар, кредиттік технологияға өту – мұның барлығы, айқындауды талап ететін көптеген мәселелер туындатуда.

Оқу процесіндегі студент тұлғасының басымдылығының өсуі, қазіргі жоғары оқу орындарының ерекшелігі болып табылады. Ал ЖОО-да оқытудың басты мақсаты – маман тұлғасының кәсіби қабілеттері мен сапаларын қалыптастырып, дамыту болып саналады. Бұған қоса, қазіргі студенттердің оқу іс-әрекеті әдістері мен құралдары бойынша, ғылыми-ізденістік іс-әрекеті басым орын алады. Көп жағдайда, оған өзіндік басқару тән болып табылады, басқаша айтқанда, студенттер оның негізгі компоненттерін толық түрде меңгерген, білімдер мен біліктердің мағынасы мен мәнін түсінеді, оқу жүйесінің тәсілдерін меңгерген, оқу әрекеттерінің сапасын бағалап және басқара алады. Нәтижесінде, болашақ мамандығын меңгеруі бойынша, жоғары оқу орнында оқыту барысында, студенттің дербес өзіндік белсенділігінің рөлі артып, соның арқасында оқу іс-әрекеті қарапайым кәсіби іс-әрекет ретінде көрініс бере бастайды немесе іс-әрекеттің кәсіби белгілеріне ие болады.

Психологиялық әдебиеттерде эмпатия мәселесі бірнеше бағыттар бойынша қарастырылады: 1. Эмпатияның сапалық табиғатын зерттеу; 2. Жеке адамның түрлі

психикалық процестері, психологиялық ерекшеліктері мен эмпатияның құрылымдық сипаттамаларының байланысын зерттеу; 3. Эмпатияның процессуалды зерттелуі.

Кеңестік психологтар эмпатия түсінігінің мазмұнын оны қабілет, процесс немесе күй ретінде анықтап, оны түрлі психикалық процестер мен жеке адамның психологиялық күйлерімен байланыстыра отырып қарастырған. Психологиялық сөздік эмпатияны «басқа адамның бастан кешірулеріне еніп, эмоционалды күйіне жете алу» деп анықтайды.

Бірқатар ғалымдар когнитивті эмпатияның анықтамасын, ақпараттың тек қана бейсаналы өңдеудің өнімі ретінде саналануымен сипатталатын, өзара әрекет субъектісінің тұлғалық күйлерін бейнелеудің бейсаналы процесі деп атап көрсетеді. Эмоционалды және когнитивті эмпатиядан бөлек, ғалымдар жеке адамға немесе топқа белсенді көмек көрсетумен сипатталатын әрекеттік, мінез-құлықтық түрін бөліп көрсетеді. Әрекеттік эмпатия жанашырлық эмоцияларына негізделген альтруистік табиғаты бар актілерге ие болады. Әрекеттік эмпатия әрекеттесуші жақтардың барынша түрде өзін ашуы мен өзін көрсетуіне жағдай туындатады.

Эмпатияның ғылымда орнығу тарихына келетін болсақ, эмпатия түсінігімен байланысты мәселелер, дәстүрді түрде философиялық ілімдер – этика мен эстетиканың зерттеу объектісі болғандығы баршаға мәлім. Бұл түсініктің өзі симпатия деген этикалық түсінік пен неміс философиясы мен эстетикасында пайда болған сезімдеріне ену түсінігінен бастау алады.

«Симпатия» түсінігі ежелгі грек философиясының өзінде болған және адамдарда жанашырлық туғызатын рухани объективті жалпылық ретінде түсіндірілген. Неміс философтарының этикалық жүйелерінде, симпатия адам жанының қасиеті ретінде түсіндіріледі және қоғамдағы адамдар арасындағы қарым-қатынастың, альтруизм пен әділеттіліктің реттеушісі ретінде қарастырылады.

Сонымен, эмпатия ұзақ тарихы бар ұғым және психотерапиямен айналысатын ғалымдарға өте қажет болып табылады. Бірқатар ғалымдардың пікірлері бойынша, дамыған эмпатия – қарым-қатынас бойынша, серіктестің әлеміне енуді талап ететін, іс-әрекет түрлерінде жетістікке жетудің маңызды факторлардың бірі болып табылады. Ондай іс-әрекетті жүзеге асыратын салаларға психология, педагогика, өнер, медицина мен журналистика жатады.

Егер, ЖОО педагог-психолог мамандарды даярлауда қарым-қатынасты жақсарту мен эмпатиялық деңгейді арттыруға бағытталған тренингтер жүргізілсе, студенттердің эмпатиялық деңгейін айтарлықтай арттыруға болады. Сонымен бірге, тиімді кәсіби қалыптасу мен педагог-психологтің кәсіби маңызды сапаларының өз деңгейінде дамуы үшін, оқыту бағдарламасына эмпатия сияқты кәсіби маңызды сапаны қалыптастыруға бағытталған, студенттердің тұлғалық өсуіне септігін тигізетін тренингтік сабақтар жүйесін енгізу де білім беру бағдарламаларын даярлауда ескеретін мәселе.

Осы орайда Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті «Жалпы педагогика» кафедрасының болашақ педагог-психолог мамандарды бакалавриатта және магистратурада даярлауда атқарылып жатқан істердің өзіндік бірізділігі мен тұтастығы бар. Бүгінгі қоғамның заманауи талаптарына сай, білім беру жүйесіне педагог-психолог мамандар даярлауда олардың кәсіби құзыреттілігін құрайтын білімі мен кәсіби сапаларының маңыздылығын сезіне отырып, ғылыми-практикалық тұрғыдан біршама жұмыстар жасалуда.

Болашақ педагог-психолог мамандар білім беру жүйесінде өзіндік орнын табуы үшін, кәсіби даярлығын шыңдауда кафедраның білікті мамандары мен ғылыми дәрежесі бар профессор-оқытушылар құрамы тарапынан жаңаша ықпалдар байқалады. Теориялық білімді тәжірибеде қолдану барысында қарым-қатынастағы шынайылықты жолға қоюдың түрлі мүмкіндіктерін студенттерге қажымай-талмай сіңіре білсе, 6M010300 – «Педагогика және психология» мамандығы бойынша магистранттар даярлауда жаңаша ізденістер арқылы қосымша мамандық меңгеріп шығуы қолға алынуда. Магистранттар педагогика

және психология ғылымдары тұрғысынан терең ғылыми ізденістерімен қатар, «Білім беру жүйесінің менеджері», «Білім беру саласындағы педагогикалық өлшемдер» бойынша мамандандырылып, білім беру мекемелерін басқару және оқу-тәрбиенің сапасы, білім алушылар мен педагогтердің білімі мен біліктілігін бағалау мен аттестаттаудың кәсіби маманы атануына шығармашылық жұмыстар атқаруына септігін тигізері сөзсіз.

Білім беру жүйесіндегі жетекші маман саналатын педагог-психологтердің білім алушылар мен мұғалімдерге және ата-аналарға адамгершілік тұрғысынан қарым-қатынас жасап, оның басына түскен жағдайды адамша түсініп, әрі адам, әрі маман ретінде көмектесе білсе, қоғамның ізгілікке негізделуіне педагогика және психология ғылымдары тарапынан қосылған үлес болары сөзсіз. Адамның басына түскен қиындық пен көңіл-күйіне жанашырлықпен қарап, кәсіби маман ретінде көмек қолын созу – табиғи, рухани қарым-қатынас ретінде де, кәсіби сапа ретінде де құнды болмақ.

Әдебиеттер тізімі

1. Кудрявцев Т.В. Исследование психологических особенностей профессионального становления. М., 1988.
2. Маркова А.К. Психология профессионализма. М., 1996.
3. Климов Е.А. Образ мира в разнотипных профессиях: учебное пособие. М., МГУ, 1995.
4. Овчарова Р.В. Справочная книга школьного психолога. – М., 1996.
5. Битянова М.Р. Организация психологической работы в школе. – М., 1997.

Резюме

Рассматривается состояние эмпатии как профессионального качества будущих психологов

*Г.А. Муратбаева, д.п.н., доцент, С.С.Коньраева, к.п.н., и.о. доцент
К.Д. Бейсембаева, магистрант 2 курса*

(г.Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

В данной статье рассматривается состояние эмпатии как профессионального качества будущих психологов. В данной статье будущих учителей подняли вопрос о рассмотрении в качестве профессионального психолога эмпатии. Педагог-психолог в личной деятельности в области развития и профессиональной подготовки специалистов работы по вопросу о создании институтов высшего образования очень важно, чтобы улучшить теорию и практику. Это происходит потому, что соответствующий период обучения в высшем образовании, профессии, в течение первого этапа исследования, проведенного в процессе самоопределения в жизни молодого человека, его отношение к жизни формируется, действие, поведение и корневые персонализированные методы коммуникации, Кроме того, одним из главных вопросов в развитии личных, профессиональных особенностей и закономерностей их формирования в качестве специалиста в процессе обучения с учетом уровня системы студентов.

Ключевые слова: психолог, профессиональные действия, поведение, отношения, развитие личности, эмпатия, профессиональное развитие, профессиональное качество.

Summary

The state of empathy as a professional quality of future psychologists is considered.

G.A. Muratbaeva, Ph.D., Associate Professor, S.S.Konbrayeva, Ph.D. assistant professor

*K.D. Beisembaeva, master of 2 course
(Almaty, Kazakh State Women's Pedagogical University)*

In this article the state of is examined as professional quality of future psychologists. This article examines the state of empathy as a professional quality of future psychologists. In this article, future teachers raised the issue of considering empathy as a professional psychologist. A teacher-psychologist in personal development activities and professional training of specialists on the issue of establishing higher education institutions is very important to improve the theory and practice. This is because the relevant period of education in higher education, the profession, during the first stage of the research conducted in the process of self-determination in the life of a young person, his attitude to life is shaped, action, behavior and root personalized methods of communication. In addition, one of the main Questions in the development of personal, professional characteristics and patterns of their formation as a specialist in the learning process, taking into account the level of the system of students.

Keywords: psychologist, professional actions, behavior, relations, personality development, empathy, professional development, professional quality.

ӨНЕР ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТ – ИСКУССТВО И КУЛЬТУРА-ART AND CULTURE

ӘОЖ 338981

Б21

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ИННОВАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТТІ ДАМУЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Б.А. Бакирова, аға оқытушы
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті)*

Аңдатпа: Мақалада Қазақстан Республикасының инновациялық жағдайы және экономиканың даму перспективалары қарастырылған. Қазіргі кезеңде әлемдік экономикалық жүйенің қарқынды дамуы ғылымды қажетсінетін өнімдер мен оны өндіретін технологияларды тиімді құру және пайдалануға байланысты.

Түйін сөздер: бизнес–инкубатор, технопарк, инновациялық, инновациялы–технологиялық орталықтар.

Қазіргі таңда әлемдік экономиканың көшбасшыларына айналып, жоғары технологиялар саласы мен инновациялық жүйені дамытудың озық үлгісін көрсете білген бірқатар елдер бар. Бұл елдер шикізатты алу мен оны алғашқы өңдеу үрдісін қамтитын индустриалдануға дейінгі, сондай-ақ шикізатты толық өңдей отырып, одан дайын өнім жасауға дейінгі үрдістерді қамтитын индустриалды кезеңдердің барлығынан өтіп, енді жоғары технологиялар мен инновацияларға негізделген постиндустриалды экономиканы жасақтаумен, оның басым бағыттарын жетілдірумен айналысуда. Қазақстан экономикасы дағдарыстан кейінгі кезеңде ел экономикасын дамытудың бағыт-бағдарын айқындап, маңызды жобаларды қолға алуды мақсат етеді. Олардың маңыздысы индустриалды-инновациялық бағыттағы серпінді жобаларды іске асыру. Осы бағытта елді индустрияландыру, инновациялық технологиялар мен шешімдерді өндіріске енгізу келешектегі дамудың дұрыс жолы ретінде таңдалып отыр.

Осы тұрғыдан алғанда Қазақстан Республикасында аталған бағыттарда көптеген жұмыстар атқарылып келеді. Атап көрсетер болсақ, 2003 жылы елдің инновациялық-индустриялық дамуын қалыптастыру және экономиканың нақты, түпкі өнім өндіру секторын өркендету әрі әртараптандыру мақсатында «Қазақстан Республикасының Индустриялық-инновациялық дамуының 2003-2015 жылдарға арналған стратегиясы», 2005 жылы «Қазақстан Республикасының Ұлттық инновациялық жүйесінің қалыптасуы мен дамуының 2005-2015 жылдарға арналған бағдарламасы», ел экономикасының инновациялық белсенділігін көтеру мақсатында 2006 жылы ҚР «Инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Заңы қабылданды. Осылардың негізінде 2003 жылдан бастап отандық инновациялық әзірлемелерді қолдау мен оны өндіріске ендіруге, сонымен бірге Қазақстан Республикасын болашағы зор шетелдік технологияларды трансферттеу алаңы ретінде дамытуға бағытталған инфрақұрылым жүйесін құру үрдісі басталып кетті.

Бәсекелік ортада ұлттық экономиканың қуатты болуын қамтамасыз ету еліміздің негізгі ұстанымдарының біріне жатады. Ашық нарықтың басты талабының бірі әрбір тұтынушының нақты қажеттілігін қанағаттандыру деп білсек, онда осы талапқа сай экономика құрылымын жасақтау басты міндет болып қала бермек. Нарықтың үдемелі және өзгермелі сұранысын тез қанағаттандыру инновациялық әдістерді пайдаланумен ғана жүзеге асатыны белгілі. Сондықтан да, ұлттық экономиканың жедел және тұрақты дамуы еліміздегі инновациялық орта мен инновациялық инфрақұрылымның нәтижелі жұмыс істеуіне тікелей тәуелді деуге толық негіз бар. Осыған орай, 2010 жылы Қазақстан

Республикасының үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының 2010-2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы әзірленді.

Инновациялық инфрақұрылымды дамыту бағытында инновациялық әлеуеті мен өзіндік даму үлгісі қалыптасқан елдердің қолдануға тиімді тәжірибелері мен озық үлгілерін, олардың ғылыми сыйымды әрі жоғары технологиялы инновациялық өнімдерді шығарудағы жетістіктерін пайымдай отырып, еліміздің ұлттық инновациялық инфрақұрылымын дамытудың экономикалық механизміндегі негізгі тетіктер ретінде жағымды экономикалық ортаны қалыптастыру, инфрақұрылым шеңберіндегі элементтердің белсенділігін арттыру, оларды мемлекеттің қоғамдық, өндірістік, әлеуметтік, ғылыми және басқа да істеріне тығыз араластыру, бір-бірімен өзара үйлесімділігін қамтамасыз ету, сондай-ақ ғылыми-техникалық әлеуеттің мүмкіндіктерін пайдалану және оларды елдің барлық салаларында сынауға және қолданысқа енгізуге мүмкіндік жасау қажеттілігі туындайды.

Қазіргі кезеңде әлемдік экономикалық жүйенің қарқынды дамуы ғылымды қажетсінетін өнімдер мен оны өндіретін технологияларды тиімді құру және пайдалануға байланысты. Ол үшін негізделген ғылыми-зерттеулер жүргізу қажет және олардың нәтижелерін шұғыл түрде өндіріске енгізу үлкен жетістік. Сонымен, ғылымда жаңа технологиялық бағыттар пайда болады. Осылардың бәрін дұрыс бағытқа салу, тиімді пайдаланып нақтылы нәтижеге жету үшін арнайы инфрақұрылым қажет.

Әдетте, инновациялық инфрақұрылымның мынадай жүйелік буындарын бөліп көрсетуге болады: өндірісті-технологиялық: технопарктер, инновациялы-технологиялық орталықтар, бизнес-инкубаторлар және т.б.;

Мұндағы инновациялық жүйелі қалыптастырудың бастапқы сатысында инновациялық кәсіпкерлікті дамытуда мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі елімізде технологиялық бизнес-инкубатор жүйесін құру болып табылады.

Технологиялық бизнес-инкубатор өз бетінше дербес бірлік ретінде, сондай-ақ технопарктің бөлігі ретінде жұмыс істей алады. Яғни, технологиялық бизнес-инкубатор дегеніміз - инновацияларды құру, қорғау құжаттарын алуға өтініштерді рәсімдеу және инновациялық жобаны дайындау үшін жеке және заңды тұлғаларға ұйымдық-құқықтық ақпараттың және өзге де қызметтерді ұсынууды жүзеге асыратын заңды тұлға.

Сонымен қатар ҚР-ның 09.07.2001 №225-2 «Ғылым туралы» Заңының 1 бабында инновацияның келесі мамандандырылған субъектілеріне анықтама берілген:

Технопарк дегеніміз – негізгі қызметі инновациялық жобаларды іске асыру үшін қажетті жұмыстар мен қызметтерді ұсыну болып табылатын біртұтас материалдық – техникалық кешенге меншік құқығы бар заңды тұлға.

Технопарктер әлемдік тәжірибеге сәйкес 3 түрге бөлінеді:

- американдық;
- жапондық;
- аралас.

Технополис – бұл қаланың немесе аймақтың өмірін қамтамасыз ететін технопарктер, инкубаторлар және құрылымдар кешені. Яғни, басқаша айтқанда, технополис жекелеген аймақ немесе қала негізінде құрылған және сол аймақтың өмірлік қызметін қамтамасыз ететін дамыған инфрақұрылымы бар ғылыми өндірістік кешенді білдіреді.

Технологиялық парктер - өнертапқыштарға арнайы маманданған қызмет түрлерін көрсету аясында инновацияларды ойлап табуға және оларды ендіруге арналған сервистік және өндірістік база болып есептеледі. Технопарктерде жаңа әзірлемелерді және қазіргі құрал-жабдықтар өндірісін құру мен игеру бойынша тапсырыстарды орындайтын серпінді технологиялары бар кәсіпорындар орналасуы тиіс.

Бүгінде Қазақстанда 8 технопарк жұмыс істейді:

1. «Алматы аймақтық технопаркі». Қызмет бағыты - құрылыс технологиялары және құрылыс материалдарының өндірісі, химиялық өнеркәсіп, металлургия, машина жасау;

2. Қ.Сәтпаев атындағы ҚазҰТУ аймақтық технопаркі. Қызмет бағыты - машина жасау, қара және түсті металлургия, химиялық өнеркәсіп, ақпараттық технологиялар, қоршаған ортаны қорғау;

3. «Алгоритм» аймақтық технопаркі. Қызмет бағыты - мұнай-газ саласына арналған машина жасау, аспап жасау, мұнай химиясы, табиғатты қорғау технологиялары;

4. «Астана қ. аймақтық технопаркі». Қызмет бағыты - құрылыс және құрылыс материалдарының өндірісі, машина жасау саласындағы технологияның дамуы;

5. «UniScienTech» аймақтық технопаркі. Қызмет бағыты - таулы-металлургиялық саладағы, химиялық өнеркәсіптегі, экологиядағы технологиялар және энергияны үнемдеу, жаңа материалдар өндірісі, машина жасау;

6. «Алтай» Шығыс Қазақстан аймақтық технопаркі. Қызмет бағыты - Түсті металдарды өндіру және қайта өңдеу, ақпараттық технологиялар, машина жасау, табиғатты қорғау технологиялары, жаңа материалдар өндірісі;

7. «Оңтүстік Қазақстан облысының аймақтық технопаркі». Қызмет бағыты - құрылыс материалдарының химиялық технологиялары, ауыл шаруашылық өнімін өндіру және қайта өңдеу, көмірсутек шикізатын қайта өңдеу, табиғатты қорғау технологиялары;

8. «Қызылжар» Солтүстік Қазақстан аймақтық технопаркі. Қызмет бағыты - Ресурс және энергия үнемдейтін, экологиялық таза технологиялар, жаңа конструкциялық материалдар, ақпараттық технологиялар, креативтік технологиялар, табиғатты қорғау технологиялары, астрофизикалық технологиялар және зерттеулер, экономика, таулық-металлургиялық саласындағы, геологиядағы, машина жасаудағы, энергетикадағы, құрылыстағы, сәулеттегі, ауыл шаруашылығындағы және басқа бағыттағы технологиялар.

Отандық технологиялық парктердің саны олардың әлемдегі жалпы санынан жүзден бір үлесін ғана құрайтыны сөзсіз. Алайда, мұндай кешендер Қазақстанда бар-жоғы 6 жыл ішінде ашылғанын және географиялық тұрғыда шамамен бүкіл елді: солтүстікті, оңтүстікті, батысты, шығыс пен орталықты қамтитынын есепке алу қажет.

Барлық құрылған технопарктердің міндеті кәсіби қызметтерді көрсету болып табылады, ал 2010 жылы, айтылып өткендей, технологиялық кешен сервисі бағыттарының бірі ретінде пилоттық жоба аясында бизнес-инкубациялау үрдісі іске қосылды. Бизнес-инкубациялау қызметтері қатарына сараптама, консалтинг, инжиниринг, консультациялар жатады.

Тиісті үрдісті іске қосу хабарландырылғаннан кейін тиімді талаптармен бизнес-инкубаторда инновациялық идеяны іске асыру мүмкіндігін алуға ниет білдіргендер асып түсті - технопарктер 100-ден аса жобаны қарастыруға қабылдады. Бірақ шамамен жартысы, нақтысы, 64 жоба экономиканың төмендегі басым салалары бойынша мақұлданды:

- агроөнеркәсіптік кешен;
- металлургия;
- мұнайды қайта өңдеу;
- энергетика;
- химия және фармацевтика;
- құрылыс индустриясы;
- көлік және коммуникация.

Қазіргі заманғы әлемде қаралудағы бизнес-инкубациялаудың инновациялық үрдісі ШОБ табысты дамуына қолғабыс ететіні дәлелденді. Алайда, ол Қазақстандағы білім беру жүйесінде жалғыз жаңашылдық емес екенін айта кету керек. Осы саладағы инновациялар түрлі бағыттарға қатысты: төлем әдіснамасы, жүйесі, үрдістің өзін ұйымдастыру, оқытушылар мен оқушылар арасындағы өзара әрекеттесу нысандары, сондай-ақ

басқалары. Барлық аталмыш іс-әрекеттер жоғары білімнің Қазақстан Республикасы ұлттық инновациялық жүйесіне кірігуіне бағытталған - осыны ел Президентінің саясаты мақсат тұтады.

Алайда, ғалымдар құрылған технопарктердің тек төрттен бірі ғана табыстылар санатына қосылады деп есептейді. Сөйте тұра оларды құрып, дамыту үшін ондаған жылдар уақыт кетеді. Әр кезде ғылыми техникалық қуаттылық концентрациясының жаңа бірлігін жасай отырып, мамандар әлемдік тәжірибеге сүйеніп, қандай да бір моделін таңдайды. Салынған қаражат пен үмітті ақтаған эталонды технопарктер барлық елдерде кездесе бермейді.

Технопарктердің дамуы және олардың жұмысының іске асуы бойынша шетелдік тәжірибеге сүйенетін болсақ:

1. Америка Құрама штатында технопарктер тарихы 50-ші жылдардан бастау алған, сол кездері Стэнфорд университетінің (Калифорния) ғылыми паркі ашылған. Инновациялық инфрақұрылым нысандарын дамыту жөніндегі тәжірибе көрсеткендей, АҚШ-та мемлекеттік шарттар негізінде ғылыми зерттеу және өндірістік әлеуеттің өзара әрекетінің практикасы байқалады. Америкалық технопарктердің басты ерекшелігі олардың университеттерімен және мемлекеттік зерттеу орталықтарымен тығыз байланысы болып табылады. АҚШ-тың келешегі зор технопарктеріне ҒЗТКЖ өткізуге, персоналды оқыту мен біліктілігін арттыруға, мемлекеттік шарттарды алу үшін конкурстарға қатысуға, ғылыми зерттеулер мен зерттемелерге арналған жабдықтарды сатып алуға жан-жақты қолдау көрсетіледі, түрлі салықтық жеңілдіктер ұсынылады.

2. Жапонияда технопарктерді қалыптастыру концепциясының негізі - бұл 30% мемлекеттік қаржыландыру, 30% - муниципалитеттер, 30% - кәсіпорындар мен жеке тұлғалар, 10% - шетелдік инвесторлар. Технополистер, 28 технопарктік кешендер (зерттеу «өзектері») елдердің бәсекелестік артықшылықтарын арттырып, экономиканың инновациялық технологиялық жағынан алға басып озуын қамтамасыз етті.

3. Франциядағы технопарктердің ерекшеліктері технопаркке кіретін компаниялар қызметінің ақырғы өнімді жасауға бағытталғандығы, яғни, қолданбалы сипатта екендігі және тек 30% ғана түбегейлі зерттемелерге берілгендігі болып табылады.

4. Ирландиялық технопарктер үлгісінде мынадай оң сәттерді атап көрсетуге болады. Еуроодақ қаржысын технопарктерді қаржыландыру үшін пайдалану, тар шеңберлі мамандандыру (IT-технологиялар), мемлекеттің PR-белсенділігі, IT-салада тапсырыстар алу үшін мемлекеттік кепілдіктерді ұсыну.

Университеттер ең алдымен мемлекеттік бюджеттен қаржыландыратын түбегейлі зерттеулерді жүзеге асырады. Жеке сектор жаңа, перспективалық ҒЗТКЖ-ды айналысады. Оның үстіне, жеке сектор ҒЗТКЖ-ды университеттер мен ғылыми-зерттеу институттарынан сатып алады. Мемлекет пен жеке сектор арасындағы мұндай ынтымақтастық білім және ғылыми зерттемелер алмасудың маңызды механизмін көрсетеді. Бұл мемлекеттік білім мен ғылыми зерттеу жұмысын өнеркәсіптікпен соңғысының мүддесіне қарай байланыстырады. Финляндия технопарктердің негізгі өңірге жаңа жұмыс орындарын ашу мен инвестицияларды тарту арқылы қолдау көрсету болып табылады.

Олай болса, біздің еліміздегі инновациялық белсенділіктің төмен болуы технопарктердің санының өспеуіне және құрылғандарының жұмыс белсенділіктерінің қарқын алмауына себеп болып отыр.

Мәселен, көптеген аймақтық технопарктер инновациялық жобалардың болмауынан осы бағыттағы жұмыстарды жүзеге асырумен емес, қарапайым дәстүрлі өндірістік жобаларды орындаумен шектеліп жүр. Оған ғылыммен айналысуға талпынысы жоғары білікті маман кадрлардың тапшылығы, технопарктерді дамытуға жеке сектор тарапынан жұмсалатын қаражаттың жеткіліксіз деңгейі, венчурлық қорлардың белсенділігінің төмендігі, отандық жоғары оқу орындарының жанында ғылыми-зерттеулермен

айналысатын технопарктер санының тым аз болуы, жаңа технологиялық әзірлемелер нарығының конъюнктурасы жайлы ақпараттың болмауы, қызметі шикізатты өңдеуге бағытталған технопарктердің қалыптаспауы сияқты мәселелер кері ықпал етуде. Қазіргі уақытта бұл мәселелердің барлығы да өзінің ғылыми шешімдерін табуды қажет етіп отыр.

Бүгінгі таңда Қазақстанда 50-ден астам бизнес-инкубатор қызмет етуде. Алайда, олардың көбі инновациялық сипаты жоқ, тек кәсіпкерлік ортаға икемді шағын кәсіпорындарды дайындаумен және оларға қызмет көрсетумен айналысуда, яғни, еліміздегі технологиялық бизнес-инкубаторлар өзінің мақсатты жұмыстарымен шұғылдана алмай отыр.

Мұның барлығы мынаған алып келді, яғни, қазірдің өзінде үкіметте ұлттық орталықтарды, технопарктерді бизнес-инкубаторларды дамытуға бөлінген қаражатты меңгерудің төмен нәтижелігі байқалады. Бірінші кезекте инновациялық жобаларды жүзеге асыру кезінде инновациялық жүйені жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз ету, отандық ғылымды дамыту мәселелері туындайды.

Қазіргі жаһандану жағдайында алдыңғы қатарлы іргелі ғылымы, озық технологиясы бар мемлекеттер ғана әлемдегі дамыған елдер қатарына кіре алады. Сондықтан ғылымның, техниканың дамуының басым бағыттарынан үлкен стратегиялық мәні бар ғылыми-техникалық кешендер іске асырылуы қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. «Инновациялық қызмет туралы» 2002 ж. 3 шілдедегі №333-ІІ Қазақстан Республикасының Заңы.
2. 2010-2014 жылдарға арналған үдемелі индустриалдық-инновациялық даму бойынша мемлекеттік бағдарламасы 1 шілде 2010 ж.
3. «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қорының мәліметтері.
4. «Егемен Қазақстан» Республикалық газетінің мәліметтері.

Резюме

Особенности развития инновационной деятельности в Республике Казахстан

Б.А. Бакирова, старший преподаватель

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

В статье рассматриваются инновационные условия и перспектива развития экономики Республики Казахстан. В этой статье представлены инновационные состояние и перспективы развития экономики Республики Казахстан. В настоящее время бурное развитие мировой экономической системы и создание эффективного производства высокотехнологичных продуктов и технологий, связанных с его использованием.

Ключевые слова: бизнес-инкубаторы, технопарки, инновационные центры, инновации и технологии.

Summary

Features of innovative activity development in the republic of kazakhstan

B.A. Bakirova, senior lecturer

(Almaty, Kazakh State Women's Pedagogical University)

The article discusses the innovative conditions and prospect of development of economy of the Republic of Kazakhstan. The article considers innovative conditions and prospects for the development of the economy of the republic of kazakhstan. This article presents the innovative state and prospects for the development of the economy of the republic of kazakhstan. Currently, the rapid development of the world economic system and the creation of an efficient production of high-tech products and technologies associated with its use.

Keywords: business incubators, technology parks, innovation centers, innovations and technologies.

ӘОЖ 796.50

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТУРИЗМНІҢ ТҰРАҚТЫ ДАМУЫ

*Д.К.Жақсыбекова, аға оқытушы
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті)*

Аңдатпа: Мақалада Қазақстанда туризмнің даму жолдары қарастырылған. Туризмнің дамуы көлік, сауда, коммуналдық және тұрмыстық қызмет, мәдениет, денсаулық, ақпарат салаларымен тығыз байланысты. Туризм – экономиканың басым салаларының бірі. Туризмнен түсетін табыс мұнайдың кірісінен кейінгі екінші орында. Туризм – демалысты, бос уақытты өткізу, спорт, мәдени-танымдылық және табиғат пен қатынасты сипаттайтын осы заманғы экономика инфрақұрылымы салаларының бірі. Келу және шығу туризмінің дамуы туристік қызмет саласындағы ең маңызды мәселе болып табылады.

Түйін сөздер: туризм, бизнес-тур, қорық, ескерткіштер.

Туризм географиясы ғылым ретінде экономикалық және әлеуметтік географияның бір саласы болып есептеледі. Зерттеу объектісі-рекреациялық-туристік жүйелер, ал зерттеу тақырыбы-туризмнің территориялық ұйымдастырылуын, яғни туризмнің территориялық жүйелерінің дамуы мен орналасуын зерттейді. Туризм географиясын кешенді зерттеулеріне табиғаттық, экономикалық-әлеуметтік және техникалық ұйымдастыру мен басқару кіреді. Осыған байланысты туризм үш емдеу (санаториялық-курорттық), денсаулықты түзеу және спорттық пен танымдық бағыттарда дамиды. Туризм географиясы - белгілі бір территорияның туризмге қолайлылығы, сол территорияның шаруашылық кешені құрылымына туризмнің ықпалы, туризмнің дамуы және орналасуына байланысты территориялық өзгерістерді зерттейді. Туризмнің дамуы көлік, сауда, коммуналдық және тұрмыстық қызмет, мәдениет, денсаулық, ақпарат салаларымен тығыз байланысты. Қазақстан Республикасының «Туризм туралы» Заңына сәйкес (тамыз, 2001 жыл) туризмдік қызмет атқаруға туристік сапарлар мен саяхаттар ұйымдастыру, әр түрлі туристік қызмет атқару, туристік тауарлар шығару және өткізу жатады. Осыған байланысты ұлттық туризмді мемлекеттік басқаруда мынадай мақсаттар қойылған:

- туризмді дамытуда бірыңғай саясатты іске асыру;
- туризмнің материалдық және ғылыми-техникалық базасын құру;
- сыртқы экономикалық және коммерциялық байланыстарды жүзеге асыру;
- туризмнің мемлекеттік немесе жеке меншіктік түріне қарамай, барлық туристік ұйымдардың жұмыстарын қолдап, ретке келтіру;

- туризм саласына мамандар дайындау, мамандардың біліктілігін арттыру;

1993 жылы Қазақстан Республикасы Дүниежүзілік туристік ұйымның мүшесі болды, 1993 жылы ҚР туризмін дамытудың ұлттық бағдарламасы қабылданып, мұнда 12 басымдық туристік аймақтардың даму жоспары жасалынды. Бұл тұрғыдан Қазақстанда туризмді экономиканың дамыған саласына айналдыруға барлық мүмкіндіктер бар.

Бүгінгі таңда, келу туризмін ынталандыру мақсатында туристік қызметті экспорттаумен айналысатын фирмалар мен ұйымдар ҚҚС-ты төлеуден босатылған, сондай-ақ арнайы экономикасы тұрақты мемлекеттердің туристеріне визалық рәсімдерді жеңілдету бойынша жұмыс жүргізілуде. Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 29 желтоқсандағы №231 Жарлығымен Қазақстан Республикасында туризмді дамытудың 2007-2011 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы қабылданды. Аталған Бағдарламаның негізгі мақсаты-сырттан келушілер туризмі және ішкі туризм көлемін арттыру есебінен мемлекет пен халық кірісінің тұрақты өсуін, халықты жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету үшін бәсекеге қабілетті туристік индустрия құру болып табылады. Дүние жүзі экономикасында туризм басты ролдің бірін атқарады. Бүкіл әлемдік

туристік ұйымның көрсеткіші бойынша туризм дүние жүзі ұттық жалпы өнімнің оннан бір бөлігін, 11 пайыздан астам халықаралық инвестицияны құрайды, әлемдік өндірістегі әрбір 9-шы жұмыс орны туризм саласына тиесілі. Қазіргі таңда Қазақстанда әр түрлі меншіктегі 713 фирмалар мен агенттіктердің саны жылдан жылға өсіп келе жатыр. Туристік фирмалар мен агенттіктердің құрылу және орналасуы демалыс пен туризмнің алғышарттары: табиғат жағдайы, рекреациялық ресурстар, әлеуметтік-экономикалық, тарихи-этнографиялық, тарихи-мәдени, т.б. факторларға байланысты. Сондай-ақ туризмді дамытудың индикаторлары: қонақ үйлер мен мейрамханалар, денсаулық сақтау саласындағы қызмет, демалыс пен ойын-сауықты, мәдениет пен спортты ұйымдастыру жөніндегі қызмет, турист саласындағы білімді мамандар, туристік тасымалдау көліктері, қоғамдық тамақтандыру кәсіпорындары, туризм саласын дамытуға бөлінген қаржыларға, индикаторлардың даму деңгейіне, орналасуы мен территориялық ұйымдастыруына байланысты болып келеді.

Қазақстанда туризмді дамытуда төмендегі негізгі басымдық бағыттарда жұмыстар жүргізілуде: мінәжәт ету туризмі, экологиялық туризмі, сауықтыру туризмі, балық-аң аулау туризмі, тарихи туризмі. Туризм тікелей және жанамалы түрде экономиканың 32 саласы мен елдің инфрақұрылымының дамуына тигізетін әсері мол сала. Қазақстан Жер аумағы кең, табиғаты сұлу, тарихи-мәдени ескерткіштерге бай ел. Орман-тоғай, тау-тасы, өзен-көлі мол қазақ жерінде туризмнің барлық түрін ұйымдастыруға болады. Туризмнің қай түрін болса да емдеу-сауықтыру туризмі, теңіз туризмі, альпинистік туризм, аңшылық, оның ішінде ұлттық (бүркіт, қаршыға, тазы), таулық туризм, балық аулау, су жолдары және ат көлігі арқылы туристік маршруттар, тікұшақ арқылы экскурсиялар, этникалық және археологиялық-тарихи туризм, ғылыми, діни, кәсіпкерлік, мәдени-этнографиялық, коммерциялық, жанұялық туризм, танымдық спорттық және бизнес-тур сияқты салаларын дамытуға барлық мүмкіндіктер бар. Сонымен бірге Қазақстанда экологиялық туризмді дамытудың мәні зор. Мысалы, түрлі ойын-сауық орталықтар, сауықтыру-шипажайын ашып, аңшылық, экологиялық, орнитологиялық туризмді жетілдіруге әбден болады. Бұған қоса, еліміздегі қорық аймақтары жанынан саябақ салып, мәдени-тарихи ескерткіштер орналасқан жерлер мен көне қалалар орнында археологиялық қазба жұмыстарын жүргізіп, «аспан асты мұражайларын» ашуға да болады. Өйткені, қазба байлығына бай, табиғаты көркем Қазақстан осы күні шетелдік туристерді қызықтырып отыр. Тарихи-этнографиялық туризмді дамытуға да үлкен мүмкіншілік бар. Елімізде 27 мыңнан астам тарихи-этнографиялық объектілер бар, оның ішінде Қарахан, Айша-биді, Бабаджа-Хатун (Тараз қаласы маңайы), Жошы-хан, Алашахан (Орталық Қазақстан), Қожа Ахмет Яссауи, Арыстан-бап (Түркістан қаласы) кесенелерін, ежелгі қалалар орны Отырар, Баласағұн, Сайрам, т.б. Соңғы жылдары Қазақстанның табиғаты көркем аймақтарында туристік базалар, барлық облыс орталықтарында комфортабельді туристік кешендер ашылды. Шетелдік және отандық туристерді мынадай маршруттар қызықтыра алады: Ұлы Жібек жолы, Қазақстан Орта Азия, Космотур (Байқоңыр), Семей полигоны, Арал теңізі, қорықтар мен қорықшалар (экологиялық туризм), таулық туризм (Тянь-Шань, Алтай таулары), Жетісу шеңбері (Алматы облысы), Алматы қаласы маңайы, аң және балық аулау маршруттары (сайғақ, қабан, қасқыр, түлкі, арқар, т.б.), діни маршруттар (Түркістан), сонымен бірге салалық арнайы маршруттар (аграрлық, өнеркәсіптік, саудалық, ғылыми, мәдени, т.б.). Қазақстанды халықаралық деңгейдегі туризмнің орталығына айналдыруымыз керек. Табиғаты тамылжып, таулары аспанмен астасып жатқан, көлемі жағынан әлемдегі алғашқы ондыққа кіретін сулы да нулы Қазақстан жері - туризмді дамытуға таптырмас мекен. Тек көзін таба білсек болғаны, бұған дейін мұнайлы мекен танылып келген еліміз желіп жүрген саяхатшыларды магниттей тартатын туристік аймақ болып шыға келетіні айдан анық. Қазақстандық туристер көбінесе Қытай, БАӘ, Корея Республикасы, Ресей, Германия, Түркия елдеріне туристік сапар шеккен. Ал басқа елден келуші туристер

үлесінде Ресей, Қытай, Германия, Корея Республикасы, Пәкістан, Польша, Түркия басым. Бұл мемлекеттердің үлесінің жоғары болу себебі – туристік жолдамалар мен ұшақ билеттерінің бағасының арзандауы әрі онда туристердің сауда-саттық жасауына қолайлы. Қазақстанда туризм индустриясының нашар ұйымдастырылуы - ішкі туризмнің нашар дамуымен байланысты. Көптеген отандастарымыз елдің басқа өңірлеріне тек жұмыс бабымен немесе туыстарын көріп қайту үшін ғана барады. Ал демалу аймағын таңдау кезінде мүмкіндігінше елден тысқары жерге шығуды жоспарлайды. Себебі, халықтың көпшілігі Қазақстанның қай жерінде толыққанды демалатын орындар барын білмейді, қызмет көрсету саласының мүлдем төмендігінен солай жасайды және демалыс бағасының шетелдегідей қымбатқа түсетінін білетіндер одан да сол теңіз жағалауы бар елдерге қыдырғанды дұрыс санайды. Қазақстан халықаралық туризмді ірі туристік нысандарды салу арқылы дамытуды көздеп отыр. Отандық туризмді дамыту жұмысы екі негізгі бағдарлама бойынша жүргізілуде. Біріншісі Қысқы Азия ойындары өтетін 2011 жылға дейін есептелсе, екінші бағдарлама елімізде ірі туристік орталықтардың құрылысын көздейтін 2030 жылға дейін қарастырылған. Еліміздің туристік саласын дамытудың 2030 жылға дейінгі бағдарламасына сәйкес республикада Бурабай туристік орталығын, Ақтау сити, Каспий бойындағы қалашықтар және Қапшағай қаласындағы болашақ қаласын салу жоспарланған. Отандық туризм саласын дамытудың тағы бір оңтайлы жолы – «Ұлы Жібек жолы» халықаралық туристік жобасына қатысу. Бүгінде елімізде 876 туристік компания тіркеліп, әлемнің 90 елімен байланысын орнатқан. Осылардың тек 25 пайыздайы ғана елге тікелей туристер тартумен айналысады.

Туризмнің дамуы бірінші кезекте саяхаттауға ыңғайлы жерлердің пайда болуына қатысты. Осы тұрғыдан алғанда Қазақстанның мол мүмкіндігі бар деп есептеледі және әлемдік туризм нарығының биігіне көтерілуі мүмкін. Туризмнің дамуы Қазақстан экономикасына үш түрлі бағытта көрсетіледі:

1. Шетелден тікелей қаржы құйылады.
2. Экономикадағы төлем балансы мен экспорттық саудаға жағымды әсер етеді.
3. Халықтың жұмыспен қамтылуына септігі тиеді.

Қазақстан туризмінің дамуы оның туристік-рекреациялық потенциалына әлі де сәйкес келмей отыр. Оның басты себептері:

- Қазақстан халқының әлеуметтік-экономикалық жағдайы;
- туристік базалардың инфрақұрылымының (сервистік тұрғыдан) әлемдік стандартқа сай келмеуі;
- халық шаруашылығы саласы ретінде үкімет тарапынан қолдау таппауы, қаржыландыру мәселесі;
- туризм туралы ғылыми жұмыстармен айналысатын ғылыми мектептердің жоқтығы;
- туризм саласында мамандар мен кадрлар дайындау жүйесінің өз деңгейінде дамымауы;

Туризмнің дамуын тежейтін жайдың бірі-туристі тартатындай инфрақұрылымның жоқтығы. Бүгінде туристік нысандарға апаратын жергілікті маңызы бар жолдар біраз жөндеуден өтіп жатыр. Алайда, еліміздегі қайсыбір туристік нысандарға және ландшафттарға апаратын автокөлік жолдарының әлі де сын көтермейтіні жасырын емес. Қазақстанға келген турист кез келген уақытта кез келген транспорт түрімен еліне аттана алмайды. Таңдауы шектеулі. Кез келген саяхатшының ұлан-ғайыр жеріміздің о шеті мен бұ шетін түгелімен аралап шығуға мүмкіндігі бола бермейді. Уақытының көбін жол үстінде өткізіп алады. Осыған орай, бүгінгі таңда, елімізде транспорттық қызмет түрлерін дамыту қолға алынып жатыр. Туризм жарнама арқылы өркендейтін бизнес. Сала мамандарының мәліметі бойынша біздің елді сыртқа насихаттайтын ақпараттық-жарнама қажет.

Бүгінде көптеген адамдардың күнделікті тұрмысынан орын алған, «XXI ғасырдың көрінісі» атанып оырған туристік сервис индустриясы өзінің мемлекеттік қазынаға қосқан экономикалық салымы бойынша химиялық өнеркәсіптен алға озып, автокөлік салаларымен теңесті. Ол әлемдік жалпылама өнімнен 10 пайыз үлесін алады, жұмыскерлердің алып армиясы мен ірі қаржыларды жұмылдыруда. Еліміздің туристік-рекреационды потенциалына негізделген шаруашылық, өндірістік және әлеуметтік қызметтердің сан-қырлы, күрделі жүйесін білдіретін туристік қызмет индустриясы, адамдардың бос уақытын дұрыс ұйымдастыруға және қоғамның демалу мен көңіл күйін көтеруге деген сұранымын жан-жақты қанағаттандырып, еңбек ресурстарын жұмылдыру қабілеттілігімен халықтың тұрмыс деңгейін көтереді. Туристік қызмет индустрия кәсіпорындарының шаруашылық қызметтеріндегі оңды өзгерістерге қарамастан, сырттан кіру туризмінің күрт төмендеуі, шетелдіктерді қызықтыра алатындай табиғаты мен тарихи-мәдени орталықтарына бай Қазақстанда заманға сай туристік қызмет инфрақұрылымын құру және істі жоғары дәрежеде ұйымдастыруды қолға алу қажеттілігін көрсетеді. Қазақстанның табиғи-рекреационды потенциалына өзінің аумағы, түрлілігі және қайталанбастығы бойынша теңесетін ел әлемде табылмас десек қателеспейміз.

ӘДЕБИТТЕР ТІЗІМІ

1. Балабанов И.Т., Балабанов А.И. Экономика туризма: Учеб. пособие. - М.: Финансы и статистика, 2001.-176 с.
2. Багатов А.П. и др. Туристические формальности: Учеб. пособие/Багатов А.П., Бойко Т.В., Зубрева М.В.-М.: Академия, 2004.-304 с.-(Высшее профес. образование)
3. Биржаков М.Б. Введение в туризм: СПб.: Герда, 1999.-192 с.
4. Биржаков М.Б. Введение в туризм: Учебник.-Изд.7-е, перераб. И доп.- СПб.: Герда, 2005.-448 с.

Резюме

Устойчивое развитие туризма в Казахстане

Д.К.Жаксыбекова, старший преподаватель

(г.Алматы, казахский государственный женский педагогический университет)

В статье рассматриваются пути развития туризма Казахстана. Развитие туризма, транспорта, торговли, коммунальных и бытовых услуг, культуры, здравоохранения, информации тесно связанных отраслей. Туризм является одной из приоритетных отраслей экономики. Во-вторых только нефтяные доходы от туризма доходов. Туризм - отдых, досуг, спорт, культурный, образовательный и описание характера и послания этой современной инфраструктуры является одним из секторов экономики. Регистрация и развитие туризма является наиболее важным вопросом в сфере туристических услуг.

Ключевые слова: туризм, бизнес-туры, сохранившиеся памятники.

Summary

Sustainable tourism development in kazakhstan

D.K. Zhaksybekova, senior lecturer

(Almaty City, Kazakh State Women's Pedagogical University)

The article examined ways of developing tourism in Kazakhstan. Development of tourism, transport, trade, municipal and consumer services, culture, health, information of closely related industries. Tourism is one of the priority sectors of the economy. Secondly, only oil revenues from tourism revenues. Tourism - leisure, leisure, sport, cultural, educational and description of the nature and message of this modern infrastructure is one of the sectors of the economy. Registration and development of tourism is the most important issue in the sphere of tourist services.

Keywords: tourism, business tours, preserved monuments.

ӘОЖ 371.035.6

С 24

ЖАСТАР ПАТРИОТИЗМІН ЖАҢА ТАЛАПТАРҒА САЙ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

*Р. С. Саурбаева, аға оқытушы
(Алматы қ., Қазақ мемлекеттік қыздар
педагогикалық университеті)*

Аңдатпа: Мақалада өткен тарихымызды саралай келе қазақ патриотизмінің болмысын жаңа талаптарға сай қалыптастыру мәселелері қарастырылған. Қазақ патриотизмін жаңа талаптарға сай қалыптастыру үшін, өткен тарихымызға мәнді іс-әрекеттерімізді саралай білуіміз қажет. Ата-анадан қалған аманаттық парындарды орындау әрі сол дәстүрді жалғастыру патриотизмінің мәні болмақ.

Түйін сөздер: жастар, патриотизм, ұлттық, тәуелсіздік, Қазақстан.

Қазақстан студент-жастарын жаңа кезеңдегі патриоттық сана-сезімдерге тәрбиелеу және қалыптастыру өзекті мәселе. Тәуелсіздік үшін күрескен қазақ ханы Абылай, Алаш қайраткерлері: Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Шоқай және басқа ойшылдардың рухани мұраларын терең зерделеу қажеттіліктері туындап отыр. Осы негізде жалпы ұлттық мүдделерді дамыта отырып, бүгінгі Қазақстанның рухани дамуының біртұтастық идеясын өмірде басшылыққа алу керек. Өзімізді тану білу арқылы біріккен ұлттық элитаны қалыптастыруға талапты күшейту керек.

Тәуелсіз елдің – тәуелсіз санасы, философиясы болуы қажет. Бұл патриотизмнің еркін дамуының жетекші идеялары қатарына жатады. ХХІ ғасырдың бас кезіндегі Қазақстандық патриотизмнің ахуалына көңіл бөлген орынды мәселе. Қазақ халқының тарихи болмысын ғылыми тұрғыдан ашу арқылы біздің патриот халық екенімізді әлемге таныта білгеніміз абзал. Ұлттық патриотизмнің идеялық құндылықтарына: имандылық, адамгершілік, қайырымдылық, мейірімділік, намысқойлық, махаббат, батырлық, адамға деген сүйіспеншілік және т.б., ұғымдар жатады. Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың стратегиялық бағдарламасында ұлттық идеяның даму жолдары терең қорытылған. Тәуелсіздік жылдары жарық көрген Елбасының Қазақстан халқына жолдауларының да бүгінгі және келешек Қазақстандық патриотизмнің қалыптасуының теориялық және методологиялық негіздері аталған. Демек, осы тұғырнамалы дәйектер мен қағидаларды ұғыну және зерделеу арқылы қазақстандық біртұтас патриотизмді қалыптастыруға мүмкіндіктер ашылады.

Жалпы «Қазақстандық патриотизм» және «Ұлттық патриотизм» деген ұғымдардың ара жігін ажырата білген жөн. Жалпы Қазақстандық патриотизм әртүрлі ұлттардың ерекшеліктерін саны жағынан ғана қосу арқылы қайта туысқан халықтардың ортақ тағдырларынан туындайтын олардың органикалық бірлігі ретінде қалыптасады. Демек ол республиканы мекендейтін барлық этностық қауымдастықтар өкілдерінің өмір сүру және ойлау бейнесіндегі ең үздік дейтін сипаттарын бойына сіңіріп тұрады. Осы орайда Елбасы Н.Ә.Назарбаев Қазақстан халқына жолдауында: «Біз Қазақстанның барлық халқына азаматтарының отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз» деген тұжырымын байыппен түсінуіміз қажет. Ойшыл философ Гельвеций: «Ата мекенге деген сүйіспеншілік бүкіл әлемге деген сүйіспеншілікпен сыйысып тұрады. Білім шырағына қолы жеткен халық осы өз көршілеріне залал келтірмесе керек» - деген еді.

Олай болса жалпы Қазақстандық патриотизм республиканы мекендейтін барлық этностық қауымдастықтар өкілдерінің қанына сіңген қасиет болуы тиіс. Яғни, атамекенге деген сүйіспеншілік, бүкіл әлемге деген сүйіспеншілікпен тең болуы керек. Жаңа мезгілде тұлға болып қалыптасудың рухани шарттары осы құндылықтардан бастау алады.

Егер қазіргі кезде біз жаһанның қандай елін жақсы біліп қадірлесек, оны біз сол елде болып жатқан істерді, сапалы заттардың қорытындыларына қарап айтамыз. Сондықтан да егер біз елімізді және жерімізді сүйсек, онда әркім ең алдымен осы елдегі атқаратын өз ісін жоғары дәрежеге жеткізуі қажет. Бұл біздің әрқайсымыздың осы елдің азаматы және маман есебінде атқаратын ісіміздің сапалылығы – отансүйгіштіктің ең үлкен көрсеткіші болып табылады.

Адамзаттың ортақ үйі – Жер екені белгілі. Осынау ортақ үйде жанымызға жақын киелі де қасиетті бір мекен бар ол – Отан. Жалпы адамзат баласының өмірінің құндылығы оның өмір сүріп отырған ортасына байланысты болғандықтан, оның өмір сүретін ортасы – Отаны. Отан адам баласының кіндік қаны тамған жері, ең алғашқы жұтқан ауасы, алғаш қадам басқан жері және бостандықта өмір сүру ортасы.

«Патриотизм» гректің «patris» - Отан деген сөзінен туындайды, яғни, «Отанға деген сүйіспеншілік» ұғымын береді. Осы мағынада алатын болсақ, Қазақстандық патриотизм қазақ еліне сүйіспеншілік деген сөз.

Ұлттық патриотизм ұғымының тарихи қалыптасуы намысшылдық, қайсарлық, батырлық, еліне деген сүйіспеншілік қасиеттері арқылы көрініс табады. Өткен тарихымызға, оның қатпар-қатпар қойнауына көз салсаңыз қазақ хандығы құрылып, қазақ елі болып қалыптасқалы бері, жерімізге сайын даламыз бен айдынды шалқар көлімізге көз алартушылар қай заманда да аз болған жоқ. Қазақ қазақ болғалы, қабырғалы жұрт атанып қанат жайғалы бері жері үшін, оның әрбір тасы үшін қан майданнан көзін ашқан емес. Және қазақтың патриоттық әнұранына айналған жыры халқының рухын жігерлендіріп, енді құлдыққа құрық салдырмайтын өр мінезді ұлт екенін дәлелдейді.

Қазақ патриотизмінің болмысын оның тәуелсіздік алған жылдар тарихымен сабақтастыра жүйелесек – жаңа сапада, жаңа мәнде көрініс береді. Қазақстандағы бүгінгі саяси – рухани жағдай көп ұлтты қазақстандықтарды республиканы өсу жолына бастайтын «Қазақстандық патриотизм» сезімін дұрыс қалыптастырып, тәрбиелеуді талап етеді. 120-дан астам ұлттар мен ұлыстар өкілдері тұратын Қазақстан олардың барлығының басын біріктіру, достық қарым-қатынастардың тұрақтылығын қамтамасыз ету, шиеленісті мәселелерді төзімділікпен, ымырашылықпен шешуге қол жеткізу оңай іс емес.

Қазақстандықтардың күш – жігері, ниет – тілегі Қазақстан Республикасының тәуелсіздігін нығайтуға бастайтын маңызды әлеуметтік-саяси фактор – Қазақстандық патриотизм орнықтыруға жұмсалмау. Сондықтан Қазақстандық патриотизмді жан – жақты уағыздау, еліміздің әлеуметтік топтарының ой – санасының, дүниетанымының құрамдас бөлшегіне айналдыру әр азаматтың әлеуметтік саяси позициясы ету ұлттық идеологияның ең түйінді міндеттерінің біріне айналуға тиісті. Біздің көзқарасымызша Қазақстандық патриотизм – республиканы мекендейтін ұлттар мен ұлыстардың рухани құндылықтарының ортақ игілікке айналдырудың құралы болып келеді. Елімізде тәуелсіздік жариялаған шежіресі осы пікірімізге айқын көз жеткізді. Қазақстандық патриотизм жалаң ұран, сөз қуарлықтың жиынтығынан ада болуы тиісті. Себебі, әлеуметтік әділетсіздіктің, принципсіздіктің орын алған жерде халықтың патриоттық сезімін оятатын фактор жойылады. Сондықтан, біздің ойымызша, қазақстандық патриотизмнің дәстүршілдік және жаңашылдық сипатына айрықша назар аударып отырған абзал. Патриотизм кеше – бүгін пайда болған ұйым емес. Оның да әр халықтың тағдыр – тәлкегіне орай өту жолы, өзіндік белесі болғаны мәлім. Дәстүршілдік сипатын тілге тиек еткенде осы жағына назар аудару керек. Бұл мәселе жайында Республика Президенті Н.Ә.Назарбаев «Қазақстанның болашағы қоғамның идеялық бірлігінде» деген еңбегінде: «Біздің тағы бір аса маңызды идеологиялық міндетіміз қазақстандық отан

сүйгіштікке тәрбиелеу, әрбір азаматтың өзін - өзі айқын білімін қалыптастыру» – деп айтады. Демек, қазақстандық патриотизм Қазақстан азаматының өзін осы елде төл баласы, нағыз азаматы ретінде сезінгенде ғана Қазақстанның туған елі, Отан деп есептеген жағдайда ғана қалыптасады.

Қазақстандық патриотизм елдің нағыз патриоттарын қалыптастыратын құбылыс. Сондықтан, біздің ойымызша патриотизм жүйесі өзара байланысты үш мәселеден тұруы керек, патриоттық ұғым, патриоттық қатынас, патриоттық қызмет. Бұл түсінік болмыстың нақты мәнін түгелдей қамтиды және Қазақстандық патриотизм ұғымын неғұрлым толық айқындауға логикалық негіз қалайды.

Қазақстан жастарының бойына патриоттық сезімді қалыптастырудағы ең бірінші негіз – Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туына елтаңбасы мен әнұранына ерекше құрметпен қарауды, мемлекеттік символдарымызды шын ниетімен қадірлеуді және басқалардан осыны талап етуді санасына сіңіру. Отанды сүйе білу, сол Отанның өмір сүруінде басшылыққа алатын негізгі принциптер мен заңдарды құрметтегенде, орындағанда ғана нағыз мәнге ие болады. Отанды одан әрмен көркейтуші рухани факторлардың біріне айналады.

Қазақстандық патриотизм сезімі, екіншіден ел азаматының туған отанды қорғауға дайын болуына байланысты. Бейбіт өмірде – мен Қазақстан мемлекетінің патриотымын, мен елімді, жерімді сүйемін деу оңай. Көп адамдардың осы патриотизмді өзінің жеке басының пайдасына, қызмет бабына пайдаланатыны шындық. Ал жүректен шыққан саналы сезімнен туындаған патриотизм сын сағаттарда көрінеді. Қазақстанның әр жас азаматы өзіне жүктелген Отан алдындағы борышы мен парызын жан – тәнімен сезінуі қажет. Онсыз Қазақстандық патриотизм болуы мүмкін емес. Бүгінгі ұрпақ қазақ этносының ұзақ та ауыр тарихи жолдан өтіп, тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің жеке шаңырақ көтеру жолында зор қасиеті іс істеп кеткенін бір сәт естен шығармауы керек.

Үшіншіден, Қазақстандық патриотизм Қазақстан тарихына, мәдениетіне, өнеріне, тарихи ескерткіштері мен жалпы рухани заңдылықтарына құрмет және мақтаныш сезімі жағдайында қалыптасуы керек. Қазақстан азаматы өзін Республиканың рухани дүниесінің құрамдас бір бөлшегі ретінде сезінгенде оның сыйлауы, туған топырағын қадірлеуі нығая түседі. Бұл өте терең құбылыс. Қазақстанның рухани қазынасы ғасырлар бойы жинақталған шығармашылық мұрасын игеру, қазақ халқының ауыз әдебиеті, ауыз әңгімелері, аңыздық дәстүрлері, әсіресе, батырлық эпосын білу, ұғыну жүрекпен сезіну қазақстандықтарды Отанын сүйуге жетелейтіні, үйрететіні шындық құбылыс.

Саналы патриот Қазақстан тәуелсіздігін баянды ету тәуелсіздігін баянды ету қазақстандықтардың елін, жерін, табиғат байлықтары мен материалдық-мәдени байлықтарын қорғауға байланысты екенін үнемі естен шығармауы керек. Байлықтары мен территориясы талан-таражға түскен елде келешек жоқ. Мұндайға жол бермеу азаматтардың Отанға деген сүйіспеншілігінің патриотизмнің болмауы деген сөз. Сондықтан қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу барлық қазақстандықтарды Отанды қорғауға дайын болуға тәрбиелеу. Сонда ғана елде келешек болмақ. Елін сүйетін, елін қорғайтын азаматтарсыз елде, жерде жетім болатынын әр қазақстандық терең түсінуі тиіс.

Қазақтар өз мемлекетінде жетекші рөл атқара алып отыр. Алайда өзгенің тілімен басқаруда. Ұлттық құндылықтар, мемлекеттік тіл мәселесі қозғалса біз өзге ұлттардың тыныштығы жайлы көп айтамыз. Әрине әлемдік өркениетке ілесу үшін ағылшын тілін білген дұрыс, бірақ өз тілін білмеген, өз ұлтының құндылықтарын мойындамаған ұрпақтан не қайып? Жер сатамын деп халқына топырақ шашып, сырттан абырой іздегендер, ұлт мүддесін қара басының қамымен шатастырып жүргендер жоқ емес.

Бұл бүгінгі кейбір қауымның бұрын - соңды болмаған жаңа дүниетанымдық принциптерінің қалыптасып келе жатқандығын білдіреді. Мұндай теңсіздіктен аулақ болу үшін рухани дүниеміз тегісінен ұлттық сипаттама болуы керек. Бұл жөнінде атақты ғалым, профессор А.Х.Қасымжанов былай деген: «Жалпы алғанда бір халықтың өмір сүру

жағдайын, заңдылықтарын, тәртібін екінші бір халыққа телу деген төте бір ауыр, қиын құбылыс. Көнеден келе жатқан мынадай бір сөз бар: өзіңе жат әдет-ғұрыптарды қалай болса солай қабылдай беруге болмайды». Геродот тарихта сақтардың өзге елдің әдет-ғұрып, салт-дәстүрлерін қабылдауға қарсы болғанын атап көрсетеді. Оған дәлел Апархасистің бауырының қолынан қаза табуы. Біздің түрік бабамыз Тоныкөк өзі Қытай білімін ала тұра «өзге халықтардың құндылығын қабылдауға болады, бірақ ол үшін өз әдет-ғұрыпңды сақтай отырып, өзге елдің әсеріне түсіп кетуден аулақ болу керек» деген екен.

Қазіргі қазақ қоғамындағы басты қайшылық батыстың рухани құндылықтарын екшеусіз, талдаусыз қабылдау әлеуметтік өмірде кеңінен орын алуда. Осының барлығы сайып келгенде ұлт рухының, менталитеттің әлсіреуіне, әлжуаздығына әкеліп соғады. Адамзат баласының даму тарихында қазақ үшін үлгі боларлықтай елдер мен мемлекеттер жеткілікті. Соның бірі жапон халқы. Олар бізге қарағанда батыстың технологиясы мен материалдық құндылықтарын тез қабылдап, рухани, мәдени, бірлігі мен ішкі тазалығын сақтай білді, мазмұндық жағынан өз келбетінен айырылмады.

Нарық заманында батыстың технологиясын бүркеніп мәдени, діни, ағымдар тосқауылсыз, кедергісіз ортамызға саналап кіріп жатыр. Демократия жалауын жамылған миссионерлер ұлттың рухани айдынында тайраңдауда. Ұлт Рухының тазалығын қалта мен қараған бос қамынан жоғары қойғымыз келсе, бұл мәселелерге қарсы қояр рухани күшіміз елжандылық, патриотизм, ұлтжандылық, еліміздің басты критерийі - өз тілін, рухани құндылығын сақтау. Өзге мемлекеттермен терезесі тең, өркениетті ел боламыз десек ұлттық идеологиямызды айқындап, сара жолға салып, ұлт ретінде сақталуымыз үшін ана тілімізді өз тағдырына қондыруымыз қажет. Ол үшін өзгенің жеңісіне масайрамай, өзіміздің тіл мәдениетімізді көркейтіп, әрбір азаматтың жүрегіне елжандылық, патриоттық сезімді жете жеткізіп, ұл-қызымызды елін, жерін, Отанын сүйуге, жарды мақтан тұтуға тәрбиелеу. Біздің Отан-ана алдындағы перзенттік парызымыз.

Сонда ғана тәуелсіздігіміз баянды болып, болашаққа нық сеніммен қарауға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Назарбаев Н.Ә. Тарих толқынында. Алматы: Атамұра. -1999. - 99 б.
2. Алматы ақшамы. №131. 2003. Рухани тәуелсіздік жыршысы.
3. Жас алаш. Терең философия дінге бастайды. № 79. 2003.
4. Алматы ақшамы. Барлық бәсекеге төтеп берудің кепілі. № 98. 2004.
5. Изтаева В. Қазақстандық жастар патриотизмін қалыптастыру //Жас ғалымдардың қазіргі кездегі ғылыми еңбектері: Жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының материалдары. //Астана. 2006. 70 бет
6. Борбасов С. Тәуелсіздік танымы // Ақиқат. 1995. № 12. 17-22 бб.

Резюме

Формирование молодежи патриотизма отвечают новым требованиям

Р. С. Саурбаева, старший преподаватель

(г. Алматы, Казахский государственный женский педагогический университет)

Особой ценностью в данный период является формирование национальной идеи. Национальная идея известный феномен в истории человечества. Национальная идея является отражением национального бытия, охватывающая противоречивые процессы, происходящие в обществе.

Формирование патриотизма в условиях глобализации одна из важных проблем современного общества.

Ключевые слова: молодежь, патриотизм, национальная независимость, Казахстан.

SUMMARY

The formation of youth patriotism meet the new requirements

R.S.Saurbaeva, senior lecturer

(Almaty, Kazakh State Women's Pedagogical University)

That is why the problem of patriotic feelings of citizens of Republic of Kazakhstan, patriotic upbringing of our generation is actual today. Youth is the future of our society, and our society and statehood depend on them. A special value in this period is the formation of a national idea. The national idea is a well-known phenomenon in the history of mankind. The national idea is a reflection of national existence, embracing contradictory processes taking place in society. The formation of patriotism in the context of globalization is one of the important problems of modern society.

Key words: youth, patriotism, national independence, kazakhstan.

ӘОЖ 9(с) 55 P201

ҚАЗАҚ ФОЛЬКЛОРЫНДАҒЫ ДӘСТҮРЛІ ӘДЕТ-ҒҰРЫПТАР ЖӘНЕ ДҮНИЕТАНЫМ МӘСЕЛЕЛЕРІ

С.Ж.Рамазанов, магистрант

(Алматы қ., әл-Фараби атындағы

Қазақ ұлттық университеті

Г.М.Шешенханова, оқытушы

Алматы қ., №13 Кәсіптік лицей)

Аңдатпа: Мақалада қазақтардың аса тартымды фольклордағы әдет-ғұрыптар және дүниетаным мәселелеріне шолу жасалды. Қазақ фольклорының ән түрінің қазақтың салт-дәстүрін бейнелейтіндігі баяндалған. Қазақ фольклорын зерттеушілердің еңбектеріне сипаттама берілген. Фольклор туындыларын дерек ретінде пайдалануға болатындығы туралы қорытынды жасалған.

Түйін сөздер: Қазақ фольклоры, әдет-ғұрып, дүниетаным, қазақ әндері, дерек көздері.

Қазақ фольклорын этнографиялық дерек ретінде қолдану үшін, біріншіден, оның методологиялық мәселелерін қарастыру қажет. Фольклорымыздың халық өмірімен, күнделікті тіршілігімен, өткен тарихымен, мыңдаған жылдар бойы қалыптасқан сана-сенімімен, дүниеге көзқарасы біте қайнасканы соншама, оның халықтың бүкіл тұрмыс-тіршілігінен, тарихы мен сана-сезімінен тұтастай қалпында ажыратып алу былай тұрсын, иненің ұшымен шұқылап отырып, босатып алу – бос әурешілік. Иненің ұшына ілінген түйнек-түйнек бөлшектерді қанша ұқыптылықпен қайта құрастыра білгенімізбен, қаны-сөлі бар фольклорлық тұтас организмді қайта тірілту ешкімнің қолынан келе қоймас. Фольклортану ғылымының әу бастан-ақ этнография, тарих ғылымымен тығыз, етене байланыста болғандығының басты себебі де осы болар.

Фольклордағы этнографиялық мәселелердің бастауы түркі халықтардың бірлестігімен, Алтын Орда дәуірі, ноғай кезеңімен, қазақ хандығының құрылуымен тығыз байланысты. Қазақ ұлтының фольклоры ауызша дамып, ХІХ ғасырдан бастап жазбаша жинақтала бастады.

Еліміздің тәуелсіздігіне дейін фольклорлық деректердің көбінің жарық көрмей, зерттелмей қалуына Кеңес үкіметінің идеологиясы мен партияның кереғар қаулылары әсер етті. Ал, еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдарда тарихымызды тереңдей зерттеп, ұзақ жылдар бойы айтылмай келген мәселелерді ашық айтуға, өткен оқиғаларға

жаңа ұлттық-тарихи көзқарас тұрғысынан баға беруге мүмкіндік туды. Осындай жаңа көзқарас тұрғысынан көрсетуді талап ететін аса маңызды мәселелердің бірі- Қазақ фольклорындағы дәстүрлі әдет-ғұрыптар және дүниетаным мәселелері.

Қазақ ұлтының тарихи дерек көздер қатарына барлық ауызекі таратылған, қазақтың ұжымдық жадында сақталған, тарихи шығармалар жатады. Тарих ғылымында бұл дерек көздер осы күнге дейін өте сирек қолданылды. Қазақ ұлтының фольклорындағы мәселелер қазіргі таңға дейін филология, лингвистика, әдебиет тұрғысынан зерттелуде. Фольклордағы этнологиялық деректер типологиясын этнографиялық жағынан зерттеп қиыстыру қиындау болмақ. Біздің ғылыми жұмысымызда фольклордағы этнологиялық деректер типологиясын шаруашылыққа байланысты әдет-ғұрыптар мен наным сенімдер және үй-іші әдет-ғұрып өлеңдеріндегі салт-дәстүр және дүниетаным аясында қарастырамыз. Қарастырылып отырған мәселе қазақ ұлтының фольклорындағы дәстүрлі әдет-ғұрыптар және дүниетаным мәселелерін тарихи, археологиялық және этнографиялық ұлттық ой санамен зерттеудің алғашқы тәжірибесі болмақ.

Зерттеушілер жалпы қазақ фольклорының алғашқы типологиясын түркі халықтардың фольклорлық материалдарымен тарихи салыстырмалы зерттеулер арқылы жүргізген. Фольклор шығармаларының әрбір жанрына тән өзгешеліктерді көне мұра ескерткіштерін зерттеу арқылы ғана саралап зерттеп сипаттауға болады. Қазақ фольклорында үй-ішіндегі әдет-ғұрып, неке, жерлеу салты және төрт түлікке байланысты әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлер негізі, археологиялық деректер зерттеулерінің нәтижелері көрсеткендей неолит дәуірінен басталған. Халық туындылары тек ауыздан ауызға ауызша жетіп отырған. Ерте дәуірде туындаған дүниелер бертін келе жазбаша қағаз бетіне түсіріліп ата-бабамыздың қалыптастырып кеткен салт-дәстүрлері, тұрмыс салт жырлары ұрпақтан-ұрпаққа сабақтасып жеткен. Қазақ фольклорының типологиясын алғаш жасаған фольклор танушы ғалымдар Р.Бердібаев, Б.Уахатов, Б.Адамбаев, Е.Тұрсынов, С.Қасқабасов, тағы басқа біраз ғалымдар бар.

Негізінен фольклорлық ескерткіштер жақындығы заңдылықтарын анықтай отырып, ауыз әдебиеті шығармалары түрлі факторлар әсерінен құралатыны анық. Сондықтан фольклордағы этнологиялық деректердің типологиясын фольклортанушы ғалымдардың тұжырымдамасына сүйене отырып екі типке бөлуге болады.

1) Қазақ фольклорындағы шаруашылыққа байланысты әдет-ғұрыптар мен наным сенімдер.

2) Үй-іші әдет-ғұрып өлеңдеріндегі салт-дәстүр және дүниетаным.

Біздің пікірімізше, осылайша бөліп қарастырсақ қате болмас деп негіздейміз.

Ә.Қоңыратбаевтың «Қазақ фольклорының тарихы» атты еңбегінде «Ертеде Қазақстан жерін мекендеген сақ, массагет, хұн, үйсін, жужуан, сәнби, көк түріктер және қарахандар дәуірі, IX – X ғасырдағы оғыз – қыпшақ мәдениеті, Алтын Орда кезіндегі деректер, эпостар сол дәуірлердің нанымдары, әдет-ғұрыптары мен салт – санасы қазақтың мифологиялық ертегілерінен айқын көрінеді» - дейді [1, 40 б.]. Қазақ фольклорындағы этнологиялық деректерді жіктеу негізін сәби өлеңдерінен бастаған орынды. Қазақ халқының дәстүрлі тәрбие ісін дамыту үшін балалар фольклорындағы өлеңдерді қазіргі күнде жандандырған жөн деп санаймыз. Себебі, бала тәрбиесі бүгінгі күнде емес, сонау ерте кезден қолға алынған мәселе.

От басында баланың дүниеге келуі үлкен қуаныш. Қазақ халқы өмірге жаңа адамның келуіне орай үй ішілік мейрам тойдың бірі шілдехана. К.Матыжановтың «Қазақ фольклорының тарихылығы» атты ұжымдық монографияда «Балалар фольклорының этнографиялық бастаулары» атты еңбегінде нәрестенің дүниеге келуі және шілдеханада сәбиге арналған өлең жырды былай келтірген:

Қуанып, қан жүрегім қақ жарылып,
Қасірет басымдағы қалды арылып.
Ұл көріп, ұлы дүбір той жасаймын,

Атқан соң, маңдайымнан таң арылып - деп баланың ата-анасының ұлды болған қуанышы өлеңмен білдірген [2, 274 б.]. Балаға байланысты көптеген ырым сөздер бар мысалы: Сәбиді қолына алып отырған адамның үстіне ол сиіп қойса «құт келеді ал, баласы жоқ адам болса, «кішкенелі боласың», әйтпесе «балаң көп болады екен» деп жұбатып ырымдайды [3, 216 б.]. Б.Ерзакович өз еңбегінде «Бөбек» әнін шілдехана тойында айтылатынын жазады. Бұл өлеңде:

Балдырған бөбек,
Аймалап анаң
Адал жан адам,
Өсірген ерек.
Ай шын батыл жүрек,
Өсетін үрдеп.
Болашақ, құрал,
Бөбегім сен –жас түлек.
Ақпейіл жарқын
Іс пенен қарқын.
Жан-жақты білім.
Алсын деп бүгін

Күтеді халқын! - деп жаңа босанған ана мадақталып баланың жолы болып, оған үміт артатыны жырланады [4, 15 б.]. Қазақ қоғамында шілдеханадан басқа сәбиге байланысты салт бесік жыры, уату, ырыми, тұсау кесер өлеңдері мол екендігіне көзіміз жетіп отыр. Осы дүниелерді жарыққа шығарып жас бүлдіршіндерді қазақтың тәрбиелі мағыналы өлеңдерімен тәрбиелеген жөн. Фольклордағы этнологиялық деректер типологиясын этнографиялық жағынан жіктеу қазақтың неке салты және оның халық өлеңдерімен байланысы. Адам өміріндегі ендігі бір жауапты кезең өзіне өмірлік жар тауып, жеке шаңырақ көтеру. Қазақ халқында үйлену тойына байланысты орындалатын көптеген жөн-жосықтар, әдет-ғұрыптар бар. Х.Арғынбаев алғашқы қауымдық құрылыстағы ең көне семья формасы топты некеге негізделгеніне тоқталған. Ондағы некелер тобы рулар ішіндегі бірімен-бірі тұтас ұрпақтар жігімен бөлінетін. Айталық, бабалар мен әжелер әкелер мен шешелер, балалар тобында ағалы-қарындас бола тұра некелес болатын. Семья тарихында бұдан кейін даму сатысында топтың некенің ішінде жұп семьяның қалыптаса бастауымен, яғни, қандас туысқандар арасындағы некелесу ғұрпына тыйым салынуына байланысты болған. Осының нәтижесінде алғашқы қауым ішінде бірімен-бірі некелеспейтін «ағалы-інілер», «апалы-сіңлілер» топтары қалыптасады да, тағылық дәуірдегі топты неке біртіндеп ығыса отырып оның орнына жұп семья дүниеге келеді [5, 25 б.]. Неке жайлы зерттеп жүрген ғалымдар қазақ халқы арасында өмір сүрген некенің негізгі формасы дара неке, яғни, моногамия деп атайды. Біз зерттеп отырған қазақ фольклорында от басының тағдырына, жас буынның өсіп өнуіне, мұратқа жетуіне немесе солардың арман-қайғысына байланысты өлеңдер көптеп саналады. Қазақтың неке салты және оның халық өлеңдері тереңнен философиялық тәрбиемен байланысты. Қазақ фольклорындағы неке салтына байланысты халық өлеңдерін этнография тұрғысынан зерттеуіміз қажет, себебі, қазіргі қоғамдағы некені сақтау үшін жастардың ой санасындағы батыстық түсініктен арылтуға негіз қалауға тиіспіз.

Қазақтың неке салтының өткені мен бүгінгісін сипаттайтын мақал-мәтел, жар-жар, беташар, сыңсу, көңіл айту және жоқтау ел аузынан жазып алынған мәліметтер баршылық. Қазақтың неке яғни, үйлену салтына байланысты тақиямен қоштасу, той бастар өлеңдеріне тоқталамыз. Тақиямен қоштасу сыңсу өлеңіне ұқсас мұнда да қыз тағдырына көңісі келмейтіндігін, тілегімен санаспай еріксіз ұзатып отырған әкесіне өкпелі екендігін зарлы өлеңмен сыртқа шығарған. Әйел бас киімін кигізудегі жеңгесі болғандықтан өлең соған қаратылып айтылған.

Тақиямды алмашы,

Басыма шәлі салмашы.
Тақиям ауыр деуші едім,
Оданда ауыр шәлі арттым.
Бозторғай неге болмадым,
Босағама қонбадым?
Аямаған жан әкем
Қасыңа серік болмадым.
Базардан алған сары асық,
Жүруші едік жарасып.
Айналайын, жан жеңгем,

Қайда да кеттім адасып-деп жас қыз өзінің сырын осылай жырлаған [6, 73 б.]. Тойбастар қыз ұзату тойында да, сонымен қатар келін түсіру тойында да айтылады. Кез келген істің басталуы, оны ұйымдастырушысы болатыны сияқты, әрбір ғұрыптың да басталуын ұйымдастырушысы болған. Осы тұрғыдан тойбастарда қалыңдық пен күйеу жігіт, олардың ата-анасы мен туысқандары мадақталады және жаңа үйленген жастарға бақыт пен ақ тілек тіленеді. Тойбастарды жыршы ақын, немесе шешен, аузының ебі бар кісі айтады. Ал, тәңірлік дінде тойбастарды бақсылар, абыздар атқарған және ислам дінінде қожа-молдалар атқарған. Той бастар тойды жасап жатқан той иесінің жағдайына қарай айтылған және той бастаған кісіге жырдың мазмұнына байланысты ат, жібек шапан немесе ақшалай сый береді. Әрине, ұлан-асыр той жасап, ат жарыстырып, атакты ақындарды әкелу – бай, дәулетті адамдардың қолынан келеді. Тойбастарды қазіргі таңда тойдың соңынан айтады, ал негізінен ол басында айтылған. Х.Досмұхамедов үйлену тойында тойбастарды халық көп жиналған жерде жолы бойынша белгілі бір рудың немесе атаның ақыны айтады дейді [7, 17 б.]. К.Матыжановтың «Қазақтың отбасылық ғұрып фольклоры» атты докторлық диссертациясында той бастардың мәтіні мазмұны және оны қалай басталу заңдылықтарын көрсетеді. Мысалы, тойбастар ең алдымен былай басталады деп өлең жолдарымен келтірген:

Ассалаумағалейкум, жиылған топ,
Бұл тойға тағдыр айдап келіппіз деп.
Болыпты жұрт көрмеген бір ұлы той,

Таң қалып қарағандай жерменен көк,-деп сәлемдесе отырып той бастаушы, той жасаушыны өзінде көрсете отырған. Г.Ж.Болатованың «Қазақтың үй іші әдет-ғұрып өлеңдері» атты кандидаттық диссертациясында Қазақтың үйлену салты және некеге байланысты бөлімінде қыз үйінде орындалатын тойбастар жайлы былай түсіндіре отырып қалыңдықтың қайғысы алысқа аттанып бара жатқанын, құрбы-құрдастарын қимай бара жатқандығын төмендегідей суреттейді:

Ақ отау шетке тіксе жылайсыңыз,
Әкемнің сыйлағаны осы ма-ай деп.
Үстінде төсегіңнің әкең жылар,
«Алланың ақ бұйрығы осылай», - деп.
Алдында саба аяқтың шешен жылар
«Қыз» қылып әлпештеген басым-ай», -деп
Егіліп сен жылайсың «Елім-ай», -деп,
«Құрбылас ойнап-күлген теңім-ай», -деп.
Елжіреп жүрек-бауыр шешен жылар
«Ашыған тар құрсағым белім-ай», -деп.
Мінгенде ат үстіне досың жылар
«Біздерді кеткен тастап шыны ма-ай», -деп.
Ойларсың бір күн жатып, екінші күн,
«Оң жақта ойнап өскен күнім-ай», -деп [6, 60 б.].

Сонау сақ, үйсін, ғұн кезінде басталған құдаласу салт-дәстүрлері болғандығын ғұн

ханшасы Шижүнның үйсін гуньмосы Елжау биге тұрмысқа шығып төркінін сағынып айтатын «Аққу» деп аталатын әні «көрісу» сол кезде бастау алған.

Мені ұзатты әлемнің бір жағына,
Алыстағы жат елге-үйсін ханына.
Дөңгелек үй, туырлық там орнына,
Ет жеп, айран ішеді ас-суына.
Туған жерді сағынып, сарғаямын,
Аққу құс боп қайтсам деп ауылыма [8, 73 б.].

Қазақ қоғамында тағыда дүниеге келгеннен кейінгі және дүниеден қайтқаннан кейінгі аралықта әдет-ғұрып, ырым, жоралғылары халық арасында көп. Адамзат саналы ғұмырға жетіп, өмірдің мәніне ой жүгірте бастаған сәттегі алдынан шыққан ұлы жұмбақтың бірі-өлім. Осы тұрғыдан қазақтың жерлеу салты-халқымызда көне заманнан келе жатқан салт-дәстүрі. Адам қайтыс боларда немесе қайтыс болғаннан кейін молданы алдырып, ислам діні аясында Құран жолын білетін кісіге иманын айтып отырады. Әрине, өлген адамды о дүниеге аттандыру мен оның артын күтудің әлем халықтарының өмір салтында қалыптасқан жөн-жосығын санамалап түгендеп шығу мүмкін емес. Абай Құнанбаев айтпақшы:

«Туғанда дүние есігін ашады өлең,

Өлеңмен жер қойнауына кіреді денең» - деп өлген адамға арнайы өлең жолдарымен жоқтаулар айтылған. Жерлеу салтына байланысты өлеңдер оның шығуын Ә.Марғұлан ежелгі көшпелі тайпалардың тіршілігіндегі «патриархал қауымының әлеуметтік тұрмысы, жора-жосыны, өлікті қадірлеумен байланысты және өлеңдер кәдемен байланыса отырып дәстүрлері – қоштасу, естірту, жоқтау, аза тұтып қайғыру, жылау, қадірлеп шығарып салу, басына белгі орнату, ас беріп, той жасау, сойыс қылу, арыздасу бәрі ерте темір дәуіріндегі сақ, ғұн, үйсіндерден бері қарай қазақ пен қырғыз халқына жеткен тарихи жоралар жерлеу өлеңдер кәдемен байланысады дейді [9, 36 б.]. Қазақ ұлтының жерлеу салтында көңіл айту өлеңі бар. Көңіл айту кейде естіртумен бірге келеді. Ауыр хабар жеткен кезде құр қайғыны қана айтып қоймайды, қазақта бауырмалдық, туыскандық, жан күйерлік негізінде, соның емі сияқты айтылады. Көңіл айтудың үстінде бұрынғы би сияқты қариялар, көбінесе дүниенің баянсыздығы туралы, тіршілікте адам басына неше түрлі өзгеріс, жаңалықтар келетіні туралы өзінше терең пікір, толғаулы сын айтады. Дүниеде бір халден өзгермей тұратын тұрақтылық жоқ, бүтіндігін мәңгі сақтап тұратын тұрақтылық жоқ. Көңіл айтқан тоқтау түрде: «Қанаты бүтін сұңқар жоқ, тұяғы бүтін тұлпар жоқ, жапырағы бүтін ағаш жоқ, бауыры бүтін алаш жоқ» деген сияқты толғаулар бүкіл дүние адамзат баласын мәңгілік емес екенін келтірген [10, 35 б.]. Қазақ ұлтындағы жоқтау дәстүрі анау ерте заманда басталған десек қателеспейміз. Бұлай айтудың себебі: Алтай өңірінен табылған сақ кезеңіне кемер белдіктегі бейне мынандай мәлімет береді. Терек түбінде екі еркек бір әйел. Әйелге қарама-қарсы малдас құрып отырған еркек. Ал, еркекке қарап отырған басында шошақ сәукеле камзол киген әйел. Екінші ер адамның жалтыр басын әйел адам ұстаған. Бұл көрініс алып қашу да немесе шаршап шалдығу да емес. Мұндай сырды «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» эпосынан іздеу жайлы мәлімет беруші археолог Бекмұханбет Нұрмұханбетов және Ә.Марғұланның еңбектерінде берілген жырдан Баянның Қозысын жоқтап тұрғандығын аңғаруға болады.

Жатырмысың-ай, жалғызым, жер бауырлап,
Қарға жүнді қамыс оқ оны ауырлап,
Құдай қосқан қосағың Баян келді,
Тұра кетсең нетеді күліп-ойнап [11, 54 б.].

Қазақ халқы өзінің ұзақ тарихында діни наным-сенімдерді басынан өткерген. Қазақ фольклорында көрініс тапқан наным-сенімдерді бәдік, жарапазан қарғыс сөздерден байқауға болады. «Наным-сенімдер ғұрпының фольклоры» деген еңбегінде Болатжан Абылқасым

306 қарғыс сөздерді қарастырған. Еңбектегі қарғыс сөздер былай келеді.

№305 қарғыс сөзден
Қора-қора қойларың,
Құмырсқа боп шақсын.
Табын-табын сиырларың,
Жылан боп шақсын.

№306 қарғыс сөзден
Орта жасқа келгенде шешек шықсын.
Құжы болып, өне-бойыңа кесек шықсын.
Әйелің де сол кезде қайтыс болсын,
Шипа бермей, шешегіңнен ірің шықсын
[3, 189-190 бб.].

«Жетіссең де жер жемісін жеті аса» дегендей қазақ халқы тек мал шаруашылығымен айналыспай жер өңдеумен де айналысқан. Оған археологиялық қазба жұмыстары дәлел бола алады. Мысалы: Сауран, Отырар, Тараз, Баласағұн қалаларының маңайында ескі арықтардың ізі әлі байқалады. Байқап қарасақ, өте ескі заманда да, қазаққа ислам діні әсерін әлі жая алмай тұрған кезде, егін атасы Шығыр, Шынар деп сиынған. Діқаншылық пен айналысып «Алла» - аты шала таныс болып жүргенде егін аталарына былай сыйынған.

Шығырдың түп атасы-Әлі шынар,
Шығырға сиынбасаң шығыр сынар.
Шығырға әлімнен сиынсаң
Қашанда егін бітіп, көңіл тынар [12, 9 б.].

Бір кездері жабайы аңдарды ұстап, үй түлігіне айналдырған шаруаларды халық төрт түлік малдың «пірі» деп ұғынып, алғашқыда ұстап баққандарын құдайлары санап, солар жайында түрліше аңыздар тудырып отырған. Қазақ ұлтының фольклорындағы мал шаруашылығына байланысты әдет-ғұрыптар мен наным-сенім мәселелері осы уақытқа дейін егжей-тегжейлі зерттелді. Қазақ ұлтының ғұрыптық фольклоры оның өткендегі өмірін, тұрмыс-тіршілігін, әдет-ғұрпын, салт-санасын, дүниетанымын, арман-мүддесін т.б. мәселелерді жан-жақты бейнелейді. Қазақтың төрт түлікке байланысты әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлер негізі, археологиялық деректер зерттеулерінің нәтижелері көрсеткендей неолит дәуірінен басталған. Халық төрт түлік малдың төлін анасы қалай сүйсе, адам да солай сүйе білуге тиіс деп, қозы, лақ, құлын, торпақ, ботақан, қойшы, құс жөнінде түрлі өлеңдер тудырып келген. Төрт түлік малдың иелері Шопан, Қамбар, Ойсылқара, Зеңгі баба деп тілек тілеп табынып антропологиялық мифтерді тудырды. Сонымен әйел бедеулігін емдеу үшін төрт түлікті қолданған. Садуақас деген бақсы әйел бедеулігін толық емдеу үшін, төрт түлік малдың төрт түрін алып келіп, үйдің ішіндегі ауруға есік арқылы қолын беріп, былай өлеңдеткен:

Төрт түлік мал төлім-ау,
Пірлерінді шақыршы!
Қамбар – ата қауымы-ау,
Пірлерінді шақыршы.
Шопан-ата қауымы-ау,
Пірлерінді шақыршы.
Зеңгі-баба қауымы-ау,
Пірлерінді шақыршы.
Ойсыл-қара қауымы-ау,
Пірлерінді шақыршы.
Тарқұрсаққа тағылған,
Белден соққан бес шайтан.
Албастының қанынан,
Перілердің жолынан,

Арылтсаңшы жаным-ау,-деп бақсы әйелді төрт жыл ішінде балалы болатынын айтып төрт түлікті өзімен алып кетеді [13, 53 б.].

Сонымен, қорыта айтқанда Қазақ халқының дәстүрі наным-сенімдері, көптеп таралған. Қазақ ұлтының әдет-ғұрыптары мен наным-сенімдері мал шаруашылығымен тығыз байланысты өрбіген, қазақ фольклорында қай ертегі, аңыз, әңгімелерін алып қарасаңда халық тұрмысының ішкі дүниесіне сәйкестендіріліп құрылған. Қазақ ұлтының адамгершілік туралы халықтың нақылдары дәстүрлі-салтымен, өзіндік ерекшелігімен сабақталып келе жатыр. Қазақ ұлтының дүниетанымы кез келген зерттеуші маманды қызықтырады, тарихпен сабақтасып жатқан дүниені тану үшін қазақ фольклоры құнды материалдар болып табылады. Осы дүниені зерттей отырып ұлттың даналығын тануға болады. Осы тұрғыдан алып қарағанда аталмыш тақырып әлі де болса толық зерттеуді қажет ететін мәселе болып табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. - 288 б.
2. Қазақ фольклорының тарихылығы. – Алматы: Ғылым, 1993. -328 б.
3. Абылқасым Б. Наным-сенімдер ғұрпының фольклоры. – Алматы, 2004. - 223 б.
4. Ерзакович Б. Песенная культура казахского народа. – Алматы: Наука, 1966. – 192 б.
5. Арғынбаев Х. Қазақ халқындағы семья мен неке. – Алматы: Ғылым, 1973. - 326 б.
6. Болатова Г. Қазақтың үй іші әдет-ғұрып өлеңдері. ф.ғ.к. дисс. - Алматы, 1993. - 139 б.
7. Досмұхамедов Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991-176 б.
8. Мыңжан Н. Қазақтың көне тарихы.-Алматы, 1994. - 400 б.
9. Марғұлан Ә. Шоқан және Манас. – Алматы: Жазушы баспасы, 1971. - 164 б.
10. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. - 240 б.
11. Марғұлан Ә. Ежелгі жыр – аңыздар – Алматы: Жазушы, 1985. - 368 б.
12. Шонанов Т. Қазақ жер мәселесінің тарихы. – Астана: Алтын кітап, 2007. - 27 том.
13. Төлеубаев Ә. Т. Реликты до исламских верований в семейной обрядности казахов (XIX в нач. – XX в.). - Алматы: Ғылым, 1991. - 214 б.

Резюме

Казахский фольклор о традиционных обычаях и перспективы

С.Ж.Рамазанов, магистрант

(г. Алматы, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби)

Г.М.Шешенханова, преподаватель

(г.Алматы, № 13 профессионально-технические училище)

В данной статье рассматриваются вопросы типологии в казахском фольклоре как этнологического источника. В статье исследованы обычаи, обряды и традиции казахов, связанные с фольклором. Проанализированы песни связанные с бракосочетанием жар-жар, тойбастар, похоронные и ритуальные песни. А также в статье исследованы детские этнографические песни «Бөбек», «Шілдехана» и «Тұсаукесер».

Ключевые слова: казахский фольклор, обычаи, мировоззрение, и песни из казахстанских источников.

SUMMARY

KAZAKH FOLKLORE ABOUT TRADITIONAL CUSTOMS AND PERSPECTIVES

S.ZH.RAMAZANOV, GRADUATE STUDENT

(ALMATY, KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY NAMED AFTER AL-FARABI)

G.M.SHESHENKHANOVA, TEACHER

(ALMATY, NO. 13 VOCATIONAL SCHOOL)

In this article the issues of ethno resources of typology in Kazakh folklore are studied. The information about customs and traditions of Kazakhs connected with folklore are investigated. The songs about marriage as zhar-zhar, toibastar, takiyamen koshtasu, ritual and funereal songs

are analyzed. And also in the article child's ethnographic songs «Bobek», «Shildehana» and «Tusaukeser», are investigational related to folklore.